

Мәдін АЙЫМБЕТОВ

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАРЫ



Т О М

Мәди АЙЫМБЕТОВ



ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ



Бес томдық



Т О М

**АЛМАТЫ
2018**

*«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікі жогарылату
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насыхаттау
және мұрагат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру»
багдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
сатып алу, басып шығару және тарату» кіші багдарламасы
бойынша жарық көрді».*

Айымбетов М.

**А 32 Таңдамалы шығармаларының жинағы: 5 томдық. /
Мәди Айымбетов. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2018.**

ISBN 978-601-217-564-6

4-том: **Хикаялтар мен әңгімелер.** – 512 б.

ISBN 978-601-217-634-6

Төртінші томның негізгі мазмұнына 1980-1985 жылдар аралығында жазылып, жарық көрген балалар мен жасөспірімдер өмірінен жазылған «Бар болғаны он төрт жас», «Нәзік жаңғырық», «Ғашық болу бақыты», «Күнекей», «Келге шомылған Ай» және тағы басқа хикаяттар топтастырылған. Қаламгер жас кейіпкерлерінің харakterлерін ете анғарымды тұрғыдан аша отырып, олардың адами болмысының қалыптасу ерекшеліктерін өміршен тартымды оқигалар арқылы көркем әрі шебер өрнектейді. Адам жасының қай кезінде де тән жан-дүниелік толқыныстардың жасөспірім баланың бойына қалайша дарып, қалайша өрбитінін автор иланымды да нақты өрбітеді. Бұл шығармалардың барлығы да жазушының қазақ балалар әдебиетінің бейнесін ашықтауға қосылған айтарлықтай рухани зор үлесі.

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84(5Қаз)

ISBN 978-601-217-634-6 (Т.4)

ISBN 978-601-217-564-6 орт.

© Айымбетов М., 2018

© РПБК «Дәуір», 2018



ХИКАЯТТАР





БАР БОЛҒАНЫ ОН ТӨРТ ЖАС

ҚИЯЛЫМДАҒЫ ПРОЛОГ – ӨЗІМДІ ТАНЫСТАНЫРУ

Мен бүтіннен, не ертеңнен бастап күнделік жа замын.

Мұным әлдекімдерге еліктегенім болмайды. Елік-түшің қажеті не, бәрібір менен ұлы адам шықпайды. Жоғын жуз немесе екі жуз жылдан кейінгілерге менің бүгін жазғандарымның ешқандай да тарихи құндылығы болмайтындығына көзім анық жетеді. Онда мұным жай тана ермек, уақыт өлтіру ғана болар ма еken. Шынымды шашам, осы арасын өзім де білмеймін... Токта, жай ғана ермек дегенге келіспеймін. Мұмкін бұл пайдалы ермек болады? Тағы да сұрақ: «Кім үшін? Өзім үшін бе әлде кепер...».

«Ім-м?..» Тағы да ойлануға мәжбүрмін. Тілімнің үшінша «келер уақыт, кейінгілер» деген сөздер неге үшінші қала береді осы?! Шыныменен-ақ Әділовтың, яғни ономастық келешекте жүргіттың аузында есімі жүретін адам болып қалудан дәмесі бар ма еken?

Жоқ, бұл – қиялым. Күнделігімді әлдекалай оқи кипитпен ұры көздердің иелері (әрине, айналамдағыларды шашамын) менің өз бойыма шақ келмейтін осы сорақы тапк құмарлығымды кешірсін. Әбіл Әділов – бар болғаниң жетінші «А»-ның біреуден озбайтын, біреуден кипмайтын (қай жағынан да), сабагы орташа, тәртібі де келіде орташа, кейде сәл-пәл жақсырақ окушысы. Faфу оттілем, бұл анықтаманы мен сүйікті класс жетекшіміздің



әрбір аптаның соңында сабак кестесі жазылып, баға қойылатын жеке күнделігімнің соңғы парагына тіркеп қоятын жазбаша мінездемелерінің бірінен алып отырымын. Бұл «ақиқатты» жасырып қалуға ешбір айла-дәрменім жоқ. Мұндай мінездемелерді Қаным Нұрмамбетовна менің үйдегі тәрбиеме жауап беретін адамдар үшін, яғни ата-анамның назарына салу үшін жазады.

Өзім жайлы және күнделік жазу ермегім турасында қысқаша айтқанда осылай. Сонымен, жақын күндері жазыла бастайтын күнделік жетінші «а» класының оқушысы Әблі Әділовтың өзі жайлы және өзіне қатысты айналасындағы аз-кем өзгелер жайлы естелік жазбалары деп білініздер.

Ескерту: бұл шимай күнделігімнің келешек мезгілге еш қатысы болмайды. Тағы да қайталаймын, жүз немесе екі жүз жылдан кейін алда-жалда ол күнделік біреуміреудің қолына түсे қалатында жағдай болса, тарихи өте бағалы әлдене таптым деп масайрамасын. Ал жырту, жыртып тастанау жағын өзі білсін. Бұл турасында олай-былай деп ақыл қосуға қақым жоқ.

Күнделіктің ойымдағы прологын осымен тұжыра тұрармын, сірә. Біздерді химия ілімінен сузыннататын Сейден ағайдың көздері менің сабакқа қатыссыз, бөгде бір қиялға беріліп отырғанымды байқап қалған тәрізді. Сезікті көзқарасты ұлғайтпау үшін енді нүкте қоямын да, тотықтарға жалпы қандай қасиеттер тән екенін біліп алмаққа зейін саламын.

ӘБІЛ ӘДІЛОВТЫҢ КҮНДЕЛІК-ЖАЗБАЛАРЫ

Болашақ күнделігімнің қиялдағы прологында өзім және өзіме қатысты айналамдағы аз-кем өзгелер жайлы жазамын деген ойым бар емес пе. Сондықтан да аз-кем өзгелер жайлы әңгімені алдымен үй ішімнен бастағаным

жон болар. Үй-ішім бес адамнан тұрады: атам, әкем, шеңбем, осы күнделіктің иесі және қарындасым. Жас жиғынан, отбасындағы орын-беделі жағынан алғанда өз бісім үй ішіміздің бес мүшесін осындай ретпен тізіп шығар едім. Кез-келген уақытта, кез-келген мәселеде менімен, яғни өзінен табаны күректей екі жарым жас үлкен ағасымен айтыса кетуге, келіспеуге даяр тұратын Гүл (менің қарындасым) тізімдегілердің бұл рет санына, соң жоқ, дау айтады. Бірінші орындағы адамға ол енді дауласа алмайды. Ал екінші орын мәселесінде мен қателескен болып шығамын. Ол үшін атамнан кейін тұратын адам шеңбем, мамамыз. Әйткені қарындасым Гүлдің пайымдауында қай тұрғыдан да апам үй ішінде екінші орындағы әдам болуға лайық. Себебі не деп сұрайтын болсам, оның жауабы дайын: «Себебі, біріншіден, ол – әйел адам», – деген тақ еткізеді. Мұндай жауабына қарағанда, екі жарым жас үлкен мен емес, ол боп шығады. Амал нешік, өзін менен кіші сезінуді Гүл ешқашан да ойна алмайды. Бұл оның бойындағы көп кемшіліктердің бірі ғана.

Әйтеуір, бір тәуірі, кімді қай орынға қою жайлыш қарындасым екеуіміз әлі айтысып көрген емеспіз. Бірақ бұл турасында әнгіме қозғасам, арамызда айна-қатесіз осындай келісімсіздік туатынына көзім анық жетеді.

Сонымен маған отбасындағы туыстық қатысы бар бірінші реттегі басты адам – Атам.

Фамилияның «ов»-ын алып тастағанда қалатын түбірі атамның аты-жөні болып табылады – Әділ...

Ата дегенде көз алдымызға, көп жағдайда, белуарына дейін түсетін аппак, желкілдеген сақалы бар, алпамсадай ірі тұлғалы, қолдары күректей, басына тұлғы тымак, үстіне етегі аяғының ұшына дейін түсетін мол шекпентон киген, қайратты, бәріне құдіреті жүретін қария адам елестейтініне күмәнім жоқ. Менің атамнан осы аталған



белгілердің көпшілігін таба алмайсын. Біріншіден, белуарына дейін түсетін сақал ол кісіде жоқ, болған да емес. Сәл дөңес біткен мұрнының астында аптасына бір рет алақанның аясындай қол айнасына қарап отырып, кішкене іс қайшымен бастырып, ұштарын қызықша етіп қызып қоятын кішкене ғана ак бурыл мұрты бар. Тұлға бітімі жағынан да қария адамға тән әлгіндей стандарттық белгілерге, өлшемдерге жауап бере алмайды. Толықша, тығырышықтау келетін адамдардың бітімі қандай болса, атам да сондай кісі. Тұлқи тымақты қалада қазір, соңғы мода жаңалығы ретінде студент жігіттер мен қыздар киеді. Атам екеуіміз қысты күні киетін құлақшынымыздың размері жағынан ғана айырмашылығы бар, өзге жері білбірдей: қара тысты, қара түсті қоян малақай. Тонды да қазір қаладағы шалдар кимейді, бұл да соңғы моданың жаңғырып түрган жаңалығы.

Көріп отырсындар, атам – сырт кейпі жағынан қария кісіге қойылатын ең жоғарғы деген талаптарға аздал олқы келетін адам.

Ал, ішкі жан-дүниесі түрғысынан келгенде, атам өте тамаша адам. Иә, иә, бір өтірігі жоқ, тамаша адам. Әдеттегі үлкендер сияқты ол өзін еш уақытта жоғары, тәкаппар ұстамайды. Атама салсан, адамдардың жас жағынан да, белгілі бір ортада алатын орны жағынан да үлкен-кішісі жоқ (Мұны дұрыс түсінуіміз керек, тек жақсы адамдар түрғысынан айтып отырмын). Баламен, мәселенки, менімен тең адамша сөйлесе алады. Керек десен маңызды, өте қажетті мәселелер жайында менімен ақылдасатын кездері де жоқ емес.

Атамнан басқамыздың бәрімізде күн ұзағына айналысатын, таусылмайтын, бітпейтін жүйелі істер бар. Әкем – консерваториясында, апам – кейде күндіз, кейде түнде – медициналық жедел жәрдем станциясында. Ал,

Гүл ексуіміз – мектептеміз. Мектептен кейін Гүл гимнастикасымен әуре, мен бассейнге шомылып көп, атамның кішкінде көбірек болуға тырысамын.

Кейде, рас, мектепте сабактан соң маңызды істер пішінураға қалып қоямыз. Мұндай маңызды істер әртүрлі. Отken аптада біздің отрядтың ұсынысы бойынша «Музей алталағыны» өткізу мәселесі қаралды. Бұдан соң бәріміз бір апта бойы сабылып, қаладағы музейден музей қоймай аралап, аяқ тоздырыдық. Музей болғанда дін, қадімгі бәріміз білеттін Алматыдағы орталық, этнографиялық, археологиялық, көркемсүрет немесе шықты жазушылардың музей үйлері сияқты белгілілермен емес, егер мұншама табандылықпен іздемесен, омір бойы білмей өтуге болатын үй басқармалары жиһиндағы, әйтпесе шеткі бір мектептердегі шағын музейлермен танысамыз. Содан соң бәріміз отырып ап, бір ауылдан біздерге де бір музей керек немесе тым құрыса кінкене бір мүйісше ме, бұрыш па, «бірдеме» керек де-ген тұжырымға келгенбіз. Біздің бұнымыздың бір срекшелігі: ол тек қана отрядтікі – жетінші «А» класінікі болады. Бұл үшін «Ерлік даңқы» атты пионерлік жорық жариялайтын боп келістік.

Мектебіміздің жасы – жарты ғасырдан астам. Осы мезгіл ішінде талай шәкірт, бейнелеп айтқанда, білім шарімен сузындал, қанаттарын қатайтып, өмірге түлеп үшті. Біздердің жұмысымыз мынадай бағытта жүретін болады: жарты ғасырдан астам мезгіл ішінде осы мектепте әр жылдары жетінші класта оқығандардың тағдырына, оміріне байланысты деректер, сарғайған көне фотосуреттер, экспонаттар жинау. Сөйтіп, 7 «А» класының бастамасымен отрядтың «Данқ мүйісі» дүниеге келуі тиіс. Жұмыс көлемі адам айтқысыз көп. 7 «б», 7 «в», 7 «г» кластарынан көмек сұрауға да болар еді деген ұсыныстарды



отряд белсенділөр қабылдамады. Ал, белсенділеріміздің, активистеріміздің, жалпы бәріміздің идеялық жетекшіміз, отряд вожатыймыз – тоғызынышы кластық Рауаш Бектасова. Еті тірі қыз. Сабактан соңғы мезгілдерде немесе үзіліс арасында өзінің класында болып жарытпайды. Біздерге бауыры жабысып қалған нағыз фанатик-вожатый.

Оның оң қолы – өзіміздің сүйкімдіміз, бетке ұстарымыз – Лаура Куанбаева, отряд кеңесінің бастығы. Табанды қыз. Жаны нәзік, әдемі қыздардың қатарына жатады. «Төрт» алған күндөрі аса көңілсіз жүреді. Сабакқа қандайлық мықты екенін өздерініз осыдан-ақ түсіне беріңіздер, Отряд алдындағы беделі – Рауаш жоқ жерде «төрт», ал ол барда «бес». Бірақ кластағы Айғатбек, Сауран сияқты кегежектеген «қиындар» еш уақытта, ешбір жағдайда оны мойындал көрген емес. Қапысын тапса, оны қыңыр сөзбен іліп кетіп, мазақ етуге қай-қайсысының да тілі сүйірленіп, даяр тұрады. Ұлардың қатарына, бәлки, Лаура мені де жатқызатын болар. Онда - қателескені. Менің кей-кейде жай күлкі үшін ғана айта салатын қыңыр сөздеріме оның кәдімгідей ыза болғандағы түрін көрсөң гой. Жұп-жұқа бетіне жеңіл ғана қызыл жүгіріп, қаймыжықтай жұқа ернін біртүрлі әнтек, әдемі жымқырып, қонырша, жәудіреген жанарына көңілсіздік көлеңкесі ұялай қалады. Осының бәрі маған сондай әсерлі көрінеді. Тіпті, көңілді жүрген сәтінен де осы кейіпі әсерлі.

Лаура осы сәтте менің өзіне түсініксіз қарап қалғанымнан да қысылып тұратын сияқты. Мұнысын байқатпауга тырысып, әдемі нұрлы көздерін тез аударып әкетеді. Мен де дереу есімді жия қоямын. Ендігәр қыныр сөйлемеуге іштей ант-суымды ішемін. Көп ұзамай бұл анттым есімнен тарс шығып кетеді. Бәрі қайтадан басталады...

Сонымен, атам – қарапайым, тамаша адам. Бұрынғы миілданғер, 2-ші Украина майданында соғысқан. Жаяу жекер полкының сарбазы. Қызыл Жұлдыз ордені және тошын жатқан медальдары бар.

Соғыстан соң кениште, рудникте жұмыс істеген. Қашпир зейнеткер, құрметті демалыста. Әжем дүние салғаппап кейін, ол қалаға, біздермен бірге тұруға келген.

Атам әлдебір оқиғаны есіне түсіреп кезде, «кешегі соғыстан бұрын» немесе «соғыс кезінде» әйтпесе «кениште жүргенде, онда әжең бар» деп бастайды көбіне соғиін. Соған қарағанда, оның өміріне уақыттың осы төрт кешесі айтарлықтай үлкен ізін салғанын байқау киын емес. Ал, қазірде де атамның өмірін елеусіз деуге тағы болмайды. Нан, сұт, ет, тағы да басқа оны-мұны әкелу, шатердің, телефон мен электр қуатының ай сайынғы пікісін төлеу, осы сияқты толып жатқан үйдің ішкі- сыртқы ұсақ шаруаларын тындырудан бөтен де атамның шашалысатын қоғамдық, жауапты қызметі бар. Ол – өмірдің қалалық аудандағы майдан және еңбек ардагерлері кеңесінің мүшесі. Жылына екі рет – 23 акпан және Жеңіс күні қарсаңында ардагерлер кеңесінің салтанатты мажлісі өтеді. Ол күндері атам ескі модамен тігілген су жаңа костюмін киіп алады. Өңірі, әрине, соғыс кезінде жоне бейбіт жылдарда енбегі үшін алған наградалармен сопиденеді. Және міндетті түрде, осы салтанатты күндердің құрметтіне, атам өзі сүмдышқа жек көретін ашқылтым сүлден азырақ ауыз тиеді. «Онсыз болмайды» дейді ол. Кім біледі, ересектер тұрғысынан мұнысы дұрыс та шығар-ау.

Бір ғана атамның өзі жайлы бөлек, қалың бір күнделік жағынша болар еді. Бірақ менен ондай пысықтық қайдан шықысын.

Атам жайлы, біздің отбасының тізіміндегі рет саны бойынша бірінші адам жөнінде күнделіктегі жазбаларым осымен ғана аяқталмайды.



Қазір мен отырған бөлменің есігіне таман үйге киетін кебісін сүйрете басып келе жатқан аяқ алыс дыбысы естіледі. Бұл – әкем. Құнделікті дереу дипломаткамның ішіне сұнгітуім керек!

ӘКЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАЛАНТЫ ШӘҚІРТІ НУКЕН

Әкемнің қызметтен келгеннен кейінгі ең жақсы көретін әдеті – креслоға шалқая жайғасып, газет оку емес, күн ұзағындағы көрген-білген, естігендерін әңгімелеу. Солар жайлы үй ішіндегілермен пікір бөліседі. Үй ішіндегілер болғанда, атам мен апам ғой, мұндай мәселелерден Гүл екеуіміз тысқарымыз, яғни естіп отырсақ та, естімеген сияқты болуымыз керек.

Әкемнің әңгімелері әдетте қызметіндегі өзінің айналасындағылар жайлы болады. Мәселен, музыка өнері саласында әр қылыш дәрежеде ат салысып жүргендердің мінез-құлқы, ісі, адамгершілігі сияқты жайлар.

Бүтін кешкі шай үстінде әкем:

– Әлгі Нүкенді билетін бе едіңдер осы? – деп бастанды әңгімесін.

Нүкенді кім білмейді, дастарқанның басына жиылып отырған төрт көзіміз түгел білеміз. Консерваторияны былтыр бітірген, әкемнің класында оқыған музықант, скрипкашы. Өте талантты, болашағы зор адам (ұстазының, яғни әкеміздің оған берген бағасы).

Атам да, апам да бастарын изеді. Нүкенді білеміз дегендері. Ал, біздердің бас изеуге, білеміз деуге қақымыз жоқ. Өйткені, біз ештең «естіп» отырған жоқпыз.

Сонымен, әлгі Нүкен, бір кездердегі әкемнің сүйікті шәқірті, филармонияда өтетін өзінің авторлық концертіне ұстазын, яғни әкемізді шақыруды ұмытып кеткенге ұқсайды. Себебі? Ұмытшақтығы ма? «Жоқ, ол менде оқып жүргенде тіпті де ұмытшақ емес-тін, елп-елп еткен

шілтесктің өзі болатын, – дейді әкеміз, ызалы, күйіншті үймен. – Оған енді ұстаздың құны – бір-ақ тиын. Ол – грант! Ол – керемет! Оқыт, бар білген-тергенінді қанториаң шығып үйрет бұдан соң осы сияқтыларға?!»

Әкем осы тұста пауза жасап, біздерді, Гүл екеуімізді қатқыл көзқараспен жанап өтеді. Нұкеннің оны авторлық концептіне шақырмағандығына кінәлі дәп бір біздер сияқтымыз. Немесе мұнысы «осы мысалдан өмірлік сабак алындар» дегендегісі ме екен?!

Гүлді білмеймін, өзім әкемнің бұл көзқарасын мулде өлемеген адам боламын. Мен ештеңені де естіп отырғаным жоқ, ештеңені де түсініп отырғаным жоқ. Бұным әкемнің ызасын одан сайын қоздыратынын сеземін.

- Мұндайлардың шығуы – ата-анасының дұрыс іарбие бере алмағандығынан. Иә, солай!

Әнгіме тақырыбының ауытқып бара жатқандығын, сілдігі сөз біздер жайлы, дәлірек айтқанда, мен турасына ауысатынын атам біле қояды да, тамағын сәл кенеп:

- Жүр, Әбліжан, шайға қандық қой, енді манағы мәселені ақылдасалық, – дейді.

Атамның «манағы мәселе» дегені – біздің класс отрядының жүргізетін «Ерлік даңқы» операциясының жайы. Ұлы Отан соғысына қатысқан, мектебімізде оқыған бір замандардағы жетінші кластықтардың есімдерін анықтап, тағдырлары жайлы деректер табу тапсырмасы отрядтағы мен бастаған топқа жүктелгенін айтқанмын атама. Ардагерлер советінің мүшесі болғандықтан, оның бұл жұмысымызға көмегі тиуі әбден мүмкін ғой.

«Ұстазының құнын бір-ақ тиын» деп санайтын Пүкен жайындағы әнгімеге бұдан әрі атам екеуіміздің қатысымыз болмайды. Төргі үйге қарай кетеміз.

Гүлдің мұндайда шайға қанбайтын әдеті бар... Отыра береді. Шыдамсыздығын сездіріп алып, әнгімеге арала-



сып кететін әдептен де құр алақан емес. Міне, қазір де сонысын істеді.

– Әке, мүмкін Нұкен ағай концертіне шақыруды шынымен-ақ ұмытып кеткен шығар. Талантты адамдарға ұмытшақ болу тән нәрсе ғой, мысалы, Эйнштейн...

Гүл әрі қарай ойын жалғастыра алмады. Қамалға соқтықты.

– Үлкендердің сөзіне араласпа дегенді қанша айттым саған?!

Бұл сөзді апам Гүлге өмір бойы айтып келе жатқан болар, сондықтан қанша рет айттылғанын санап шығу қыын.

Тап осы сәтте, тып-тыныш әсерлі кеште әлдеқайдағы филармония залында скрипкаға арналған концерттік шығармаларды тамылжыта орындал отырған Нұкеннің құлағын шулатып жатқан әлгі бір сөздер төргі бөлмеге кірген атам екеуімізге үзік-үзік естіліп жатты.

– Эйнштейнмен салыстыратын адамды тапқан еkenібіз! Талант дейді ғой. Қайдағы лағып жүрген талант оған...

Атамның тағы бір жақсы қасиеттерінің бірі – мұндай әңгімелерге ол кісі араласпайды. Естімеген де, елемеген де адам тәрізді болады. Тура мен сияқты.

Ал, Нұкен ағайдың талантты музыкант екені – дәлелдеуді, пікір таластыруды қажет етпейтін ақиқат қой. Мұны әкемнің өзі де ылғи айтып отыратын. Сондықтан, ол жайындағы ұстазының, яғни әкемнің бүгінгі «пікір» ешкімнің де құлағына кіруге тиісті емес. Мұның барлығы әншайін болмашы реніштен айтылып жатқан сөздер. Бұл мәселе тұрғысында қазір апам мен атам, сөз жоқ, осынданай ойда отыр.

Әкеміз – көңіл-күйдің адамы. Болмашы нәрсе, болмашы жағдайдың жағымды немесе жағымсыз жақтарын ол әр уақытта дабырайтып қабылдайды. Тас-талқаны



шығып, тап қазіргідей өз жанын өзі жейді немесе керісінше – үлкен көздері алаң-құлаң етіп, әрі жасаурап, балаша қуанып, мәз-мейрамы шығады. О, мұндай кезде ол дүниедегі ең мейірбан, жүргегі дарқан адамның біріне айналып журе береді. Үйдің іші оның аузынан шыққан әрбір сөздің нұрлы лебімен маужырап тұрады.

Әкемнің кейбірдегі ренішті көңіл-күйінің салқыны да сондықтан маған онша сезілмей кетеді. Бұл, бір есептен, меніңше жақсы. Ал, мамамның айтуынша, бұл, бір есептен, мүлде жақсы емес көрінеді. Өйткені, мұндай адамдардың достарынан гөрі дүшпандары көп болады сікен. Себебі неге дейсіндер ғой? Себебі тез тұтандыш адамның ашуы оған өзінің таза жан дүниесінің еркінен тыс небір қатыгез, оғаш сөздерді айтқызады. Адам бойындағы ең тамаша, ең ұлы деген қасиеттердің барлық жиынтығын осы төтеннен соғатын жалғыз-ақ қатыгез мінезі құлпарша етеді дейді апам.

Солай болса, солай-ақ та шығар. Бірақ, әкемнің тұрғысында бұған менің көзім әлі жеткен жоқ. Оның достары ете көп сияқты...

Әне, дәліз жақтан телефон безілдеп қоя берді. Абдырап, асығып барып, телефонның тұтқасын әкемнің өзі көтерді.

– Алло, иә, Қасымбысың? Иә, иә, естідім. Бара алмадым (Сірә, Нұкеннің концертіне бара алмағандығын айтып тұр). Жақсы, керемет дейсің бе? Қалай сонда, шынымен-ақ керемет болғаны ғой! Мен жайында айтты дейсің бе... О несі-ай оның, өзі ғой, талант қой туа біткен ол. Бәлі, қызық екен онысы. Қасымда тұр дейсің бс?... Берші өзіне... Нұкенжан, табысынмен, айналайын! Қуаныштымын. Өте тамаша! Бұл сениң алғашқың ғой. Ең маңыздысы да – осы. Лист... Венгр рапсодиясы ма! Керемет!.. Фортепъянода кім? Әлгі Қасымның



өзі ме! Кереметсіңдер, тамашасындар, талантсындар! Паганинидің «Кантабилесін» де ме!.. Қап, мына кереметтерінді көре алмай қалғаным-ай, сүмдық жақсы болған, тамаша болған! Тұқ те емес, менің өзім-ақ баруга тиісті едім ғой, ешқандай шакырусыз-ақ. Қандай керемет күн, ұмытпауымыз керек, түсінесін бе?!! Түү, балалығын-ай осы сенін. Сен кереметсің! Нағыз кереметсің! Соған бола шақырмаганынды өзім де сезгенмін. Ештеңені енді ойыңа алма. Сен бар ғой, Қасым екеуін қазір жетіндер... Осында, маған. Содан кейін бәрін... Содан кейін...

Әкем, көріп отырсыздар, осындаі адам. Өзі жайлыш, міне, осылайша өзі айтты. Атамның көздерінен жылжылы мейірімді жымыстың сәулесі ойнап шыға келді. Ал, екеуіміздің ақылдаспақ болған манағы мәселеміздің, көріп отырсындар, ертенге қалатын түрі бар.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ – АПАМНЫҢ СҮЙІКТІ ЖҰМЫСЫ

– Әбіл, Гүл, естімісіңдер, мен жұмысқа кетіп барадым. Атаң да, әкең да кештеу келетін болар. Тамақ ішкілерің келсе, дайын, газда тұр. Ысыта қойындар. Жұмыстан звондармын.

Апам бүтін тұнгі кезекке шығып бара жатыр.

Ал атам мен әкем Кеңес Армиясының данқты күнін, бүтінгі мерекелерін, әрқайсысы өз оргаларында тойлап жатқан болуы керек. Атам зауыт клубындағы салтанатты жиында, әкем консерваториясында, музыкантардың арасында.

Жедел жәрдем дәрігеріне бүтінгі тұн әдеттегіден гөрі мазасыз, әрі қыын болары анық. Себебін апамның ойымен, түсіндірсем, былай: осындаі мереке күндері адамдар көңіл көтеру мәселесін, сірә, шамадан тыс асырып жібереді, демек, денсаулықтарына да белгілі дәрежеде



зиян келеді деген сөз. Әсіресе, көп жағдайда, бұрыннан дімкәсі бар, соғыстан жарақат алған адамдар жедел жәрдем көмегіне зәру болады. Ал, ондай адамдар аз емес. Апам үшін мазасыз, қыын түн болатыны да сондықтан.

Мандай шамында қызыл крест белгісі бар, зымырап, жүйткіген жедел жәрдем машиналарының азынаған сиренасы көше жақ терезеден бүгін тым жиі естіліп жатқандай. Адам жанын ажал деген сұмдықтан арашалап калуға асығып бара жатқан апамның шаршаулы кейпі көз алдымға келеді. Жедел жәрдем – өте ауыр жұмыс. Жанға бататын осы өте ауыр жұмысын ол бәрібір тастай алмай келеді. Талай рет емханаға ауысатын болады да, ауыспайды. Дәлелі: жедел жәрдемнен басқа жерде өзімді ауру жанға дер кезінде қол ұшын бере алатын дәрігер ретінде сезіне алмайтын сияқтымын дейді. Несі бар, дұрыс. Апамның мұнысына қосыламын. Егер мен дәрігер болсам, міндетті түрде тек жедел жәрдемде ғана қызмет етер едім. Бірақ, өкінішке қарай, болашақта дәрігер болмайтынымды қазірден-ақ біліп журмін. Қалайша дейсіндер ғой? Басқа мамандықты таңдал қойғанмын. Қандай мамандық дейсіндер ғой? Бұл әзірге осы күнделікке жазылмайтын құпияларымның бірі бола тұрсын. Өйткені, кім біледі, шынымен-ақ, жедел жәрдемнің дәрігері не месе әкем сияқты музыкант болып кетуім де мүмкін ғой. Кім біледі?..

Атамнан бастап үй ішіндегілердің бәрі де шешемнің ауыр қызметінің жайын түсініп, оған шамалары келгенше көмек көрсетіп, қол ұшын беруге тырысады. Яғни, оның мойнына түсетең үй шаруасын бәріміз өзара бөлісіп аламыз. Едениңің тазалығына мен жауап беремін. Төсөніштерді қағып-сілкіп қою да менің мойнымда. Үй өсімдіктерін суарып, жиһаздардың шан-тозандарын сұрту – Гүлдің міндетіне кіретін жұмыстар. Жоғарыда айттым, атам сыртқы шаруалардың басы-қасында жүреді.



Ал, әкеме жалпы басшылық және кей-кейде ғана ыдыс-табақ жуу сияқты жеңіл-желпі жұмыстар қалады. Осыншама қыруар міндettі бөлісіп алғанымыздың өзінде де оның бір басына жетіп артылатын талай жұмыстың күтіп тұратынын қайтерсің?! Қабыргам қайысып, көмектескім-ақ келеді. Амал қайсы, менің де жеке басыма жетіп артылатын толып жатқан басқа істер бар. Мәселен, пионерлік тапсырмалардың неше алуаны, жұзу (секция), мерекелік концертке дайындық (хор), спорт залында ГТО-ның нормативін тапсыруға жаттығу (қысқы түрі), фотоүйірме, химиялық, физикалық олимпиадаларға дайындалу, ертеңгі сабакты оқу, содан соң, міне, қунделік жазу. Сондай да шаршамаймын, дәлірек айтқанда, шаршап, уйілеп отыруға уақыт та қалмайды. Үлкендердің пайымдаудыңша, бала шаршаша дегеннің не екенін білмеуге тиісті. Яғни, шаршаша деген ұғым басыма кіріп-шықпауы керек. Жоқ, бұл турасында құрметті үлкендермен, абзалы, келісе алмаспыш. Бала – бүткіл іс-әрекеті, қымыл-қозғалысы құрделі электроника жүйелері арқылы программаланып қойылған робот-автомат емес қой. Ол да жүрт қатарлы шаршаша тиіс. Тоқта, есімнен тарс шығып кетіпті ғой, шаршап отыруға менде уақыт қалмайды емес пе еді. Қандай өкінішті...

ЛАУРА ЖӘНЕ ЖЕТИНШІ «А»-ДАҒЫ ПЕТРАРКА

Бұғінгі күн былай басталды.

Біздің үйдің жанындағы автобус аялдамасынан қолында бір тал қызғалдақ гүлі бар қызды көрдім. Лаурадан айнымайды. Устінде дәл Лауранікіндей иығына «Олимпиада-80» таңбасы жапсырылған жасыл күрте. Бойлары да бірдей. Қырынан қарап тұрсаң, мұрны да шолақтау, нәзік. Құдды өзі.



Лаура аздаған мемменшілдік қасиеттен құр алақан смес-тін. Егер бұл сол болса қашан мен қасына барып, «сәлем» дегенімше тұра беруі де мүмкін. Солай ойладым да, қасына таяу бардым.

– Сәлем, Лаура!

Жасыл күртениң анфасы, яғни тұра қараған әлгі қыздың бейтаныс бет-жүзі маған таңырқап қалды. Лаураға деген сол заматтағы аса сенімді кейіпімдегі мәз-мейрам жымысты заматта жиып ала қойдым. Мұным, сірә, оған күлкілі көрініп кетті ме екен, әлде қыздардың ызаланған кездегі кескіні ме – әлгі жасыл күртениң иесі мырс ете тұсті де, ары бұрылып, өз жөнімен жайбарапт тұра берді. Мұндай жағдайда аса бір инабаттылық сездіріп, бәлсінген қыздан кешірім сұрап жатуымның артық екені өзінен-өзі белгілі шығар.

Бәсе, Лаураны біздің аялдамадан кездестіруімнің еш қисыны жоқ-ты. Олар қаланың орталығында тұрады. Мектепке барып келу үшін Лаурага аялдамада тұрып, автобус күтудің тіпті де қажеті жоқ. Мектептен екі жарым кварталдай жерге «11-ші троллейбустың» (екі аяқтың) өзінен асқан жылдам да төтө көлік жоқ менішке. Мен білетін Лаура – осы бұлжымас қағиданы жадына мықтап үстанатын адам.

Лаура, Лаура...

Осы қыздың қандай ерекшелігі бар осыншалық?! Белсенді, окуда үздік, мәдениеті жоғары, тәртібі – «бес». Бар болғаны осы-ақ па? Біздің бір ғана 7 «а»-дан мұндайлардың бірнешеуін санап беруге болады. Жә, бұл қажет те болмас. Сонда Лаура несімен дара екен?!

Осы жай мені ылғи да іштей мазалай береді. Кейде, тіпті сабак үстінде тұнғиық бір ойға, әсерлі қиялдарға ба-тып отыратын да кездерім болады.



Лаураның партасы – бірінші қатардағы үшінші. Ал мен дәл тұсында, екінші қатарда отырамын.

Оның парталасы Үсембеков Қуат – момын, үндемес, жыптылық. Осындай үш бірдей жанама аты оның мінез-құлқының кейбір жақтарынан хабардар етеді. Өзінің ептеген ақындығы да бар. Өлеңдері қабырға газетінің денгейінде, көбіне белгілі бір мерекелі күндерге байланысты болып келеді.

Әдебиеттен беретін Бұбила апай ғана Қуаттың болашағынан зор үміт қүтетін сияқты. Ал 7 «а»-дан әзірге оның болашағынан үміт қүтетіндерді таба алмайсың.

Бір қызығы, ақын басымен Қуат – мақтауды сүймейтін адам. Бұбила апайдан мақтау естіген сайын басын тұқыртып, көздері жыптылық атып, құлақтары аязға тоңғандай қызарып, әбден берекесі қашады. Оның осындай қыын халге түскенін көргенде, шынымды айтсам, қатты мұсіркеп отырамын. Әңгіменің тақырыбын басқа жаққа аударып жіберу мәселесі мұндайда менен өзгенің ойына да кіріп шықпайды. Қолымды болар-болмас көтеремін де:

– Апай, еркін тақырыпқа шығарма жазайықшы осы,-даймін.

Оқыс ұсынысым, әрине, өтпейді, сол заматта тойтасыс аламын. Оның есесіне ақын Қуатты адам айтқысыз әлгі ауыр қысымнан құтқарамын.

Мениң бұл әрекетімнің не үшін істелгенін түсінетін жалғыз Лаура ғана. Тұп-тұнық жанарынан зілсіз мақұлдауын сезінгендей боламын. Қалай сезінемін, ол жағын өзім де дәл ажырата алмаймын. Сірә, телепатиялық (көріпкелдік) қасиет менің «механизмімде» басымырақ болар-ау осы. Бұдан кейін сабактың аяғына дейін Лаура екеуіміз жайлы ертегідегідей небір қиялдың қамауында қаламын.

Жетінші «а», әдебиет сабагы, Бұбила апай, момын Куат, бәрі-бәрі әлдеқандай бір құдіреттің күшімен Лаура екеуімізден бөлініп, алыста қалады. Мұндайда, әрине, қиял мүмкіндігін ескеріп, Лаура екеуіміздің ере-сек болған, қыз бен жігітке ұқсайтын кездеріміздің елес суреттерін көз алдыма әкелемін.

...Ұзак, ұзак жол. Аспан тұстес көгілдір «Жигули». Рульде – мен, жанымда – Лаура. Артқы орында – гитара, бұктеулі палатка-үйіміз жатыр. Лаураның қолында сонғы үлгідегі керемет магнитофон. Музыка... Шексіз жол біз скеумізді теңіздерге, жасыл қойнаулы тауларға, сағымды даラларға алып кете барады. Қөнілдіміз. Бақыттымыз. Ақын Куатты және жетінші «а»-да «Ерлік данқы» мүйісін қалай құрғанымызды еске аламыз. Ұзак-ұзак жол...

Қонырау қиялымның шырқын бұзады. Мезгіл қабаттарын көктеп өтіп, бірден есейе қалу мүмкін нәрсе смес. «Сол баяғы тозған лашық пен шұрық тесік астай» қалпыма түсемін... Лаура – сол кәдімгі Лаура, отряд советінің председателі. Бүгін сабактан соң «Ерлік данқы» мүйісіне байланысты кімнің қандай істермен шұғылданып жатқаны жайлы мәселе тындалады. Лаураның үзілісте айтқан бұл ауызша хабарламасын әркім әр қылыш қабылдады. Айғатбек, Саурандар:

– Түк өнбейтін іске бола тағы да бас қатырамыз. Мәжілісқорларға тыйым салынсын! – деп, ұрандап кетті.

Мен Лаураны қолдадым.

– Мүйіс болады. Әлі-ақ көрерсіндер, болады! – деймін.

– Хи-хи! Ха-ха! Оха-ха!.. Нагыз Петрапка мына жақтан шықты. Куат, Жыпыйлық, қайдасын? Кел, бермен! Дуэльге шық!

Содыр Айғатбекке бүткіл үзіліс бойына жетерлік ермек те, құлкі де табылды. Құлкі мен мазақтың объектісі – мен.



Айғатбектің дағдылы мұндай мазағының мен үшін жағымды мынандай жағы да бар. Петrarка – біріншіден, Италияның ұлы ақыны. XIV ғасырда өмір сүрген. Ол сыртынан ғана әлденеше рет көрген Лаура атты әдемі, сүйкімді жас перизатқа ғашық боп, өмір бойы соған арнап сонеттер жазып өткен. Мұны, әрине, мен Айғатбектің өзінен білдім, осы қыныр, қисықтығына қарамастан, білмейтіні жок.

Расын айту керек, содан бері маған қойылған осы Петrarка деген атқа ішім жылып тұрады. Айғатбекке іштей ракметімді айтамын. Лаураға деген көзқарасымды түсінгені үшін айтамын.

Кітапханаға барып, Петrarка туралы жазылған талай кітаптарды аударыстырғанымды, оның сонеттерін оқығанымды жазбай-ақ қойсам да болар. Бірақ кейбір сонеттерін жаттаған да кездерім болды.

Благословен день, месяц, лето, час,
И миг, когда мой взор те очи встретил!
Благословен тот край, и дол тот светел,
Где пленником я стал прекрасных глаз!

Бұл, ұмытпасам, 52-ші сонеті. – Нағыз Петrarканың нағыз Лаураға арналған сонеті. Өкініштің, мен Петrarка емеспін. Куаттың орнында болсам ғой шіркін, тек қана сонеттер жазар едім. Қабырға газетіне емес, әрине.

МЕН ЕКІЖУЗДІ ЕМЕСПІН

Пионерлік операциямымыздың, жорығымыздың нәтижесінде отрядтың «Ерлік данқы мүйісін» ашамыз дегенді, расын айтсам, о баста мен де құр әурешілік деп ойлағанмын.

Әлдекімдер бір замандарда осы мектепте жетінші класс оқыған-ақ шығар. Сегізінші де, тоғызынышы да



оқыды олар, тіпті мектепті де бітіргендеріне ешкімнің дауы, күмәні жоқ қой. Сондықтан да тек жетінші оқығандарды іздестіреміз, солар жайлы деректер табамыз деуіміз, бір жағынан барып тұрган өзімшілдік. Иә, солай! Бірақ, мұны фанатик-вожатыйымыз Раушқа дәлелдеп көр. Оны Лаура да қолдайды. Дұрыс дейді, «Ерлік даңқы» мүйісі қалайда болады дейді. Отрядтың беделі мен абыройы үшін күреспейтіндерге және барлық істен шеткері тұруға тырысатындарға зорлық жоқ дейді. Осындай үзілді-кесілді айтылған сөзден кейін пікір таласын ұйымдастыру мүлдем пайдасыз. «Күрескерлер» мен оларды қолдамаушылар қатарына жатпайтындар көп дауыс алады. Көнсен де, көнбесен де, бұдан соң даңқ мүйісін ұйымдастырушылардың арасында болуыңа тұра келеді.

Сонымен, бұл мәселеде мен Айғатбектің іштей ғана жақтасы болып жүрдім. Ал, жоғарыдағы пікірімді сыртқа шығару отряд алдындағы опасыздығым болар еді. Алғашқыда істелген ісімізді көрсететін осындай мүйіс ұйымдастыру ісін Лаурадан кейінгі қолдаушылардың бірі мен болатынмын. «Атам – ардагерлер кенесінің мүшесі, мүмкін сол кісінің де көмегіне сүйенерміз», – деп көкігеніме Рауш сүйсінгеннен, тіпті қол да соғып жіберген. Бұл – вожатыйымыздың ең жоғарғы сипаттағы мақұлдауы. Міне, осының барлығынан соң ашықтанашық Айғатбекке жақтас бол шыға келсем... Елестету қыын. Әсіреле, Лаураның маган деген ішкі көзқарасы (өзімнің телепатиялық қасиетім арқылы сезініп жүрген көзқарасты айтып отырмын) қандай күйге ұшырап еді?! Мені, сөз жоқ, нағыз екіжүзді деп ойлайды. Тфә, тфә, тағы да тфә! Мен ондай емеспін, ондай адам болуға еш уақытта да тиісті емеспін!..



МОЛДАБАЕВ ТҰРАЛ... КІМ?

Айғатбек, Сауран үшеуімізден басқалары отрядтың ортақ ісі үшін бірдеме-бірдемелер істеген болып жүр.

Куат мектеп кітапханасында сақталған іс қағаздар мен көне класс журналдарын актарумен әуре.

Мениң парталасым Бану Куаттың тапқан фамилияларын «зерттеген» болады, яғни олардың адрестерін іздестірушілер тобын басқарады.

Сауранның фотоаппаратпен әуестенгіштігін, Айғатбектің энциклопедиялық «білгіштігін» және мениң уәдеге тұрғыш қасиетімді ескеріп, отряд кеңесі біздің осы үштік тобымызға болашақтағы мүйісіміздің болашақ экспонаттарын жинау жұмысын тапсырды.

Мениңше, жұмыстың ең қыны біздерде. Экспонаттар бір замандарда оқыған атақты жетінші кластықтардың өмірі мен қызметі жайлы сөйлетіндей болуы керек қой. Ол үшін алдымен әйгілі кластастарымыздың өзін тауып алу керек емес пе?! Ал, Куат пен Бану сияқтылардың мардымсыз ізденістерінен бұл мектептің жетінші класында ешқашан да атақты адамдар оқымаған сияқты көрінеді. Барлығы да белгісіз бір фамилиялар, есімдер... Рас, Куат бірде Молдабаев деген белгілі ақынның бір мың да тоғыз жұз отыз жетінші жылдарда біздің мектепте жетінші клас оқығанын анықтағаны жайлы маңызды түрде берімізге хабарлама жасаған. Ол архивтегі қағаздардың арасынан жетінші клас окушысы Молдабаев Тұралдың бағалары тіркелген табелін тауыпты. Ал, Молдабаев Тұрал қазір осы қалада тұрады, республикаға белгілі ақын. Белгілі ақынды тауып, суретке түсіру, мүйіске қолтанқасы жазылған кітаптарын алу дереу біздерге жүктелді.

– Мүйіс экспозициясы үшін алғашқы дерек табылды! – деді өте салтанатты түрмен Рауш вожатыймыз.



– Табылды! – дестік үшеуіміз бір ауыздан. Вожатыймыз бағынушыларының өзін макұлдағанын жек көрмейтін адам. Рауштың осы осалдығын бірінші боп әрдайым Айғатбек ескеріп жүреді.

Өкінішке орай, Қуаттың көне қағаздардың арасынан тауып алған табеліндегі адам белгілі ақынымыздың аттасы және фамилияласы болып шықты. Табельдегі Молдабаев жетінші класты ойдағыдай оқып жүрген жылы біз іздеп барған ақын Молдабаев алыстағы бір ауылда дүниеге жаңа келіп жатыпты. Яғни, ол біздің мүйісіміздің экспозициясы үшін алғашқы дерек болуға жарамай қалды. Бар бітіргеніміз белгілі ақыннан: «Ал, балалар, жалпы қолға алған істерің қызықты екен! Егер данқ мүйістерінізді ашып жатқандай болсандар, оған арнап өлең жазып беруге болады», – деген уәде алып қайттық.

Сонымен, егер осы әрекеттерімізден бірдеме шығып жатса, біздің бір замандарда оқыған тағдыры толық анықталмаған кластасымыздың белгілі аттасы музейімізге арнап өлең жазатын болды.

– Несі бар, бұл да біздің ісімізге қосылатын болашақтағы бір плюс болды, – дейді Рауш.

– Плюс! – дестік бірауыздан үшеуіміз. Вожатыйды макұлдалап қойдық.

ТАҒЫ Да ҮЙ ШІНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ. ТАУДАҒЫ САЯБАҚ

Көктем шығысымен атамның өзіне бір бөлек үлкен ермек табылады. Ол – қала сыртындағы жайымыз – таудағы саябаққа бару. Әрине, құр барып қайтпайды, саябақтың төнірегіндегі жеміс бағын күтіп, баптау сияқты жұмыстармен айналысады. Содан күзге шейін



атамда дамыл болмайды. Үйдегілердің ішінен саябақта көп болатын атам екеуіміз.

Әкем үшін осы тұрған тауға келіп-кетуден гөрі Кара теңізге немесе Қырымға барып-келу әлдеқайда жеңілірек. Ұзак жазда саябаққа ол екі-үш реттен артық барып көрген емес. Әрдайым да қолы тимей жүреді. Шаршайды. Жұмысы көп. Ал, жексенбі күндері көбіне апам екеуінің қонақта болуына тұра келеді. Оларды қонаққа шақырушылар да жыл бойына бір таусылмайды.

Жалпы, әкем қонаққа баруды немесе қонақ шақырганды кереметтей жаксы көреді. Мұндай күндер ол үшін – нағыз мереке.

Олардың қонақта болатын күні мен үшін де мейрамтой. Толық бостандыққа ие боламын. Мәселен, көшени кезіп қайтуға да болады. Ал, бұған бола атамнан рұқсат сұраудың қажеті шамалы. Өйткені, атамның мені әкем мен шешем сияқты көшеден қалай өтуді де білмейтін балақайдың санатына қоспайтынын білемін. Бірақ көктем, жаз мезгілдерінде жексенбі күндері атам екеуіміз таудағы үйімізге кетеміз.

Гүл, менің пысық қарындастым, уақытты өте үнемді пайдалануға тырысады. Бұл – оған апамнан жұққан бірден-бір пайдалы қасиет. Ол қазір алдына мынандай мақсат қойып жүр: демалыс күндерін тек қана «Ұлы адамдар өмірі» сериясымен шыққан кітаптарды оқуға арнайды. Сөйтіп, ерте бастан өзінің танымдық көкжиегін кенеите бермек. Несі бар, дұрыс!

Тек бір дұрыс емес жері, Гүлдің осы табанды мақсатын әкем маған өнеге етіп ұсынады. Бұл, бір жағынан, менің пайдалы бірдемемен шұғылданбайтындығымды, ыждағатсыздығымды, құнтсыздығымды сынаудың әдісі бол табылады. Мұндай «тәрбие сағаттары» кезінде Гүлдің мәртебесі шығанға биіктеп кетеді. Мен, әрине,



ата-анасына қарсы келмейтін әрбір әдепті бала сияқты өзімнің «мінімді» мойныма алып, өнеге сабағын үйреніп отыргандай кейіп танытамын. Әкеммен дауласу пайдасыз. Сөзді босқа көбейтіп аласың.

Әкемнің ұсынған өнегесін «миыма тоқып алғаннан» кейін, көп ұзамай Гүл өзінің сол ултілі қасиетіне бола менин тиісті жазасын алады. Жаза болғанда, күш көрсету, немесе ұрсып-зеку емес, басқаша. Мәселен, бүгін мен оның оқып жүрген кітабын жасырып, тауға алып кеттім. Оқысам - оқығаным, оқымасам - жол қапшықтың түбінде жата берсін. Үйге келгесін, әрине, бұл әрекетімнің әшкереленетін рас, бірақ менде де ақталатын сылтау бар: Гүлден «өнеге» алуым керек емес пе?!

Апам мен әкемнің көзіне Гүл екеуіміз бір-бірімізben өлердей қас адамдар сияқты көрінеміз. Апам:

– Бірге тумаған сияқтысындар! – деп ұрсады.
Әкем:

– Ит пен мысық та сендерден жақсы! – дейді.

Бұлары енді әділдік емес. Өз басым Гүлді кереметтей жақсы көремін. Тұған қарындастың кім жек көреді?! Ал, арамыздығы болып тұратын аз-маз келіспеушіліктеге кінәлі көбіне өзім екенін жасырмаймын. Соңдықтан, келісімге келуге, араздықтың артын тез жуып-шаюға асығамын. Бәрі де заматта қалпына келеді, әке-шешеміз де өздерінің әлгі ұшқары пікірлерінен тез қайтып қалады.

Гүлді де атам менен кем көрмейді. Дей тұрганмен, оның маған іші қебірек бұратынын сеземін. Гүлді атам шешесі мен әкесінің қызы деп есептейтін сияқты да, ал мені өзіне таяу ұстайды.

Үйге келген қонақтарға әкем мені ылғи да:

– Бұл – Әбіл деген жігітіміз. Атасының жекеменшік баласы. «Ата көрген – оқ жонар» деп жүрміз, – деп таныстырады.



«Эке көрген – оқ жонар» деген мақалды әкем атамның және менің пайдама орай өзгертіп айтады. Бұған атам да мәз, мен де мәзбін...

– Әбілжан, сен осы шүқшиып не жаза бересің, ә? – Атамның даусы.

Басымды қөтеріп алдым. Ол дәлізге кіріп, осында, тауға келгенде киетін керзі етігін шешіп жатыр екен.

– Жәй бір...

– «Жәй бір» нәрсеге мұншама уақыт жібергеніңе қарағанда, жәй бір емес қой деймін, мұның сонда не езі, ә?!

Андаусызда үрлығымды байқатып алған адам сияқты сәл қысылғанымды қызықтағандай атам мұртын да қоса құлдіріп, қуақылына жымып отыр.

– Жәй бір, әншайін күнделік қой, – дедім тамағымды зорлана кенеп. Дәп бір бөтен біреудің даусымен сөйлеп отырған адамдаймын.

– Күнделік... Күнделік... Сонда мұның әлгі көрген-білгенінді, естіген-тыңдағаныңды тізіп жазып жүретін нәрсе болды ғой, шамасы?!

– Иә, сондай нәрсе, ата! Және бұл құпия, мұны өзімнен басқаның окуға қақысы жоқ.

– Қалайша сонда? Күнделікті сен сонда өзің үшін ғана жазып жүрсің бе?!

– Өзім үшін, – деймін мен.

– Оның да дұрыс болар. Шындығында, адам күнделікті біреу-міреулер оқысын деп жазбайтын болуы кепек. Біреулер үшін жазылса, мәнісі қайсы?! Сенікі дұрыс.

Атам бұдан соң көпке дейін үндеген жоқ. Мүйіз мөштегін сорып, дәлізде ұзак отырды. Темекіні ол ойлағып, осылайша асықпай отырып тартқанды жақсы көреді.

Дәліздің жартылай ашық түрған есігінен анау баурайдағы үлкен қаланың кешкі тыныс-шуы еміс-еміс талығып естіледі.





Кешкүрүм таудағы көктем лебінен аздаған ызгар білінеді.

Кереуеттің бас жағына іле салған жылы тоқымамды кидім де, ас үйге барып газга шэйнек қойдым.

Атам мәштегін тазалап болды да, қолжуғышқа барып жуынып келді.

Екеуіміз сонан соң шай ішуге отырдық. Шай үстінде атам тағы да күнделік жайына оралды. Атамның бұл жолғы айтқаны – басқа біреудің күнделігі туралы болатын.

БҰЛ НЕҒЫЛҒАН КҮНДЕЛИК?..

Сол күні таудан үйге кештетіп оралдық. Қорапша автобустың соңғысына іліге алмай қалдық. Қала шетіндегі бірінші аялдамаға дейін жаяулауға тұра келді.

Тауға көтерілу қыын. Ал, төмен қарай тұсу мүлдем онай. Аяғын өз-өзінен ілгері кетіп, дедектеп отырасын. Бірақ, атам жиі-жиі алқынып қала бергендікten, біrnеше рет тосылып, демалуға тұра келді. Мұндайда атам өзінің кәрілігіне ренжиді. Оның үстіне жауырынындағы соғыстан қалған терен сызат та сыздайды білем...

Әйтеуір, жеттік-ау үйге. Өле шаршадым. Аяқтарым салдырап қалыпты.

Апам бүтін жедел жәрдемнің тұнгі кезегінде екен.

Әкем телевизордың алдына жайғасыпты. Үлкен театрдың атақты скрипкашылар ансамблінің концертін көріп отыр.

Гүл кітабының жоғалғанын айны-қатесіз менен көріпті. Оның оқып жатқанын «білмегенімді» айттып, жанжалды өршітпедім. Қазір менің ойымда тек қана бір-ақ нәрсе – атамның айтқан әлгі бір күнделігі тұрған. Соны көргенше, соны қолыма алғанша асықпын.



Бұл күнделікті атамның сақтағанына қазір отыз жылдан асыпты. Оны майданнан алып кайтқан. Күнделіктің иесі – кіші лейтенант, жас қазақ жігіт екен. Днепрден өтер жерде ауыр жараланған. Өлім халінде жатқан жерінде бір ауыз тілге келіп, планшетін атама беріп үлгерген көрінеді. Планшеттің ішінде осы күнделік те бар екен. Басқа қағаздарын атам штабқа тапсырыпты да, күнделікті өзіне қалдырыпты. Жаралы лейтенант тірі қалып, жолығатын күн болып жатса, күнделігін өз қолына берермін деп ойлапты атам. Өкінішке орай, сол күнделік, міне, отыз жылдан астам уақыттан бері әлі иесін тапқан жоқ. Атамның жеке архивін – араб, латын әріптерімен жазылған, көне, сарғайған әлдеқандай қағаздар мен мерзімі өтіп кеткен әрқылы қуәліктерді сақтайтын кішкене ескі сандықшасы бар болатын. Күнделікті атам соның ішінен алды.

– Көп жерінің жазуы өшіп те қалған шығар, не көрмеген бұл күнделік. Отқа да, суға да, батпаққа да түсті. Менімен бірге Еуропаның жартысына жуық жерді шарлап қайтты. Түсінгеніңше оқырсың да, қайтып берерсің. Мұның ендігі иесі – осы шабадан болар.

Күнделік енді, міне, менің қолымда тұр. Шаршағаным жадымнан шығып кетті, стол үстіндегі шам жарығы астында түннің әлдене уағына дейін тозық дәптерге үніліп отырдым.

Мұқабасыз дәптердің алғашқы бетіндегі жазулар бір кезде ылғал тиғендіктен мүлдем көмескіленіп кетіпті.

«Бұ... күн..ік..ті 194... ж..ы 12 ок.... бас...ы Ахтырка қа.... К... л...нант Мол...ае.. Тұр..»

«Бұл күнделікті 194... жылы 12 октябрьде бастадым. Ахтырка қаласы. Кіші лейтенант...»

Кім? Фамилиясы мен атының өшіп қалған жерлеріне қандай әріптерді қойып оқуға болады? Кенет...



Кенет орнынан атып тұрдым. Басыма таныс фамилияның сарт етіп түсे қалмасы бар ма! Молдабаев Тұрал! «Бұл – сол, соның өзі!» дегеннен басқа ой болмады.

Кенет өзімді құпиясы, түйіні енді ашылатын бір кереметтің қарсаңында тұрғандай сезіндім. Атамның күнделік жайлы әңгімелеп, оның иесінің кім екендігін айтпағаны, өзімнің сұрамағаным осы сәтте барып есіме түсті.

– Ата!..

Даусымның адам шошырлықтай шыққанын білмей қалдым. Бөлмеге алдымен әкем, іле-шала Гүл жүгіріп кірді. Әкемнің көздері алаң-құланқ, жүзінде үрей көленексі.

– Не болды саған, әй!..

Өзімнің табан астынан ашқан кереметімнің қуанышынан жымып, әрі біргүрлі ебедейсіздеу состоип тұрған кейпім оны одан сайын үрейлендіріп жіберді. Қасыма жетіп келіп, иығымнан жұлқып-жұлқып қалды.

– Эбіл, Әбілжан, саған не болған, үйықтап тұрғаннан саумысың өзің?

– Иә... Жоқ... Үйықтап тұрған жокпын... Эке! Мына күнделік, күнделік Молдабаевтікі. Тұрал Молдабаевтікі! Сонікі!..

Менің бөлмемнен естілген айқай-дабыр атамның да үйқысын қашырып жіберіпті. Әкемнің қолынан жұлқынып шығып, есікке қарай ұмтыла бергенімде, алдымынан атам шыға келді.

– Көке, ұста, мына баланы! Үйқысырап, сандырақтап жүр... Ұста, жіберме!

Атам, әрине, менің үйқысырамағанымды да, сандырақтамағанымды да білді.

Әкем де, Гүл де бәрібір ештеңе түсінбей аң-тан.

– Қайдағы күнделік, қайдағы Молдабаев?.. Не айтып тұр?..



Әкем иығын көтеріп-көтеріп қойып, бөлмеден шығып кетті.

Атама көзілдірігін киіп, құнделікті қолына алды.

– Иә, сол жігіттің аты Тұран... Жоқ Тұрал ма екен әлде? Қерші взводтың командирі болып келгеніне де көп өтпеген еді. Аға деп іш тартып тұратын. Эскерде командир атаулыны аты-жөнімен атамайтын тәртіп бар ғой. Лейтенант шырағым деп жүре беретінмін. Иә, сірә, Тұрал ғой деймін аты. Ал фамилиясы есімде жоқ. Одан бері нешеме заман өтті.

Атама мән-жайды оп-онай-ақ түсіндірдім.

– Егер ол Молдабаевтарың болып шықса жақсы ғой. Ұмытпасам, маған ол Ташкенде оқып жүрген жерінен майданға алынғанын айтқан. Тоқтай тұр, тоқтай тұр!.. Сосын детдомдікімін деп отыратыны есімде қалыпты.

Тағы да тығырық? Аттас, фамилиялас болып шығуы да әбден мүмкін. Бұған бір рет көзіміз де жеткен. Бірақ... Молдабаев деген фамилиялардың көп болуы әбден мүмкін-ақ дейік, бірақ Тұрал деген ат меніңше сондайлық көп болмаса керек. Бұл дәлелім атамның көкейіне қона кетті. Көнілім осыдан соң аздап тынышталғандай. Ертеңгі күнді ойлап жатып, үйқыға кеттім.

Кластағыларға кіші лейтенант Тұрал Молдабаев жайлы, оның құнделігі жайлы айтпастан бұрын бұл адамның кім екенін әуелі өзімнің біліп алуым керек емес пе?! Ол үшін алдымен құнделікті толықтай оқып шығамын. Соナン соң...

Сонан соң өте маңызды құпия ретінде құнделікті Лаураға оқуға берермін, сірә. Отрядқа, Айғатбек, Сауран, Куаттарға содан кейін барып жариялаймыз. Осындаш шешімге келдім де, құнделікті асықпай оқи бастадым.

Ал өзімнің құнделік жазуым әзірге осымен тоқтала тұратын болар, сірә, уақыт тапсам жалғастырмын.



КІШІ ЛЕЙТЕНАНТ МОЛДАБАЕВ ТҰРАЛДЫҢ КҮНДЕЛГІ

194... жыл...

Блиндаж іші күнгірт. Снаряд гильзасынан жасалған білте шамның сәулесі болар-болмас қана сыйыраяды. Солдаттар ішке кезектесіп кіріп, елге, үйлеріне, ата-аналарына, сағынған жарларына хат жазып отыр. Ал менің ермегім - осы күнделік. Қалт еткен уақыт табылса, қолыма аламын. Қазір тұн жарымы. Бес сағаттан соң шабуылға шығамыз. Бұл ұрыстың оңай болмайтындығы анық. Тұн ішін тартып тұр. Тыныштықтың өзі үрейлі.

Соңғы кездерде шабуыл қарсанындағы тұндерде үйқым қашатын боп жүр. Қөнілім алай-дулей, жүрегім өрекпи беретін тәрізді. Өлімнен, соғыс сұрапылынан тітіренген корқу сезімі емес бұл, одан ада болғалы қашан. Бұл, сірә, соғыс деген зұлматтың қасіретіне деген қарсылық сияқты бір күй. Ертенгі ұрыста женетінімізге сенемін, ертенгі ұрыста бірақ қатарымыздың сирейтіні де анық. Қазір әрбір жауынгер мұны жанымен, тәнімен, жүрегімен сезініп отыр. Мүмкін кейбіреуі тап осы сәт, осы тұн елге ең соңғы хатын жазып отырған болар. Соғыс деген, міне, осындай. Женісі бар, қасіреті бар...

* * *

...Көз алдында кешегі ұрыстың от-жалыны тұр. Екі жүз он төртінші биіктік. Әншнейінде басына жүгіріп-ақ шығуға болатын кішкене ғана төбешік. Ал, бүгін осы төбешікке қарай жарты адым ілгерілеу үшін қаншама қан төгілді! Екі жарым күн, екі тұн бойы 214-ші биіктікке қарай ұмтылдық. Жарты адым, бір адым, екі, үш, төрт адым... сәйтіп, ілгерілей бергенбіз. Төбемізден зыңылдан қорғасын жаңбыр жауып тұрды. Сәл толас тапса, бір-



бірімізді түгендейміз де, тағы жер бауырлап ілгері жылжимыз. Төбені айнала қоршаған жаудың пулемет ұяларын құрту жолында взводтың оннан астам жауынгері жандарын пида етті. Олар: ефрейтор Ахмет Құрманов, Петр Вихров, башқұрт Зұрап Алмашев, Михайло Витко, Коля Клементьев, Прохор Снегиндер...

Биіктікі алған кезде взводтан тоғыз адам қалдық. Өзім женіл жарақаттандым. Оқ сол жақ қеудемнің ту сыртынан жанап қана өтті. Қорғасын оқ бір жарым-ақ сантиметр ауытқып кеткен, әйтпесе осы қазір медсанбат жертөлесінің сыртында отырып, бұл құнделікті жазбаған да болар ма едім...

Тұс қайта взводтың он үш қаһарман жауынгерін жер қойнына табысадық. Олардың құрметіне тоғыз автоматтан үш дүркін аспанға оқ атылды.

214-ші биіктік құні кеше арамызда жүрген жауынгер достарымыздың, ерлердің ескерткіші боп қала берді.

* * *

Құнделіктің кейбір парактарындағы жазулар мұлде өшіп қалған. Кейбір парактары жыртылыпты. Жазулады көмескі беттерді ежіктеп, ұзақ отырып оқуыма тура келеді.

Класқа жария етпей, әзірге асқан шыдамдылық көрсетудемін. Құнделіктің кейбір анық оқылатын жерлерін тауға, саябаққа барғанда атама оқып беремін.

Соңғы құндері класқа вожатыймыз Рауаш та сирек келетін боп жүр. Данқ мүйісін ұйымдастырудан ештеңе өнбейді дегенге оның да көзі жете бастағандай ма, қалай? Келе қалса, ол жайында сөз қозғамауға тырысады. Біздін балалар да вожатыйдың ыңғайына қарайды. Операциямымыздың қалай жүріп жатқаны жайлы, мүйіс мәселесін соңғы кездері ауыздарына алмайтын болып



жүр. Лаура да өзімен-өзі. Іштей тыншымай жүрген мен ғана. «Көрерсіздер әлі, – деймін ішімнен, – Әділовтың ауыздарынды аштыратын кереметі әлі алда!»

Үйге келемін де, тағы күнделікке шұқшиямын.

Бүгін күнделіктің ең соңғы бетін аудардым.

* * *

«... Н. қалашығын азат еттік. Бұл қиян-кескі қиямет ұрыстардың бірі болды. Біздің взвод қаланың ортасындағы мектепке бекінген фашистермен үш жарым сағат бойы айқасты. Эйтегі, көп шығынға ұшырамадық. Біздердің қысымымызға шыдай алмасын білді ме, немістер «Гитлер капут! Гитлер капут!» деп, бірінен соң бірі қолдарын көтеріп, бекіністерінен шұбырып шықты. Ұзын қарасы екі взводтай. Тұтқынға түскендерді 2-ші бөлімшениң жауынгерлері полк штабына айдал алып кетті. Рота бүгінше мектепке жайғасатын болды. Ал, біздің взводқа 10 «в» класының бөлмесі тиді.

Класс тақтасында өшірілмей қалған тригонометриялық теңдеулерді, терезелер алдына тосқауыл үшін қойылған парталарды көрген сәттегі көңілдің алабұртқаны-ай. Мектебім есіме түсіп кетті. Алматыны сағындым. Біздің кластың балаларын сағындым. Қайда жүр екен қазір сол тағдырластарым?! Л-ды ойладым. Көңілімді қазір тәтті қиялдар тербеп отыр. Мектеп бітірушілердің кешінен кейін мен оны көрмедім.

Мектепте өткен соңғы үш жыл бойында балалығымның көз алдында жүрген тәтті арманы да, мұны да өзі болғандығын оған сездіре алмағаным өкінемін. Балалықтағы сол ғажайып ұяң, сырлы сезімнің махабbat екенін білмей жүре бергенімді сол күнгі соңғы кеште бір-ақ сезінген болатынмын. Эх, сол бір балғын дәурен-ай!..





Соғыс біткесін ешқайда бұрылмай алдымен Алматыма, мектебіме барамын. Женістің ұлы қуанышын ұстаздарымның, балалардың ортасында бір тойлармын-ау! Сөз жок, сейтемін!

...Бүгінгі ұрыс оңай болған жок. Жауынгерлерім дем алуы керек. Жарықты өшіремін де, партага сүйеніп мен де сәл-пәл мызғып аламын».

ҚУНДЕЛІКТІҢ ЕҢ СОҢҒЫ ҰЗІЛГЕН СӨЙЛЕМІ МЫНАУ:

«... Ертең Днепр үшін шабуыл. Орман іші мұлгіп...т»
Сөйлем келесі бетке көшкен, ал қунделіктің ол беті жоқ.

Жүргім аттай тулап кетті. Соның, Молдабаев Тұралдың, нақ өзі екеніне енді күмәнсізбін.

Шаттанған біртүрлі жақсы әсермен өрекпіп көпкө дейін тынши алмадым. Үйде дәл осы қазір атамның болмағанына өкіндім. Қандай әсер, қандай күн, қандай қуаныш!..

Мен осының бәрін алдымен Лаураға жеткізгенше асықтым. Ертеңгі күнді тағатсыздана күттім. Жүргім аттай тулайды.

* * *

Сонымен бұл кереметімді бір түн бойы ішіме әзер сыйғыздым. Таңертең үйдегілердің бәрінен де ерте түрдым. Апыл-ғұптыл жуынып, тоңазытқышта тұрған айранның бір тостағандайын мұздай күйінде қылғыта салдым.

Ішінде өте-мөте бағалы құпиям – сарғайған күнделік жатқан дипломатымды қолтығыма қысқан күйі көшеге атып шықтым.



Сабактан қалып бара жатқан адамдай мектепке асықтым. Қызыметтерінен қалып қоймауды ойлап, автобусқа қарай сапырылыса ұмтылған қалың жүрттың арасына мен де сығылыса кеттім.

Күндегідей іштей аялдама санауды да есімнен тарс шығарып алғыптын. Автобустан түсе сала, мектепке қарай жүгірдім.

Қысы-жазы киім ілгіш жанындағы ұлken үстелдің басында отыратын вахтер, әрі қоңырауши Дәрмен атай:

– Эй, сен неге мұншалықты алақ-жұлақ етіп ерте келдің бүгін? – дей түсті де, жүзін кенет сұыта қойды.

- Окүшы деген ұлkenге сәлемдеспеуші ме еді, ешкімді көруге, көзіне шалуға шамасы жоқ, қарай гөр өзін. Алып жүрген өнегесі, үлгісі қайсы бұлардың?! Бұрынғы бала-лар мұндай болмаушы еді. Түрін қара өзінің, кейпін қара. Жетіншіденсің ғой, а? Иә, жетіншіден... Білемін.

Сірә, Дәрмен атай зерігіп отырған болуы керек. Тұнгі кезекті өткерген шығар бүгін. Сәлем бермей «өнегесіздік» көрсету ойымда болмаған нәрсе. Басымда да, көз алдымда да жалғыз нәрсе күнделік тұрган. Сондықтан, Дәрмен атайға сәлем беруді бір жолға ұмытып кетуім де заңды болар. Бірақ, бұл менің тарапымнан бәрібір өнегесіздік екені рас. Қателігімді, өнегесіздігімді тез түзете қойдым. Дәрмен атай әлгіндей деп күнкілдеп, өз-өзімен сейлеп жатқанда ұзын дәліздің екінші қабатқа қарай шығатын есігіне жетіп қалған болатынын. Сол жерде артыма бұрылып:

– Сәлеметсіз бе, атай! – дедім бар даусыммен. – Мен асығып... Кешірініз, ұмытып кетіппін.

– Ұмытып кетіппін! Ұмытшақтағын өзінің қарашадай басынан. Соны айтуга ұялсан етті. Эй, бұларды қой... Бұрынғы бала-лар мұндай болмаушы еді...



Дәрмен атайдың екінші мәрте қайталап айтқан соңғы сөзі кенеттен, осы сәтте сарғайған көне күнделіктің иесі – Молдабаев Тұралды көз алдымға елестетіп жіберді. Ол жетіншіде оқып жүргендеге бойы дәл мендей болды ма екен?! Қалай болғанмен де, біздерге ұқсамаған... Ол бұрынғы балалардың қатарына жатқан. Яғни, біздердей болмаған...

«Бұрынғы балалар мұндай болмаушы еді...». Дәрмен атайдың сөзі құлағымның түбінде көпке шейін зынылдады да тұрды.

Өзім-өзім болғалы класқа елден бұрын келіп тұрғаным осы. Дипломатымды партаның суырмасынан бір аламын, бір саламын. Елеңдеп есік жаққа қараймын. Уақыт шіркіннің мұндайда өтпей қоятының қайтерсін.

Мениң болжамым бойынша Лаура сабак басталардан тұра он бес минуттай бұрын келеді. Бұл – оның бұлжымас, қалыптастырған дағдысы.

Лаураның таңертең қай кезде келетінін аса бір ықтияттылықпен байқап, біліп жүретін бұл сыныптағы жалғыз адам – мен, Әбіл Әділов. Басқаның онда шаруасы қанша?! Тіпті, Лаура сабакқа келмей қойса да бұған басы ауыратын кім бар?! (Мені құбылнама тіліндей етіп өзіне қарай жалтақтата беретін жалғыз пенде осы Лаура екенін күнделігімнің бас жағында айтып кеткен сияқтымын). Ал, осы бүгінгі, бұл жолы күтуімнің ерекше әрі маңызды дәлелі бар. Ол – дипломатымда жатқан офицер күнделігі.

Мұндай сәтсіздік болар ма. Лаура бүгін сабакқа келмеді. Төтенше оқиға! Мұғалімдердің өздері класс журналындағы оның фамилиясының тұсына «б/ж»-ты («болған жок»-ты) қинала қойып жатты. Сабакта болмауының себебі белгісіз. Класс кезекшісі – жыпылық Қуат иығын көтереді.

Енді сабактың соңына дейін әзер шыдадым. Әлсін-әлсін парта қуысында жатқан дипломатымның сыртын қолыммен сипалап қоямын. Неге өйтетінім өзіме де гүсініксіз. Құнделікті менен кейін алдымен Лаура қолына ұстауы керек. Өзіме қаншалықты жақын адам екенімді сөздірудің жалғыз-ақ сылтауы осы ғана. Бір сэтте, тіпті бұның әлгі болашақ мүйісіміз үшін таптырмайтын құнды нәрсе екені де мені онша қобалжытпайтын тәрізді. Ең бастысы бұл құнделік Лаурага деген өзгеше бір қарым-қатыстылығымды білдіретін нәрсе болп тұрғандай. Өрекпіл тыншымауымның себебі де осы болар, сірә?!

«Жоқ, жоқ, ең бастысы мүйісіміз үшін ғой» деймін. Ал, тағы бір үн іштей ғана: «Лаурага... тек қана Лаурага көрсету үшін ғана» деп сыйырлайды. Бүкіл сабактың үстінде елеңдеп, қай үніме құлақ түрерімді білмей отырдым.

Мектептен шыға салысымен, Лаураның үйіне тартым.

Келесі көшениң оң жақ қапталынан көрінген тоғыз қабатты үйде Лаура тұрады. Бірінші подъезд, бесінші қабат. Ал, пәтері?.. Пәтерінің реті 35-ші, әлде 53-ші ме? Есімде қалмапты. Былтыр оны туған күнімен құттықтау үшін, класс атынан үйіне барған үш адамдың делегацияның құрамында болғаным бар. (Бұл біздің кластиң ежелгі дәстүрі, уш тал гүлмен үш адам әркімді туған күнімен үйіне барып құттықтайды) Лаураның үйін сонда тұнғыш рет көргенмін. Әкесі мен апасының өте инабатты жандар екені де есімде қалыпты. Лаураның өзіне мұлдем ұқсамайтын бұзакы інісінің қылышын да ұмытқаным жок. Тіпті, қазір бұны осы сәт ойға алуудың өзі мені адам айтқысыз көнілсіздікке душар еткізер еді... Еске алмауға тырысамын. Онан да пәтерінің нешінші екенін есіме түсірейінші деймін. Бірақ, әлгі бұзакы бәрібір



оыйнан шықпай қойды. Сонда, сол жолы, біздерге есікті соның өзі ашқан. Кекілі шолақ, кертік мұрын, тесірейген дөңгелек көздерінің жылпос қарашығы менің қолымдағы үш тал гүлге қадалып қалды. Содан соң маған кесірлене көздерін қадады да:

- Экел! Бер! – деп, гүлге қолын созды.
- Жоқ, тұра-тұр, бұл саған емес, Лау...

Банудың сөзі аяқталмай қалды. Есік оның маңдайына соғылғандай тарс етіп жабылды. Сылдырлатып, кілтін бұрап та ұлгерді әлгі тентек. Бір-бірімізге қарап, мылқау адамдардай иықтарымызды қиқаң-қиқаң көтеріп, тіл қатуға шамамыз жетпей, тұрып қалдық. Батылдық жасап, қонырауды бұл жолы мен бастым. Бір рет, екі, үш рет... Үзік-үзік, «бим-бомға» жауап ретінде есіктің аргы жағынан Лаураның: «Қазір ашамын... Тұра тұрындар, қазір ашамын. Кілтті қазір аламын. Нұрбек, Нурка, бер! Берші... Папам келгесін жазанды береді. Нурка, Нуркаш-ка...» – деп дызылдаған, жыламсыраған, дәрменсіз, жалынышты сөздері естіліп жатты.

Нуркашка-Нұрбектің мына сүмдигына ызаланғаннан, тіпті Банудың да жылағысы келіп кетті. Ал, қасымыздағы үшінші адам – Куат. Нуркашка есімдес тентектің мұндай-мұндайысын талай рет көрген және бұл жолы да осылай болатынын біліп келгендей жайбарақат, тымтырыс тұрды. Әшейінде жыпылықтап кететін көздері де жыпылық қақпайды. Әрі-беріден соң Нуркашқа емес, Куаттың осы тұрпатына жыным келе бастады.

- Мә! – деп, оның қолына гүлді ұстата салдым.
- Жо-жоқ, сен бересің, солай келіскеңбіз мана, – деп, қызараң ете қалды ол.
- Гүлді ешкім де бермейді. Көрмейсің бе өзің, саған есікті кім ашайын деп тұр!

Дәл осы мезетте есіктің ішкі жағындағы Лаураның, сыртқы жағындағы біздің мүшкіл халімізді сезіп,



білгендей әкесі мен апасының келе қалмасы бар ма! Бану қуанғаннан: «Ой, қандай жақсы болды!» – деп айқайлап жіберді. Менімше ол есіктің ашылатынына емес, әлгі Нуркашканың сазайы берілетініне шексіз қуанып кеткен тәрізді. Бірақ, Банудың ойлағаны болмады, Нуркашка біздің көзімізше сазайын алған жоқ. Әкесі де, апасы да ештеңені сезбегендей, әрқайсымызды бетімізден сүйіп, рақмет айтты. Дереву біздер үшін олар кішігірім туған күн дастарқанын ұйымдастырып жіберді. Ал, Нурканың дыбысы естілмеді, сірә, көп бөлмелердің біріне қамалған болуы керек. Жылап алғанына қарамастан, Лаураның сонда көңілді болуға тырысқаны есімде. Бану мен Жыпылықты (Куатты) білмеймін, өзімнің де көңілді болуға тырысқаным есімде. Есімде қалмағаны – пәтердің есігіндегі рет саны ғана. 35-ші ме, 53-ші ме еді?..

Пәтерінің нешінші екенін еске түсіріп жатудың қажеттілігі болмай қалды. Үйдің сыртқы кіре берісінен Нұрбек шыға келді. Қолында қара теңбіл футбол добы.

– Мә, қағып ал! – деп, бар пәрменімен аяғын сілтеп, допты ауладағы балақайлар ойнайтын алаңқайға жиылып тұрган өзі сияқтылардан құрылған шуылдақ топқа қарай зымырата теуіп жіберді. Әрине, мені елеген жоқ. Оған қазір мұршасы да жоқ еді. Барлық қызық әп-сәтте додаға түсіп кеткен қара теңбіл допта тұр.

Пәтердің нөмерін, әлде Лаураның қайда екенін сұрауды аз-кем тосылып, дәл жанында состыып тұрып қалған мені иығымен қаға-маға топқа қарай тұра ұмтыла түсті де, қалт тұрып мұдіріп қалды. Кедасының бауын байламай, аяғына іле салғаны ойына сап ете түскен болуы керек, еңкейді де, асығыс-қапылыс тұқшындал жатты. Енді кідірсем, кертік мұрын Нурканы маған ұстая жоқ. Қасына жетіп барып, білеғінен ұстай алдым.

– Лаура қайда, үйде ме?



Өз даусым – өзіме таң. Біртүрлі сұық, ызбарлы әрі шүғыл, кесімді шықты. Нурканың дөңгеленген көздерінің отты нұры бірден жасып қалды. Екі қолы кеданың бауында, жымқыра түскен ерні бейкүнә қалпына келді. Жуасып қалған қарашықтарын оншалықты тіктей алмайды. Өзіне төніп түрған маған тұра қарай алмай, аспандаған көздерін лезде төмен аударып жіберді. Үстемелетіп сұрамай, жауап қүтіп, тым-тырыс қалғаным оның есін тез жиғызды. Белін жазып, дереу тіктеліп кабағын түкситіп алды. Пәлі, өзі өсіп кетіпті. Бойы менің иығымен денгейлес. Былтыр үшіншіде оқыса, биыл төртіншіні тамамадап, бесіншіге иек артып түрған болуы керек батырың. Енді алтыншы оқитын біздің Гүл мынаның қасында... тып-типылдың да типылы. Заматта «жұмсарып», өзіне түсініксіз таңырқап қалған момын кейіпім оны одан сайын қоқыландыра тусты.

– Кімсің сен? Не керек саған?

– Балақай... Жоқ... Нурка...

– «Нурка» – өзің! Мен – Нұрбекпін!.. Ал сен кімсің?

Ойнаймын, кеттім. Эй, тоқтай тұрындар, бастамандар!

– Нұрбек, мен Лаураның класынамын. Білесің гой сен. Былтыр... Лаураның туған күнін құттықтап келгенбіз.

– Ой, сенсің бе? Әлгі сенің атың... сенін атың?

– Әбіл! Әбіл гой...

– Білем, білем, Лаура айтқан...

«Лаура айтқан» Нұрбектің елеусіз, немқұрайлы, әшейін айта салған мына сөзінің кереметін кара! Тілім байланды да қалды. Мұндай сөзден соң әлдене деу – мағынасыздық. Үзіліс-кідіріс жасап қалғаным Нұрбекке тұттықпасы ұстаған адамдай көрініп қалсам керек:

– Сен не, ке-ке-кекешің бе өзің?! – деп ойнақы мазаққа бұрды.

– Жоқ, жоғ-а. Мен әлгі, жалпы былай сосын... Лаураға өзі сұрағасын, сабактардан үйге берілген тапсырмаларды айтып кетуге келдім.



– Соғыпсың өтірікті! – Топталып өзіне қарап тұрған шыдамсыздарға: – Қазір, қазір барамын. Мен – «Спартакпын», «Қайрат» емеспін, – деді ол. – Оны кеше кешке ауруханаға алып кеткен.

– Не болды оған? Менің кенеттен мүшкіл, аздаң үрейлі, мүмкін аздаң қапалы өзгеріске ұшыраған кейпіме енді Нұрбектің көңіл аударып жатуға шамасы болған жок.

– Кеттім! Чао!

– Токта! Айт жаныңың барында! Не болды оған? Зып беріп сыйтылып бара жатқан оның сонынан тұра ұмтылдым. Қолыма шалбарының белдігінен шығып кеткен мәйекесінің етегі ілінді де, Нұрбектің «тормозы» кілт ұстады. «Спартак» пен «Қайраттың» ойыншыларына мына іркіс-тіркіс көрініс сезікті көрініп кеткен болуы керек. «Уралап!» біздерге лап қойды.

– Өй, өзің неменесің, әй? – Нұрбек өзіне дем беруші «қалың қолдың» әрекетін көргеннен кейін, тіпті қоразданып алды.

– Айт деймін! Лаураға не болғанын айт деп тұрмын ғой саган!..

«Қалың қол» «уралағанымен» досына тікелей көмекке кіріспік кете алмай, анадай жерге келіп, иіріліп тұрып қалды. Араларынан наразылық үндері оқыс-оқыс шығып жатыр.

– Мынау кім-ей?

– Шпион болар өзі!

– Тыйым салу керек!

– Әкесіне айту керек!

– Жоқ, апасына!

– Қолындағысын қара!

– Әкесінің қызметке ұстайтын дипломаты ғой.

– Студент шығар...

– Бала да студент бола ма?!



– Шик-шикарный-ай!

– Нурка! Не деп тұр мынау өзі?

«Құртшабақтардың» наразылығы қымылға, әрекетке көшсе, «таяқ» жемегенмен, құлкі мен мазаққа айналып, шұғыл зытып отыруыма тура келетінін біліп тұрмын. Осы мезетте балконнан:

– Нурка, Нурик! – деген дауыс естілді. Лаураның мамасы.

Енді менің онымен ісім болмай қалды. Оны «Спарта-гына» тастап, бесінші қабаттағы балконға даусым еркін жетерліктең жерге келіп:

– Сәлеметсіз бе, тәтей! – дедім. – Бұл мен – Әділов, Лаураның класынанмын.

– Сәлемет пе, айналайын! Лаурамыз кеше аяқ астынан...

Анық көрмесем де ол кісінің сәл ғана кемсөндеп, еріні жуыспай кеткенін білдім.

– Айтыңызышы, не болды оған, тәтей?!

– Соқырішек. Со бойда операция жасады. Әкесі екеуіміз ауруханадан түннің ортасында келдік. Таңертен тағы барып келдік. Операция өте сәтті болыпты. Бәрі жақсы. Тез тұрып кетеді дейді дәрігер. Айналайын, үйге кірсөнші өзің, не ғып тұрсың. Кел, көтеріл, 53-пәтер ғой біздікі.

«Рақмет», – дедім. Лаураның әлі-ақ жақсы болып кететінін айтЫП, мен де өз тарапымнан жұбаныш білдірген болдым. Қай ауруханаға түскенін сұрадым. 12-ші қалалық аурухананың 3-ші корпусы, 14-ші палата-сында еken Лаура. Ертең бүкіл класс боп міндетті түрде баратынымызды айттым. Жок, ертең бармауымыз керек еken, екі-үш күннен соң, орнынан тұруға рұқсат еткен-нен кейін барамыз. Апасы менің кім деген бала еkenімді сұрады. Мен қайталап айттым. Бұл жолы фамилияма атымды қосып айттым.



Үстімнен бір қап салмақ түскендей, өн бойымда сергек женеллік бар. Әрі көңілсізбін, бірақ жабықпайтын тәріздімін. Адам сезім күйінің ең түсініксіз құбылысы қазір менің басымда. Аяғымды сүйрете басып өте сылбыр, өте баяу жүріп келемін. Дипломатымның ішінде аяулы күнделіктің – мүйісіміздің құнды экспонаты жатқаны оншалықты толқытпайды. Тіпті, ондай нәрсені еш уақытта көрмеген, оқымаған сияктымын. Қызық! Бір ғажайыптың күшімен санамда бейнеленіп қалған күнделіктің заттық елесі өшіріліп қалған тәрізді ме? Түсініксіздік! Таптым, таптым. Бұл түсініксіздік теориясы. Теорияның авторы – аты-жөні, кәсібі, болашақ мамандығы, тағы басқа толып жатқан деректері жүртқа өзір белгісіздеу жетінші «а» класының орташа оқушысы Әбіл Әділов.

Сол күні сабактан келісімен, төргі бөлмедегі диванға кеп сылқ құладым. Әбден сілемнің қатқанын, шаршағанымды сонда ғана білген болармын. Әйтеуір, қайдағы бір түсініксіздік теориясының шешімін таба алмай қалжырап, көзім үйқыға кілгіріп бара жатты

* * *

Апам оятты.

– Тұра ғой, Әбілжан. Не киямет көріп, шалдығып, шаршағансың өзің? Киімінді шешуге мұрша-шамаң жетеппеті. Тұр. Ваннаға бар да, жылы суға жуынып, шайынып ал. Ишін аппақ қып тазалап қойдым. Тұр, тұр!..

Көзімді бір ашып, бір жұмамын. Мезгілсіз, әрі сондайлық ұзақ үйқыдан басым мен-зен боп, ішінде бірдеме дыңыл қағып тұрған тәрізді.

Апам аласа шкафттан сұлгімді алды. Тағы бір суырмасын ашып, іш киімдерімді шығарды. Бұдан әрі жата беруге болмас. Кенет!.. Кенет ойыма апамның бүгін тұнгі



кезекке шықпайтыны сап ете қалады. Ол түнгі кезекте кеше Лаура ауруханаға түсетін түні болған. Мүмкін!.. Мүмкін оны ауруханаға апамның жедел жәрдем машинасы апарып салған болар-ау. Кім біледі, әбден мүмкін гой. Кездейсоқтық – бұл ұлы теория. Бүгін басыма қайдағы бір теориялардың кіре бергені.

– Апа!

Ол маған таңырқап қарап тұр. Әлі оянбай, үйқысырап отыр ма деп тұрғаны анық.

– Апа! – деп қайталаймын, – сенде кеше соқырішек ауруы ұстаған қанша адам болды?

Оның жүзінде тағы да саяул:

– Иә, оның саған қандай қажеті бола қалды?

– Жоқ, есіңе түсірші деймін, болды ма сондай адамдар?

– Ал, болған сияқты!

– Болған сияқты ма, әлде анық болды ма?

– Болды деп тұрмын ғой. Неге керегі бар еді саған оның? Тұс көріп отырың ба, не болған саған?..

Осы кезде біздің әңгімемізге Гүл келіп араласты.

– Апа, апа, тындашы мені! Әбіл өткенде де сөйткен. Нанбасаң әкемнен сұра... Сен жұмыста болғанда... Сөйтті... Біз, әкем екеуіміз, қатты қорықканбыз. – Гүл өзінің мен турасында кенеттеп, жаңа ғана пайда бола қалған болжам, күдігін дәл осы сәттегі жағдайға байланысты шұғыл, бей-берекет, асығыс айта бастады.

– Коя тұршы. Не айтып тұрсың. Сөйткені неси, қорықканы неси?

– Айтып тұрмын ғой енді. Қорқып кеттік. Ол бірде-бірдеме деп, біреудің фамилиясын айтып, айқайлас, ұйықтап жатқан жерінен атып тұрды. Көздері мынандай.

Гүл ете жасанды тұрде көздерін алақтатып, менің кейпімді көрсетпек болды. Сұмдық комедия!



Апам біресе Гүлге, біресе маган қарайды. Көздерінде үрей пайда бола қалды Апамның үрейін сейілтіп және озімнің дұп-дұрыс екенімді дәлелдеу үшін орныман жайбарақат көтерілдім де, екі-үш қымылмен керіле түсіп, физзарядка жасадым. Содан соң жайбарақат қана құлдім дс:

– Гүлдің артистік қабілеті оянып келеді. Ура! – деп апамның иығындағы сұлгіні алдым.– Мен ваннаға кеттім. Тура бір сағаттан соң шығамын.

– Апа, апа... анаң қарашы. Құлгенін қарашы. Неге құлдеді? Өзі біртүрлі боп кеткен. Біртүрлі өзі, шын айтам...

Гүлдің одан арғы сөздері маган естілмейді. Ваннаға жылы су жіберіп, душтың астына тұра қалдым.

Апам іле-шала келіп, есікті шыдамсыздана тықылдатып кетті:

– Эбілжан, Эбіл! Тез жуын да, шыға ғой. Тек сергісөң жетеді ғой, құлышағым!.. Сейте ғой, жарай ма?

– Жоқ, бір сағаттан кейін!

Міне, сөздің құдіретті күші қандай!

Гүлдің әлгі сөздері заматта апама мен турасында өте қудікті көзқарас туғызыды.

– Жасасын Сөз!

– Не дейсің, Эбілжан?! Шық енді, болды!

Апам есікке құлағын тосып, кетпей тұр екен ғой. Менің енді шынымен құлқім келе бастады. Бірак, өзімді-өзім ұстаям керек. Құлсем, менің шынымен-ақ дұрыс еместігіме апамның сөз жоқ, көзі жететін түрі бар.

Бұл комедия осымен аяқталсын. Көп ұзамай апам тынышталды. Менің кәдімгі, қалыптағыдай Эбіл екенимे көзі жетті. Оның кезегінде соқыршегі ауырып, ауруханаға түскендерді не үшін сұрағанымды да білді. Өкінішке орай, сол түні апамның аппендикс диагнозымен 12-ші ауруханаға түсірген жалғыз адамы Лаура болмай шықты.



Ол да жап-жас қыз екен. Бірақ, оқушы емес, оқытушы. Тіпті, оның ағылшын тілінен сабақ беретініне шейін апамның есінде қалыпты.

Гүл міндетті түрде әңгімеге араласты. Бұл оның бойындағы ең кеселді «дерт».

– Ол мұғалима қай мектепте жұмыс істейтінін айтқан жоқ па? – деп сұрақ қыстырыды.

Апамның орнына оған мен тиісті жауап беріп үлгірдім.

– Мұның саған еш қатысы жоқ! Әңгімеге араласпа!

Бұған Гүл тосылады ғой дейсіндер ме?! Мүмкін емес.

– Ал саған қандай қатысы бар кімнің соқырішек болғанының? Айтшы ал! Лаура, Лаура!. Қайдағы бір Лау-расы бар екен айта беретін. Сол үшін бе?

Мұндайдың арты әдетте Гүлдің жылауымен тынар еді. Бұл жолы асқан шыдамдылық таныттым. Гүлді апамның өзі тыйып тастады. Соқырішек, апамның кешегі түнгі кезегі, ағылшын тілінен беретін оқытушы қыз жайындағы әңгімелер осылайша тынды. Ал, менің көнілімде дей тұрғанмен де аздаған өкініш қалды. Сол түні апам ағылшын тілінің оқытушысын емес, Лаураны ауруханаға алып барғанда ғой, шіркін! Өте-мөте сәтті кездейсоқтық болар еді-ау бұл. Кім үшін бірақ? Лаура үшін бе?.. Әлде мен үшін бе? Лаура үшін де көмекке басқа емес, менің апамның келгені жаман болmas еді ғой, ә?

Алдында, үстел үстінде жатқан оқулықтарға қарауга зауық жоқ менде. Бір сәтке Лаураға айналып кетемін де, қиял сағымында қалқымын. ...Әбілдің апасы. Үстінде актығы тура жаңа жауған қардай халат. Өзі кетеріп әкеп, машинаға салып жатады. Қолдары мап-майда, көздері мейіріммен мөлдірейді, Әбіл қандай бақытты! Осындаі апасы бар...



– Эбілжан! Элгі кешегі дәптерді не қылдындар? – деген атамның даусы естілді дәліз жақтан. Сондай ыстық, сондай тәтті қиялдың шыркы бұзылды. Бәссе, сол күнделік–дәптер бар емес пе! Қазіргі ең басты, ең маңызды нәрсе – сол. Лейтенант Молдабаев Тұралдың соғыс жылдары жазылған күнделігі.

Атамнан жасыратын құпиям жоқ. Жағдайды баяндағым. Бұл күнделікті алдымен отрядымыздың бастығы Лаура оку керектігін дәлелдеген болдым. Ал, ол ауруханада.

Атам түсінді, макуллады. Бірақ, күнделікке аса үқыпты қарап, жоғалтып алмау керектігін мұқият ескертіп қойды.

Қолима ұстагалы кілттенбеген дипломатымды ұйықтардың алдында кілттеп қойдым.

* * *

Лаураның ауруханага түсkenін өте бір төтенше оқиға ретінде хабарлаймын, сыныптастарымды елең еткіземін деген ойым іске аспады. Бірінші сабакқа қонырау соғылып кеткеннен соң, Бұбила апайға ілесе кірдім де, орныма отырар-отырмaston, қолымды көтеріп:

– Апай, хабарлауға рұқсат етіңізші, төтенше оқиға бол қалды! – дедім аптығымды баса алмаған күйі.

– Иә, хабарлай гой, кәнікей, Әділов!

– Жолдастар! Тынышталындар. Куанбаева алдыңғы күні кеште ауруханага түсіпті. Операция жасалты оған! Осыны хабарлайын деп...

Сөзімнің соңын жұтып қойдым. Класс шу-шу ете түсіті.

– Сенен бұрын естігенбіз...

– Білеміз...

– Өзі, сірә, жаңа естіген болар!..

– Саған кім айтты бұны?



– Эх, байғұс Петрарка!

Бұны сыбырлап айтып қалған Айғатбек екені даусыз.

Бұбила апай:

– Бар, орныңа отыр, айтып болсаң! Ал, сендер, шуламандар. Әділов класқа менімен бірге кіріп тұр гой. Сендердін бұл жайды естігендерінді білмеген...

Өзімнен-өзім қысылдым. Класс алдында Лаураға деген жеке басымның көзқарасын жариялаған адамдаймын. Самсап отырған жиырма үштің қырық алты көзі екі бетім ду етіп қызыра түскен ұялшақ халіме мұсіркей құліп, басымнан аяғыма шейін тінткілеп өткен тәрізді. Орныма отырған бойымда Айғатбек пен Сауран жақтан алдыма қағаз сарт ете түсті.

«Уайымынды бөлісеміз. Қабырған қайыспасын. Әлі-ақ құлыншықтай шапқылап кетер Л...н. Әттеген-ай, тек мүйіс ұйымдастыру шаруасы аксап қалады-ау енді!..

Одақтастарың – А. мен С».

– Әділов! Такта алдына! – Бұбила апайдың не сүмдышты ойлағанын кім білсін, даусы өктем-ақ шықты. Сабақ сұрауды мақсат етсе, дайындық мәселесі менде нөлге жуық. Хат-қағазды умаждал тастай салдым да, орныманнан тұрдым.

– Еденге қағаз тастауға болмайды. Көтеріп, бері ала-кел!

Сүмдыштың бұдан асқаны жоқ. Айғатбектің хат-қағазы мені енді шын масқаралауға қарады. Еңкеюге дәрменім жоқ, тізелерім дірілдеп қоя берді. Менің басымда бұрын-соңды болмаған жағдай.

Мұғалім алдында қорқақтығымды сездіру – жігіттігімді масқаралаумен пара-пар нәрсе екенін біліп тұрмын. Бірақ, қынқ деп тіл қатарға және шамам жоқ.

– Апай, ол әшейін бір... жәй қағаз...

– Бәрібір, кетер де, әкеліп көрсет!

Бұйрық – өте сұық та өктем.

Осы сәтте Айғатбек тосын мінез көрсетті. Орнынан үшіп тұрып:

Ол қағазды жазған – мен, апай. Сондықтан, мен көтеруге тиістімін, рұқсат етіңіз.

– Отыр, Көшенов, рұқсат жоқ. Өз кезегінде жауап беруге дайындал!

Мына кереметті қараңыз, Айғатбек, әрине, отырган жоқ, Бұбила апайдың айтқанын мұлдем естімеген адамдай менің партамның жанына келді де, қағазды еңкейіп алғып, жыртып-жыртып қалтасына салды. Және осының барлығын адам айтқысыз баяу түрде, асықпай-саспай істегенін көрсөн.

Класс жым-жырт боп тына қалды. Өз білгенін істеп болсын дегендей, Бұбила апай үнсіз қатып қалған. Сәлден соң барып, үкім сөзі айтылды.

– Көшенов, Әділов, класты босатыңдар!

Айғатбек – алда, мен – оның сонында, тіркесіп, ыңшыныңыз кластан шығып жүре бердік.

Мезгілсіз уақытта сыртқа шығып бара жатқан скеуімізге коңыраушы-вахтер Дәрмен атайдың жақсы көзben қарамағаны анық.

– Сен... Әбіл... Бәрі менен болды... Кешір, ұмыт, жарай ма? Айғатбек өзін кінәлі санап келеді. Мен жауап орнына:

– Менде қырық тиын бар, жүр, балмұздак жейік, – деймін.

– Менде де тиын жетеді! – деді Айғатбек. Әп-сәтте жарқылдаپ, бұрынғы қалпына түсе қалды.– Оған тир атамыз!

– Келесі сабақ – Қаным Нұрмағамбетовна, Физика.

– Үлгереміз. Уақыт былай жетеді!

Айғатбек иегінің астын, кенірдегін қолының қырымен жанайды.



* * *

Екінші сабақ та оншалықты көңілді басталмады. Сабақ үстіндегі «ЧП»-ның, төтенше оқиғаның, класс көлемінде қалып қоюы екіталаі нәрсе. Біздің тәртібімізге, үлгерімізге, ұйымшылдығымызға, адамгершілік моралімізге, тағысын-тағыларымызға тікелей жауап беретін жауапкершілігі бар адам ретінде Қаным Нұрмұғамбетовна Айғатбек екеуімізді класс алдына шығарып, өнеге сабағын үйретті.

– Элден осындастындар, бара-бара не болмақсындар?!

Шынында да қазір осы қандаймыз? Өз басымда ерекше ештеме жоқ. Жетінші класта оқитын қаладағы кез-келген бала қандай болса, мен де сондаймын. Сабақ үлгеріміме өзімнің де, ата-анамның да, Қаным Нұрмұғамбетовна-ның да өкпесі жоқ. Әлеуметтік тегім – интеллигент отбасынанмын. Әкем, шешем, қарындастың және мен – бір үйдің шағын мемлекетін құраймыз. Міне, солай, басқаша өзгешелігім болса, көзі бар жұрт көріп, танып алсын. Ал, бара-бара не болмақпыз? Физиологиялық жағынан жетіле түсетініміз әрі-беріден соң ғылыми ақиқат. Әрине, ақыл мәселеңі де өзінің пропорциялық эквивалентін береді. Өмір-баки жетінші «а»-дағы кезеңнің дәрежесінде қалмайтынымыз тағы шындық қой. Мен, жалпы, шәкірттеріне әлі ақылы толыспаған деп қарайтын мұғалімдермен келіспеймін. Солай, келіспеймін!

– Бастарынды көтеріндер, мынаған келісейік!

Мәссаған, Қаным Нұрмұғамбетовна апай тұра мана-дан бергі менің ойымды оқып тұрған адамдай, келісімге шакырып тұр. Бірақ, өкініштісі бұл басқа келісім бол шықты.

– Егер де сендер туралы, әсіресе Көшеноң сен тура-лы мұғалімдерден шағым түссе, сабактарының жақсы үлгіріміне қарамай, емтихан тапсыртқызымыз. Ал, тәр-

Гүлгүлсіріңе қанағаттанғысыз баға қойылады! Келістік пе?
Қайталанса, өкпелемейсіндер!

Мен Айғатбекке қараймын, ол маған қарайды. Оның мұрнының ұшында балмұздактан ақсағал дақ қалыпты. Мен еріксіз өз мұрнымның ұшын саусағыммен сұрткілеп жібердім.

– Сонда қалай, келіспейміз бе?!

Қаным Нұрмагамбетовна апай қатыгез мінезінен айшымай түр.

– Жоқ, келісеміз!

Даусымыз жарыса шығады.

Қайда қашып құтылмақсың, келісесің.

* * *

Кенет ойыма әлдене сап ете түсті. Құнделіктің жыртылып қалған соңғы беттері атамның сандықшасында толып жатқан көне қағаздардың арасында да болуы мүмкін фой. Атам маған дәпперді алды да, бере салды. Беттері түгел ме, түгел емес пе – тексерген де, қараған да жоқ. Ал, мен ақымақ, міне, талай күн бойы бұл тұрасында ойыма да алмаппын-ау. Сондықтан, құнделікті Лаураға бұл күйінде бере салуға асықпауым қажет.

Атам бір аптадан бері тауда, саябақта болатын. Өзінің рұқсатынсыз сандықшасын ашуым – қылмыс. Атам әлгі бір ескірген, сарғайған қағаз, қуәліктеріне аса мұқият. Кілттеп қоятынын білемін, яғни, өзімнен басқа адамның бұл қағаздарға тиісуге қақысы жоқ дегені.

Атамды күту пайдасыз. Ол кісінің таудағы шаруасы қазір қауырт. Бақты суару, он шақты ұя омартаңың жайкүйіне қарау, үйдің төңірегіне гүл, өсімдіктер отырғызу, әйтеді, толып жатқан таусылмайтын істерімен әуре.

Ертең – жексенбі. Біздің кластың Лаураға барамыз деген күні. Ал, мениң атама баруым керек болып түр.



Және өте шұғыл түрде. Құнделіктің құпиясы түгел ашылмаған сияқты. Мәселен, өзімен бірге оқыған Л. деген қыз кім? Мүмкін ол қазір осында, біздің қалада тұратын шығар. Егер Л-дың кім екенін анықтасақ, тіпті керемет болады! Солай, кереметтің кереметі дегеніміз сол болады! Сондықтан асықпа, Әділов! Лаураға жеке өзің барасың. Класпен бару – көптің бірі болу. Және құнделік жайлы да айта алмайсың. Ертең Лаураға бармауға бекіндім. Рауш вожатыйдың (бастап аппаратын сол) артынан тергейтіні сөзсіз. Дәлел айта саламын. Атам ауырып қалды, дәріге бардым деймін. Бірак, тфә, тфә, атам ауырмасын. Және өзің вожатыймыздың алдында дәлел қыла қалатындей болсам, қымбатты, қадірлі аташым кешіре көрсін.

Таңтерең аяқ астынан жоспарымның өзгергеніне елден бөлек әкем таң қалды.

– Бұл қалай сонда, ауруханаға, достарыңа класс бол баруды кейінге қалдырындар ма? – деді әкем шай үстінде. Жауап беруге аузыма өте асығыс түрде тыға салған шай мен варене жағылған наң кедергі жасады. Және әкемді қандай сылтаумен сендіруге болады? Осыны ойлауым мұн, шашалдым да қалдым. Қөзімнен жас парлап, қықылдан-шиқылдаған аянышты кейпім Гүлге масқара күлкілі көрініп кетті білем, мырс ете түсті.

Шашалып-қақалған күйі мен ас үйден шығып кеттім.

– Баланы тергемей бір отырсан, ас батпай ма, саған осы?

– Мен не деп тергеппін, – деп акталып жатты әкем.

Кейде осындаи болмашы нәрседен әкем мен апамның арасында кішігірім келіспеушіліктердің, сөз қақтығыстарының туындал кететіні бар. Бұған көбінше кінәлі әкемнің оқыстап тұтана қалғыш мінезі. Сол сияқты екеуінің тез арада бітімге келуіне себепші де әкемнің заматта қалпына түсе қалғыш мінезі. Сөйткенмен де,



келіспеушіліктер, қақтығыстар дегендердің беті әрмен болсын!

Қалпыма түсіп, орныма келіп жайғасамын. Әкем сұрағына қайтып оралмайды. Кесесіндегі шайын тауысып, орнынан тұрып кетеді.

Сонымен, бүгін Лаурага неге бармайтыным өзіме ғана құпия.

Апамның атама деп салып қойған оны-мұны тамақтарын, керек-жараптарын бауыры жер сызатын үлкен сұр сөмкеге салып алдым да, тауға тарттым.

Атам менің бүтін ойда жоқ жерден келетінімді алдын-ала біліп отырған адам сияқты. Бақтың арасындағы көлеңке-құркеде жайбарақат мөштегін сорып отыр.

– Е-е, азаматым, келдің бе?! Омарталарды қалыпқа келтірдім, араекендердің көңілді тіршілігі басталып-ақ кетті. Енді бүтін екеуіміз немен айналыссақ екен, а?

Атамның жүзі қоңырқай тартыпты. Мұрты да өсің-кіреп кеткен бе, қалай. Устіндегісі – шаруақол киімдері. Аяғындағысы – сол баяғы керзі етігі. Ауылдағы шалдарға атамның осы кейпі көбірек ұқсайтын болар.

Мөштегін сөндіріп, мұртын салалап отырды да, атам кенет ойына әлдене түскендей:

– Қап, әлгі мұрт басатын кішкене қайшымды ұмытып кетіппін. Сол үшін қайтіп төмен түсіп жүрерсің. Сен, әрине, ала келген жоқсың ғой?! Ойында болмады ғой?! – деді атам, менің мұқиятсыздығымды алдын-ала біліп, алдын-ала кешіріп.

Қалаға қайткенде тез қайтудың амалын ойлап отырмын. Және үйге бара сап шабаданын ақтаруға атамнан рұқсат алыш қайтуым керек.

– Ал, кәне, тұралық, сөмкені үйге апарып қой, – деп, атам көлеңке-құркенің сырт жағына сүйей салған күргегіне қолын созды.



Қипалактап, тілімнің ұшындағыны айта алмай отырған менің бетімдегі өзгерісті ол жаңа байқады.

– Ие, айт, бірдеме айтқың келіп отыр ғой.

Атам үлкен психология адам. Бет-жүзіне, көзіңе дұрыстап бір қараса болды, іштегі ойынды қалт еткізбей тани қояды.

– Ата, мен әлгі бар ғой, – деймін, сөмкенің бауын сығымдап отырып.– Әлгі күнделік бар ғой, сен берген...

– Жоғалтып алғансың ғой, құым-ай!

Атам сөзімді бөліп жіберді. Психолог қасиетінен осы мезетте азырақ жаза басып кетті. (Бірақ егер шынымен-ақ, күнделікті жоғалтып алған болсам, жайбарақат қана тап осылай дер ме еді?)

– Жоғалған жоқ. Жоғалтуға тиісті емеспін, – дедім. Енді батылдана бастағанымды сездім.

– Күнделіктің соңғы параптары жоқ еді ғой, ата, сол мүмкін жыртылып, сандықтың ішіндегі қағаздардың арасында жатқан болар деп ойлап едім?!

– Солай деп ойлайсың, ә? Табылса деп тілейсің ғой, ә? Дұрысы – дұрыс-ау ойынсың, бірақ ол қағаздардың арасында жыртылып қалған параптары жатыр дейсің бе, неше заман бұл күнделікке?! Жә, үйге барғасын көрерміз оны...

– Сонда үйге қашан барамыз?

– Жұмыс бітіргесін де...

– Жұмысты бітіргесін?.. Ол қашан?

Шыдамсыздығымды ада-жұда танытып, орнынан атып тұрдым.

Атамның көздері күлімсіреп тұрды. Менің табан астынан пайда болған мына сабырсыз мінезімді қызықтағандай.

– Бүгін қажет болса, бүгін бітіреміз жұмысты, ертең болса, ертең.

– Жоқ, ата, бүгін бітіреміз жұмысты.



– Құп, қызылізіші жолдас!..

Жұмысты қөнілді бастап кеттік. Шүмекпен гүлдерге су бүріктім, атам қөлеңке-күркенің сыртына шырмауық өрмелейтін жіпперді жаңартып керді.

Терезе алдынан бас көтеріп, қаулап келе жатқан ошаған, алабұта сияқты арам шөптерді оракпен аяусыз отадым. Атам омарта жаққа барлау жасап қайтты.

Содан соң екеуелеп жеміс ағаштарының құрттарымен күрес жүргіздік. Аузы-мұрнымызды дәкемен бүркемелеп алғанымыз маған тұмау тиғен кезіндегі апамның кейіпін елестетеді. Апам сонда дәкемен жұмыста жүргенде аурулардан сақтанса, ол үйде сол пәлекет аурудың өзімен ілесе келген вирустарынан бізді сақтайды. Қалайша тұншықпайтынына таңмын. Ашық, кеңістік ауада маңдайым тершіп, тұншығып барамын. Ағаш құрттарын улайтын сасық дәрінің иісі бақтың шырын ауасын зым-зия жұтып қойғандай.

Дәрінің тұманы сейілген соң барып, «үһ» деп еркін дем аламыз.

– Жалғыздың аты – жалғыз. Сен келіп едің, қанша іс тындырдық, міне. Енді жақсыладап шай ішіп аламыз ғой, солай ма, Әбліжан!

Басымды изеймін. Ағаш кеспектегі таза судан қолжуғышқа су құмын. Атам газ плитасына шай қояды.

Шай ішуге отыра бергеніміз сол еді, әлдекім терезені тықылдатты.

– Болады. Кіре бер, кіре бер! – деді атам дауыстал.

– Жаңа көршіміз ғой, бұрын сот болып істеген көрінеді.

Соның арасынша онып кеткен акжағал мәйкесі мен трусиден өзге лыпасы жоқ, кеудесін, иықтарын қалын-қалың жұн басқан, дембелше, «төрт бұрышты» адам арсың-күрсің ырсылдаپ кіріп келді. Ересен ток, масайраған бет-жузіне әнтек шағындау біткен типыл мұрнымен тыныс алу – акыреттің де акыреті болар.



Тыныс алу жұмысына қазір астынғы ерні шығынкы дөңгелекше аузы да атсалысып тұр. Кірген бойда «ашы судың» жағымсыз иісі бұрқырап қоя берді.

– Әбеке, бұл қалай өзі... понимаете, сіз үйде отырып шай ішесіз. Көрші жаққа былай, нетіп, көз салмайсыз. Біз сізді бүтін күтіп, демалыс күн болғасын... Жұмыс, жұмыс... Норманы біз екеуіміз былай орындал тастағанбыз, понимаете. Енді дем алушымыз керек, понимаете...

Сөз кезегін өзі барда ешкімге беретін сынайы жоқ. Өте ауыр тыныс алып, үздігіп-үздігіп шуылдаған мұрнына қарап отырған менің тынысым тарылыш кеткендей болды. Кеудемді көтеріп дем тартамын.

– Мыңауыңыз, әлгі, понимаете... маған айта беретін немерешегің бе! Да... тұрі, былай... несі келеді. Сәлемдескісі келмейді бірақ өзінің, понимаете, а?! Қаланың, көшениң тәрбиесі, понимаете...

«Понимаетесіз» сөзі жоқ бұрынғы сот, біздің жаңа көршіміз, ендігі әңгіменің бетін маған бүрдys.

Расын айтсам, сәлемдесу деген ой көршімізді көрген беттен басымнан тұра қашып кеткен. Менің сәлеміме зәру боп келмегені белгілі емес пе?!

Атам, дегенмен де, көршінің алдында мен үшін ыңғайсызданып қалды.

– Әбілжан, мұның қалай, байқамаппын ғой менде... – деп, маған абыржы қарады.

– Жо-жоқ, ақсақал, то есть, Әбеке! Сіз кінәлі емес, біз кінәлі емес, бұған көше кінәлі. Көше, понимаете, көше... Бұлардың не боларын ойласам, понимаете, жаңым түршігеді... Әй, қойшы, понимаете, осыларды. Біздің үйде де осы сияқтылардың үш-төртеуі бар.

Менің болашағыма жаны қатты күйзелген көршіміз атамнан пенсиямды алғасын қайтарамын деп, «бес» сом сұрап алып, жөніне кетті.

Бес соммен күтылғанына атам іштей тәубә айтқан бопшар. «Понимаетенің» біздерге мазалы көрші болмайтынына көзім әлден-ақ жетіп отыр. Бұл жайында атаммен зіргіме өрбітудің қажеті қазір аз. Мені бұдан маңыздырақ шорсе – күнделік жайы көбірек мазалайды.

* * *

Мұндай кереметті кім көрген! Менің болжамым расқа шықты. Күнделіктің екі жағы бірдей толтырылған жалғыз парагы табылды. Атам бұны өзінің құпиялап тағы бір жерге тығып жүрген кенеп тысты көнетоз үлкен папкасында сактаулы, әр кезде әркімнен келген хаттарының арасынан тауып алды. Бұл парактың папкаға қалай түсікен есінде жоқ екен. «Сірә, бөлек жүрген бетті хат деп ойлаған болармын» дейді атам. Қалай ойласаң да, аташым, алтын адамсың. Куанғанымнан «уралап» айқайлад жібердім. Біздің қоқсытып «архив» актарған тірлігімізді үнсіз, қыбырсыз бақылап тұрган Гүл кенет ас үй жаққа жүгіріп кетті. Иле біз отырған бөлменің есігінен әкем мен апам келіп сыгалады. Сығалаған жоқ, әкем баса-көктеп кіріп келді. Алдына тағып алған алжапқышын апама шешіп бере салды да:

– Қалғаның өзің үлгере бер, – деді. Ендігі назарын атамның қақпағы ашулы жатқан сандықшасына, кенеп тысты үлкен папкадан шашылып түскен хаттарға аударды.

– Көке, осы мына Әбіл не деп жүр өзі? Қайдағы күнделік? Қайдағы Молдабаев? Ата-анасынан жасыратын сондай-ақ не тамаша, не қызық бұл?

– Жарас-ая, Әбілдің тауып жүрген нәрсесі ғой. Әлгі мектептерінде қызылізші ме ед, немене ед, сол болып тапсырма орындал, соғысқа қатысқан бір адамды іздең жүр екен, соның күнделігі менің мына қағаздарымның арасынан шыққан? Адам сенбейді, былай қарасаң, бірақ ете сәті түскенін көрмеймісің...



– Иә, адам сенбесе сенбейтіндей нәрсе екен. Сонда Модабайың – әлгі, сол кісі, көке, сізben бірге соғысқан ғой?

– Модабай емес. Молдабаев Тұрал! – деп, түзету жасаймын әкеме.

– Мейлі, кім болса, ол болсын, – дей салды әкем, мен жаққа басын да бұрмастан.

– Менімен бірге соғысқан. Бір ротада болғанбыз. Взвод кәмәндірі боп соғысқа кірген уыздай жас жігіт еді. Ауыр жарақат алып, гөспитілге түскен. Содан хабар болмады одан. Ауыр ұрыстан взводында да адам қалып жарымады. Кімнен сұрарсың, кімнен білерсің: аласапыран уақыт, дүниенің астан-кестенің шығарған соғыс...

– Солай, солай, сөйтіп, іздең жатырмыз де, қызылізшіміз! Іздендер, іздендер, – деді әкем бұрылып шығып бара жатып. – Тек есінде болсын, сенің не істеп, не қойып жүргенінді мына біз – ата-анаң әрдайым білетін болсын! Жарай ма?!

– Жара-а-й-ды... – деймін даусымды көңілсіз созып.

Қайдан көңілді болайын, күнделік жайлы әнгіме, ең бастысы менің отряд үшін тапқан кездейсоқ жаңалығым әкемді қызықтырмады. Оның үстіне атамның көзінше өзінің ата-аналық міндеттінің салмағын қырғып көрсетіп кетті.

Менің үй ішімде толық түсінбейтін бір жайт бар. Ол атам мен әкемнің арасындағы, яғни әкесі мен баласының арасындағы қарым-қатынас. Әкем атамды көбінесе үнсіз жүріп сыйлайтын сияқты. Екеуінің әнгімесі қысқа, жай сұрасудан аспайды. Келелі бір мәселелерді де әкем көп ретте апаммен ақылдастып шешеді де, атама нәтижесін, қалай ұйғаратынын әшейін хабарлай салады. Үйдегі адам болғасын, біле жүрсін дегендегісі тәрізді. Атам бәрін де макұлдайды, олай емес, былай деп көсемдік көрсетпейді.



Әкем әкесіне, менің атама тартпаган. Екеуі, тіпті мінез жағынан бір-біріне қарама-қарсы адамдар. Атам – қарапайым, өмірі ашулануды білмейтін жан. Ашуланса да, өкпелесе де сыртына шығармайтын болуы керек. Тұрақты бір күйдің адамы. Ал әкем... Ол кісі турасында әзірше жазбай тастап кеткен күнделік-дәптерімнің бір тұстарында айтқан болатынын: таза көңіл-күйдің адамы. Көңіл түссе – мейірімнен, ақыл-парасатынан айналасындағылардың жан-дуниесіне нұрлы сәүле төгіледі. Көңілі түспесе – ызакор, тызылдақ, оның үстіне қатыгез. Міне, әкемнің осындағы екі жақты мінезі бар. Мен өскенде де, қазір де әкемнің тек қана бірінші мінезіне қол қоямын.

* * *

Бұл мен ойлағандай күнделіктің соңғы парагы болып шықлады. Сірә, ортасынан жыртылған болса керек, бірақ басы мен соңы бар. Кіші лейтенант Молдабаевтың өзінің, екі күндеғі жан толғанысын жазған күнделік парагы еken.

Атам моншаға баруға жиналды.

Мен бөлмеме барамын да, сарғайған жалғыз паракқа үнілемін.

КІШІ ЛЕЙТЕНАНТ МОЛДАБАЕВ ТҰРАЛДЫҢ КҮНДЕЛІГІНЕН

«...Бұтін Дәрмен ағайдан хат алдым. Балалар үйінде тәрбиеленгендер туралы жазыпты. Біздің балалардың барлығы қазір майданда көрінеді. Бірақ, көпшілігінен хабар жоқ. Лиза мектепте мұғалім, бастауышты оқытады еken. Ол өзін әзірше резервте ұстап отырғанға қаты күйінетін, әрі жәбірленетін сиякты...

Эх, Дәрмен ағай, мейірбан жүректі Мәрия тәтей, бәрінді-бәрінді қалай сағынғанымды білсеңдер ғой! Құшағыма барлығың да сыйып кетер едіндер. Лұп-лұп



соқкан жүргімнің ыстық, мөлдір сағынышын сендерге қайтып жеткізе аламын.

Л...! Өзінді қастерлеп еске алып жүрген, әр сәтте көз алдыңа ғажайып елестей елестетіп жүрген «момының» тәтті мұнын саған қарай қалай ғана құс қып ұшырап екен?!

Қазір хат жазуға, хат күтуге аз-кем тыныс, кеңшілік бар. Резервте тұрмыз. Алғы шептен 35-40 шақырымдай жердеміз. Ауыр зенбіректердің гұрсілі кей-кейде талығып-талығып естіліп жатады. Әлдекімнің ыңырсып ауырсынғаны тәрізді, шерлі күрсінісі тәрізді...»

* * *

«Л» дегені Лиза боп шықты. Бір жұмбақтың шешуі табылды. Ал, кереметтің кереметі – Дәрмен ағайда жатқан жоқ па! Дәрмен ағай – соғыс жылдарында Тұрал тәрбиеленген балалар үйінің директоры болған, сірә. Мәрия тәтей – тәрбиешісі шығар...

Күнделік құпиясын аша түсті. Келесі парапты аудармын. Жазулары көмескі. Сиасы ылғалға езіліп кеткен сияқты. Және әр-әр жерінде шашырап түскен қара дақтар бар. Шашыраған қан болар, бәлкім. Күнделік парапын қолыммен сипалаймын, саусақтарымның ұштары дірілдеп кетті.

* * *

«...Жүріп келеміз, Аяз, қою қараңғы түн. Қардың аяқ астындағы сықыры, аттардың ауық-ауықта пысқырғаны жаңғырықтай жаңғырығады. Темекі шегуге қатты тыйым салынған. Жауынгерлерді шаршаудан да, үйқыдан да ғөрі осы темекі қатты қинап келеді. Таң бозарып келе жатқанда мөлшерлі жерге жеттік.

Сиректеу өскен шағын орман екен. Тамақтануға, темекі тартуға және сәл-пәл мызығып алуға 40 минут уақыт берілді.



Минуттар-ай! Қандай қымбатсыңдар. 10 минут көз жүмып алу – он сағат ұйықтап тұрғанмен пара-пар. Минуттар жауынгерлердің соғыстағы тағдырын өлшейді. Сұрапыл сәттегі минуттар, сендер өмір атты қымбат шақтың баға жетпес мөлшерсіз өлшемісіндер! Өмірдің минуттармен өлшенетін мұншама қымбаттығын біздің әрқайсымызға сұрапыл құндер ұғындырып жатыр.

Егде солдат маған темекісін ұсынды. Бұл – кәдуілгі маҳорка емес, елден келген сәлемдеме, қолдың хош иісті темекісі екенін айтады ол. Қөнілін қимадым (темекі шегуді үйрене алмай-ақ қойдым), алдым. Төс қалтасынан темекіні орайтын бүктеулі газет алыш, шетінен жыртып берді. Өзімен бірге темекі шеккенімді жақсы көріп тұрды солдат.

Мен төгіп-шашип алмауга тырысып, темекіні қағазға әзер орадым. Орауым оншалықты келіспеді білем, егде солдат басын шайқады.

– Эй, лейтенанттым-ай, осыны тартпай-ақ қой, – деді, сүйк сорған көкшіл жүзі икеміздеу жымысып.

Өз тілімде сөйлеп тұрған мейірбан ағаның бір ауыз сөзі елге деген сағынышымды бір сәтке оятып жіберді.

Құтымды ұсындым, «бойынды жылыт» дедім. Петровтың дайындаған ыстық ботқасына шақырдым. Көрші взводтан екен. Аты-жөнін сұрауды ұмытып кетіппін. «Лейтенанттым-ай» деген сөзі құлағымның туғінде тұр...»

* * *

Бұл егде солдат – атам емес пе екен осы? Осы жерін оқыды ма екен, біле ме екен құнделіктे жазылған осы сөздерді?!

Атамның моншадан оралуын тынышсыздана күтетін болдым енді.



Оның үстіне күнделікті одан әрі оқуға мүмкіндік болмай қалды. Гүл еден жууды себепсізден-себепсіз ұмытып бара жатқанымды жүз мәрте келіп ескерткен болар. Мұндай сабырысыз, мұндай тынышсыздан құтылудың жалғыз-ақ айласы – еденді әйтіп-бүйтіп, тезірек сүйкей салу. Ісім өнбей қойды. Ваннадан легенге су ағыздым. Шүпілдеп толып кеткен легенді көтеріп залға кіре бергенімде, сүріндім де, жер-дүние көлкіген суға айналды. Шүберекті жайып жіберіп, суды сорықтырамын дегенше, су жарықтық төмендегі пәтердің тәбесінен тамшылап үлгеріпті. Есіктің қонырауы үсті-үстіне дызылдап-безілдеп қоя берді. Менің залға су төгіп «қарқ қылғанымды» білмеген Гүлекең есікті жайбаракат барып ашты. Бұл – төмендегі кірпияз көршіміз Мария–Маша (подъездегі көршілер оны солай айтады) екенін ішім бірден-ақ сезген.

– Бұл не, қастандық па тал түсте жасалған. Неткен сұмдық! Қашанға шейін жалғасады бұндай бейбастақ? Ізың-шу, музыка, одан қалды, міне, тәбемізден жаңбыр жауғызады.

Гүл қапелімде істің мән-жайын ұқпай қалса керек, жүгіріп залға кірді. Көлкіп жатқан судың ортасында тұрғанымды көргенде барып, екі қолымен аузын басып, көзі алақандай боп кетті.

Соның арасынша Мария–Маша зор денесін теңселтіп «оқиға бол жатқан жерге» өзі де шақырусыз келіп жетті.

– Мына бұзакы екен ғой бұлдіріп жатқан. Бұларға бас-көз болар ата-ана қайда? Бетімен кеткендер өншең. Көкетайым-ау, барып қарашы, тәбеден төбе қалмады ғой. Үйдің іші көл болды. Енді не істеймін? Жоқ, бүйте бергізбеймін, шағым жасаймын, домоуправқа барамын. Бір емес, екі емес, басындындар ғой әбден!

Бетінің бұлк етпеуін-ай! Дәл бір күнде-күнде тәбесінен шүмектеп су құйып отырғандаймыз.



Кінәлі екенімді естен шығарып жібердім.

– Кешірініз, сіздің төбенізге қастықпен су құяйын деген біз жоқ. Төгіп алдым және бұл бірінші рет болып тұрған оқиға.

Одан әрі сөз бітті дегендей шүберекті былш еткізіп, судың үстіне тастай салдым.

Мария-Маша бір бозарып, бір қызарды. Менің оқушы басыммен ұлкенмен сөйлесе білмейтін ұятсыздығымды, ата-анама ерік бермей кетіп бара жатқандығымды тілге тиек етеді. Төбесінен шумектеген судың жайы жөніне қалды. Мария-Машаның жүйкесін одан ары ширықтыра тұсу үшін үндемеймін, шуберекті шығарып сығып-сығып аламын да, жалп еткізіп су-су еденге жаямын. Женіліс тауып, ақырында Мария-Маша ызадан сөзі божырап-кожырап төбесінен «жанбыр жауып тұрған» үйіне кетті.

Манадан мысықтай жым болып тұрған Гүл мырсымды күледі.

– Өзіне де сол керек. Қит етсе, үйінің қабырғасын, жылытқыштың тұrbасын дүңкілдететін де жататын. Өзі көршілердің бірімен де тату емес. Жалғыз өзіне не жетпейді екен, осы?!

– Ал, сен өзің соның орнында болсан, жүгіріп келмес пе едің, а? – деймін Гүлге.

– Эрине, келемін, бірақ сыпайы, мәдениетті түрде түсіндірер едім ғой...

– Мәдениетті түрде дейді ғой. Төбенен шумектеп су тамшылап тұрса, бәрін де ұмытарсың. Қара мұның сипайышылын...

Гүлдің әшейіндегі пысықтығының жаңа Мария-Машаның алдында дым болмай қалғандығына, маған болыспағандығына ызаланғандықтан, әдейі оның жынына тиу үшін айттым мұны.

– Ал, сен барып тұрған дөрекі адамсың. Мария-Маша дұрыс айтады, сен ұлкенмен де, кішімен де сөйлесе



білмейсің. Және... және бар ғой, суды әдейі, қасақана тектің. Еденді жуғың келмегендіктен! Апама жаның ашымағандықтан! Бәрін де келгесін айтамын. Қайдағы бір күнделікті тауып алып, соған шұқшиып үйдің шаруасына көңіл бөлмейтіндігінді папама тағы да айтам! Айтамын, айтамын!..Мө-е!..

Мениң Гүлге қарсы қолданатын бірден-бір құралым – сөз емес, құлкі. «Aha-ha, oho-he, ehe-he!» Осылайша куле бастасам болды, ол тым-тырыс боп тыйыла қалады. Дау басылады, сөз өршімейді.

Ісім көнілді боп сала берді. Кәдімгідей ширығып кетіп, төргі бөлмені, дәлізімен, ас үйімен қоса едендерін сырғытып жуып өте шықтым.

Қонырау дыз-дыз ете қалды. Есікті бұл жолы мен аштым. Атам, екі бетінің ұшы албырап қызыарып кеткен, көз нұрынан рахатты, сабырлы шаршаудың белгісі білінеді.

– Эбілжан, атаңа шәй керек.

– Қазір, ата, бес минуттан кейін!

Шай ішіп, жайғасып, әбден дем алып болғанша, атама күнделік жайын айтуды жөн көрмедім.

Атамды ас үйге жалғыз тастанап, бөлмеме кірдім. Физикадан тағы бірер тақырыпты қайталап, пысықтап алышп, келесі сабакта жақсылап жауап беруге тырысуым керек. Қалған сабактардан ұсталмаймын. Оқулықты қолға ала бергенім сол еді, телефон безілдеп қоя берсін.

Үйде телефонның шырылына әдетте алдымен елең ете түсетін Гүл. Жүгіріп барып трубканы өзі алады. Бұл жолы да сонысынан жаңылған жоқ.

– Тыңдал түрмый! Иә. Үйде. Бар. Жарайды... Шақырайық!..

Телефонға мені шақырып жатқанын Гүлдің жауабына карал-ақ білу тіпті де қыын емес.

– Бұл кім?

- Қуатпын ғой мен... Сен әлгі... әлгі...
- Тез айт жұмысынды. Уақытым жоқ. Физиканы қолға алдып, пысықтап жатырмын.
- Саған, әлгі, біздің вожатый хабарласып, үйіне бар деп тапсырған.
- Тыңдайық, айта бер, хабарынды.
- Лаураға неге бармай қалған екен дейді. Отрядтан иске бөлінеді дейді.
- Сосын не дейді?..
- Сосын сонысын біл дейді, жауап берсін дейді.
- Кімге, саған ба?..
- Жоқ, маған не қажеті бар. Оған, өзіне жауап бересін, яғни мен арқылы. Мен айтып баруға тиіспін.
- Немене, мені біржола тіпті мектепке де бармайды ғой деп шештіндер ме? Өзім айтамын жауабын. Солай деп жеткіз, вожатыйдың байланысшысы, түсіндің бе?
- Түсіндім... е, жоқ, айтпаймын, ештеңе демеймін. Өзің, өзің айтамын деп тұрсың ғой. Мен әшейін біл дегесін... Оның өзі және де сені сұраған.
- Кім?!
- Лаура ше! Біздер соған бардық деп тұрмын ғой.
- Кімнен сұрады, не деп сұрады?
- Бәрімізден сұрады. Әділ қайда деді.
- Сонда қалай әрбіреуінен жеке-жеке сұрады ма мені?
- Жоғ-а, қалайша жеке-жеке сұрайды. Самсал тұрган бәрімізден бір-ақ рет сұрады. Және сыйырлап, әрен-әрен сөйлеп тұр өзі. Әуелі, тіпті оны менен бөтен ешкім естімеген де болар.
- Вожатый, Рауаш ше, ол да естіген жоқ па?
- Естіді, естіді, вожатый да естіді, алло, сосын мен естіген болуым керек.

–



— Алло, алло. Эбіл, естілмей кетті. Естіп тұрмысын. Вожатый да, мен де естідім, оның сені сұрағанын.

Неге мұдіріп қалғаныма өзім де түсінбедім. Бірақ, әйтеуір, Куаттың абырарап, жүйесіз айтқан осы сөздері құлағыма кереметтей жағымды естіліп жатты. Демімді жидидым. Ішкі толқынысымды трубка арқылы Куатқа сөздіріп алмауға тырыстым да:

— Сұрай берсін, — деймін жайбарақат үнмен.

Енді Куат жауап қатпады.

—

— Сұрай берсін, алло, Куат, естіп тұрсын ба? Сұрай берсін, мың жерден сұрасын.

— Естіп тұрмын, иә.

— Сен оған бармайсың ба сонда?

— Онда шаруаң қанша? Жақсы, привет, сау бол тұр!

Гүл аузын ашып, маған таңдана қарап қалыпты.

— Кім ол сені сұраған?

— Менің жеке басымның ісіне араласпағаның дұрыс!

— Білемін, білемін. Айтпасаң да білемін. Білемін, білемін...

Қап, мынаның ызасын-ай!

Тап осы бір сэтте менде ашу-ыза деген нәрсенің жұрнағы да қалмаған сияқты. Терезеден күн күлімдеп тұр еken ғой. Үйдің іші қандай жарық! Ерке қарындастым, сенің мінезің неткен сүйкімді еді!..

Қас-қағым сэтте неге қуандым еken осы!..

Соңғы күндері сабакқа енжар болып кеткенім рас. Класс жетекшіміз Қаным Нұрмамбетовна апай бұл өзгерісімді қалт жібермей байқап жүр еken. Жұрт алдында ресми түрде салқын қабакпен ескерту жасады. Бұлайша жүре берсем, жетінші кластан сегізіншіге өтуім үшін емтихан тапсыратындар қатарына ілігуімнің мүмкіндігін айтты.



Жә, ештеме жок. Әбіл Әділовтың емтихан тапсырмайтыны ақықат нәрсе. Бұған бола күдіктенбеуінгізге болады, қымбатты Қаным Нұрмағамбетовна апай! Сіз қазір менің қандай керемет құпиямен айналысып жүргенімді білсеңіз фой. Жетінші «а»-ның болашақтағы данқ мүйісіне қойылатын бірінші және ең басты экспонатты талтыйм. Әзір класта бұл жайлы мен және Лаура біледі. Екеуіміз білеміз. Солай!

Бірақ күнделік жайлы Лаураның әзірге қандай пікірде скені белгісіз. Кеше сабактан соң емханага барды. Сарғыш тартып кеткен көнетоз дәптерді Лаураға тек қана скеуіміз білетін құпия деп беріп кеткенмін. Бір парапақ қағазға күнделіктің кімдікі екенін, менің қолыма қалайша түсікенін қысқаша жазып, дәптердің соңғы парапарының арасына салып жібердім. Ауызша айтып түсіндіріп жатудан гөрі осы дұрыс деп ойладым. Қандай құпия екенін күнделікті оқып болған соң барып бір-ақ білгені әсерлірек смес пе?!

Ертең оның ауруханадан шығатын күні. Мен қайткенде де бүгін Лаураға баруым керек. Соңғы сабактың қырық бес минуты ішектей созылып бітіп болмады. Кеппеттен электр қоныраудың зыңылдаш қоя бергені мұншама куаныш болар ма! Жарайсын, Дәрмен атай! Дәрмен атай... Дәрмен атай... Күнделіктің сол бір парапарындағы жазылғандар ойымда жаңғырып кеткендей болды осы сэтте.

Айғатбек әнеу күнгі сабак үстіндегі оқиғадан соң өзінің маған деген көзқарасын аздап өзгерте бастады. Есікке қарай ұмтылғандардың ара-арасымен кие-жара шығып кетуге асығып бара жатқан мени Айғатбек тоқтатты:

- Сенде бір шаруа бар еді, Әбіл!
- Асығыспын, не шаруа, айт!
- Қайда асығасын?



– Қайда... қайда болушы еді... атама, саяжайға барамыз... Құтіп отыр...

Аяқ астынан ойдан өтірік айта қоюдың шебері емес-пін, мұдіріп, кідіріп, көзімнің жыпылықтағаны бұны, сөз жоқ, қазір білдіріп те қойған шығар. Бірақ, қалай болғанмен де, Лаураға баратынымды оған айта алмайтыным анық қой.

– Сен, сонда не, ертең сабакқа келмеуді жоспарлап тұрысың ба?

– Неге келмеймін?

– Саяжайға жексенбінің қарсанында бармаушы ма едің? Ал ертең сенбі...

– Иә, солай, бірақ кешке кайтып келемін, қайтып келеміз... Айт енді шаруанды, әйтпесе кеттім.

– Әбіл, шаруа мынандай, біздер бір жерге баруымыз керек еді бүгін. Келісіп қойғанбыз.

– Қайда? Біздерің кімдер?

– Сен, мен, Сауран. Үшеуіміз.

– Сонда қайда, әлгі ұйымдастырамыз деп жүрген мүйіске байланысты ма?

– Қайдағы мүйіс? Сен соның іске асатын нәрсе екенине әлі күнге дейін сеніп жүрсің бе?! Әдеттегі жүзеге аспайтын керемет істерміздің бірі емес пе бұл деген, мархабатты Әділов-ая! Жүр, сосын білесің, қайда баратынымызды.

Есік алдында аспанға атып, қакпақылдал қағып алып портфелин өрмек етіп бізді құтіп тұрған Сауранға әнгімеміздің созылып кеткені ұнамады:

– Тура қыздар сияқты өздері. Сыбыр-күбір, күбір-сыбыр. Барады ма, жүрсін, бармаса, кеттік.

– Бек! Тоқтай тұр, мені қүтесіңдер ме? Бір сағаттан соң, жоқ, қырық минуттан соң кездесеміз. Мен тез, баратын да келемін.

Айғатбек ысқырып жіберді.

– Мәссаған! Мынаны қара, жынданған шығар. Тауға, саяжайға қырық минутта қалайша барып келе қоймақсың? «Барам да, келем» дейді ғой.

– Атасы екеуі мүмкін кроссқа шығатын болар. Маршруттары: дача – қала, қала – дача! Хи-хи-ха!

Сауранның осы шымшыма күлкісі адамды сары масадан кем шақпайды. Тап қазір бұған мән беріп жатуға шама болмай тұр. «Қайда барамыз деп тұр, бұлары қандай шаруа? Жок, жок! Ауруханага баруым керек алдымен. Басқа жаққа бұрылмайын. Бұрылуға тиісті емеспін қазір».

– Жарайды, онда, мен бармаймын, бара беріндер өздерің, – дедім де, олардан оза, басқышпен төмен қарай жүгіре жөнелдім.

* * *

Лаура жатқан 14-інші палата бірінші қабатта. Аурухананың ішіне кіріп, әуре боп жатпайсың.

Ол менің келуімді күтіп жүрген сияқты, әне, ашық терезеден басын қылтитып отырған сол ғой. Бұрышты айнала беріп, аптығымды бастым. Елпен қағып жүгіріп бару келісімсіз, аздаған болса да, маңыздылау кейіп көрек. Дипломатым да бұлғақ қақпасын.

Лаура менің келе жатқанымды, әрине, көрді. Қылтиған басы көрінбей кетті. Қазір кереуетіне барып отырады да, менің шақыруымды күтеді. Несі бар, онысы да дұрыс.

Терезенің тұсына келіп, жеткірініп, сәл-пәл тұрдым да:

– Лаур-а! – деп дауыстадым. Даусым нық емес, адам айтқысыз батылсыз шықты. Бірақ, екінші мәрте қайталудың қажеті болмай қалды. Ашық терезеден Лаура басын тағы қылтита қойды да:

– Әбіл, сәлем! Мен қазір вестибюльдің балконына шығамын, – деп, сол жақты мегзеп көрсетті.



Әңгіме бірден-ақ күнделіктен басталады ғой деп ойлағанмын. Лаура бірақ сабактардан нелерді қайталап жатқанымызды сұрап кетті. Сосын жазда, каникулда, менің лагерьге баратын-бармайтынымды білгісі келеді. Ал, күнделік жайлы бір ауыз сөз жоқ, оны окуды ұмытып кеткен адам сияқты. Тіпті, мына қара, қолында Проспер Мерименің новеллалар кітабы екен ғой. Мен оны күнделік екен деп тұрсам. Лаурадан мұндай мінезді, салғырттықты күтпеген болатынмын. Шырт ете қалдым.

– Күнделікті не қылдың, оқымадың ба, әлде оқығың келмеді ме?!

Лаура көздерінде таңдану, әлде үнсіз абыржу сияқты бір түсініксіздік пайда болды. «Оқымағанына бір сылтау ойлап тапқысы келіп тұр» деп түсіндім мұнысын. Одан сайын ызалаған түсемін.

– Естімей тұрсың ба, күнделікті сұрап тұрмын ғой, оқыдың ба, оқымадың ба деп?!

– Оқыдым ғой, Әбіл, ызалаңбашы маған...

Екі бетімнің ұшы ду ете түсті білем. Мәссаган, мен ызалаған тұр екенмін ғой. Не үшін? Неге? Басымды шайқаймын.

– Жоқ, ызалаған тұрғаным жоқ, – деймін басқа біреудің даусымен.

– Оқыдым. Керемет нәрсе тауыпсың. Адам сенгісіз кездейсоктық қой, солай ғой, а?! Әрине, солайы солай. Дәптердің соныкі екенінде шұбә жоқ сияқты ғой.

– Сен сонда бұл дәптерді атаңың архивінен өзің іздең тауып алдың ба?

– Жоқ, атамның өзі берді.

Сен ол кісіден сұрадың ба?

– Нені? Дәптерді, күнделікті ше?

– Қалай сұраймын, егер мен бұл дәптер жайлы мұлде білмесем.



– Сонда қалайша? Саяжайға барғанымызда менің күнделік жазып жүргенім жайлы әңгіме болған, содан шығып кетті бәрі де. Атам маған соғыста бір жаралы офицердің өзіне тастан кеткен планшетінің арасынан шыққан бұл күнделіктің сөмкесіндегі қағаздарының арасында жатқанын айтты. Ол осы күнделік болып шықты ғой.

– Қалайша бәрі оп-оңай бола қойған десенші, ә? Сен емес, басқа біреу айтса, мәселен Айғат, Саурандардан естісем, сенбес едім.

– Ол жағы өз еркінде, – деймін Лаураның дәптер-күнделіктің растығына құдіктенгендей соншама шұқшия сұраганына көнілім толықтырамай.

Лаура менің наразылығымды түсіне қойды.

– Өте бағалы экспонат табылған. Бұл жайлы класс не деп жатыр, маған өткен жолы келгендерінде ештеңе айтқан жоқ болатын олар.

– Олар білмейді.

– Сонда екеуіміз-ақ білеміз бе!

– Жоқ, үшеуіміз білеміз.

– Үшіншің кім, Рауаш па?

– Жоғ-а, ол емес, атам ғой...

Лаура құліп жіберді де, заматта, бір түрлі ауырсынып кеткендей сол қолымен бүйірін басты.

– Көрдің бе, маған құлуге де болмайды. Дәрігерлер ауруханадан шыққасын, он күнге дейін сабакқа да бармайсың деді.

– Ал, мүйісіміз не болады? Мына дәптерді не істейміз? – дедім.

– Он күннен кейін оқу да біржола аяқталады емес пе? Біздің бастаған осы игі, зо-ор ісімізді келесі оқу жылышындағы жетінші «а» жалғастырады. Біздер бастадық қой және қалай бастадық!



— Мен бұған келіспеймін. Үзілді-кесілді қарсымын мұндай жауапсыздыққа. Бастадық еken, аяқтаймыз. Немесе, дәлірек айтсам, өзім аяқтаймын. Сен құнделікті оқыдың той. Ондағы Дәрмен ағай, сосын Л...Лиза кімдер, соларды табуымыз керек. Көк қақпалы балалар үйін табуымыз керек. Бәрі де керек. Және соның барлығын өзіміз істеуге тиіспіз. Сен отряд бастығысың, біліп қой осыны. Құнделікті басқаға емес, саған көрсеткенім де сондықтан. Мұны да біліп қой!..

Табан астынан өзгердім. Бұрынғы Әділовтың жүқанасы да қалмады. Лаура менің жұлқынып, қызбаланып, әрі-беріден соң тіпті даурығып кеткен түріме қарап тұрып, біресе күлімсірейді, біресе қабағын шытады, біресе жуас қошақандай монтия қалады.

Мұндай да керемет болады еken-ay, үйге масаттанаңып қайттым. Енді отряд бастығы Лаура емес, мен сияқтымын. Ол менің айтқандарыммен толық келісті, ең бастысы даңқ мүйісін мына өзіміз үйымдастыруымыз керектігіне көзін жеткіздім. Айғатбек пен Сауранның әлгі бір әзірдегі құпия шақырыстарының да мен үшін мәні болмай қалды. Оны ойлап бас қатырмаймын. Осындаш шалқұлы көңіл күймен автобустың он аялдамасын артқа тастап, үйге жаяу жетіп келдім. Адам баласының көңіл күйі дегенге көп нәрсе байланысты-ay шамасы.

* * *

Енді жариялауға болады. Молдабаев Тұралдың кім еkenі анық. Және құнделікті соның өзі жазғандығында шұбә жоқ. Бәрін растайтын адам – менің атам. Ертеңгі күн біздің 7 «а» үшін оқиғалы күн болғалы тұр. Лаура екеуіміз... Жоқ, әуелі өзім баяндаймын. Истің мәнжайын алдын-ала вожатыйымыз Рауаш қысқаша сөйлеп балаларға түсіндіріп берер. Жоқ, бұл да дұрыс емес. Тіпті, оны шақырмай-ақ қоя тұруға да болады. Кейін ести



жатар. 7 «а»-ның онсыз-ақ та өз тірлігін істей алатынын біліп қойсын.

Ал күнделікті оқуға құмарлардың көп болатындығында сөз жоқ. Бірак, бұл дәптер жыпылық Қуаттың әркімге оқы деп тықпыштай беретін «қызық» кітаптарының бірі емес қой, тарихи құпиялышы бар нәрсе. Қолына берсөң, бір-бір беттен үлестіріп әкетуі де әбден мүмкін. Дәптер қашан данқ мүйісінің экспонатына айналғанша менде болады. Класқа оқып береміз. Бұл тапсырманы Лаураға жүктеймін...

«Тоқта, тоқта, Әділов! Сен әлі біреулерге тапсырма жүктейтін дәрежеге жеткен жоқсың. Мұны жадында мықтап үста!»

Ішкі үнімнің ескертпесін қабылдаймын. Шынында да тым батылданып, құлашымды еркін сермен, сөйлеген сөздерім де өктемденіп, біртүрлі өзгеріске ұшыраған тәріздімін соңғы күндері. Күнделік туралы Лаура екеуіміздің арамызда болған әңгімені есіме аламын. «Бұлай болмайды, өзінің табиғи қалпына тұс. Бәрібір сенен айтарлықтай ықтияты, жігерлі адам шықпайды» дейді тағы да осы арада ішкі үнім.

Мұндай ескертпені қабылдағым келмейді. Менен жігерлі адам шықпайды дейтіндер қателеседі. Жігерлілік көбінесе ойында тұрған сөзін тайсалмастан айтатын тұра мінезділерге, Айғатбек, Сауран сияқтыларға тән дегендермен біржола келіспеймін. Нағыз жасық, жалтақ, адамдар көп жағдайда сондайлардың арасынан шығады. Иә, солай! Мұндай ірі ойды айта алатында көп ғұмырды басымнан өткерген адам емес екендігім де рас. Және көп ғұмыр кешкендердің кез келгені де мұншалықты көрегендікті айта біледі дегенге де сенбеймін. Жас ерекшелігін талғамайтын бір-ақ ақықат нәрсе бар, ол – адамның ұғымы. Менің де басымдағы аз-маз ұғымым әр нәрседен түйін, пікір түйеді. Яғни, менің де



келісетін, келіспейтін мәселелерім бар. Атап айтқанда, жігерлі дейтіндермен келісемін, жігерсіз дейтіндермен келіспеймін. Ал, маған «кеуденді қақкан мақтаншақсың» дейтіндер шықса, оларға қарсы қандай дау айта аламын. Мақтаншақ екендігім аздап та болса шындыққа жуықтап қалар ма еken, ә?!

– Кімге күліп отырсың, сен?

Апам екеуіміздің троллейбуста келе жатқанымызды айтуды ұмытып кетіппін ғой. Шарықтап-шарықтап шалқыған дана Әбіл бәз-баяғы Әбіл қалпына түседі.

– Жәй, әшейің, – деймін сабырлы қалыптын. – Апа, жаңағы аялдамада өте-мәте кәрі бір әжей қасындағы атайдың иығына басын сүйеп отырды ғой, көрген жоқсың ба? Мен көрдім, соған күлдім.

Бәрі рас, ойдан шығарғаным емес. Бірақ, шындығында оған күлмегенімді апам қайдан білсін. Керісінше пәлендей мән де бермеппін ғой...

– Мүмкін ауырып отырған әжей болар?! – дейді апам. – Күлкілі ештемесі жоқ сияқты...


Апам сөзіме сеніп қалыпты.

– Ондай адамдар ауырса, жедел көмек шақыртулары керек еді ғой, яғни ауру емес ол әжей.

Әкем болса «жә, қой, мылжындашы» дер еді қазір. Апам ондай емес, шыдамды адам. Менен гөрі мылжындау Гүлдің өзінің де апамнан тойтарыс алатын кездері өте сирек. Оның бойында осындай ерекше қасиет бар, сөз тыңдал, адаммен әңгімелесе біледі.

– Солай болса, солай-ақ та шығар,— деп келісті апам.

– Мүмкін әжейдің өте-мәте жас кезі есіне түсіп отырған болар?! Міне, әжейдің бұнысы енді шындығында күлкілі еken. Біздің алдымызда отырған ши қалпақты, сақал-мұрты жоқ интеллигенттеу атай артына бұрылыш күлімсірейді.





– Өте-мөтө кәрі адамдар уақыт өте келе өте-мөтө жас кезін еске солай алады, балақай! Апаңың айтқаны дұрыс, бірақ саған күлкілі ғой осының бәрі...

Келесі аялдама біздікі, бүйірін базардан қампитып алған сөмкені мықшындаі көтеріп, апамның сонына еріп, есікке қарай ығысамын. Интеллигенттеу атай бізге қарап әлі күлімсіреп отыр. Мен де күлімсірегендей боламын.

Тұс ауа Нұкен келді. Әкемнің талантты шәкірті. Қасында, біздің үйдегілерге мұлдем бейтаныс, әдемішелеу деуге болатын бір тәтей (байжеткен) бар. Нұкен ағай есіктен кірер-кірмestен-ақ, серігін таныстыруға асыкты.

– Болашақ келіндеріңіз болады. Есімі – Элла. Зорға қондірдім: келмеймін, ұяламын дейді...

– Ну, хватит, Нук! Помолчи...

Үйге жеткенше ұялса ұялған-ақ болар мүмкін, ал қазір Элланың соншалықты ұялып түрганы білінбейтін сияқты.«Нук» жым бола қалды да, әңгіме тақырыбын бірден Гүл екеуімізге аударады.

– Әбіл, молодец, жігіт бол қалыпсың ғой өзің. Элла, танысып қой, біздің ағайдың үйіндегі үлкен азаматы осы жігіт болады.

Элла әдемі көзілдірігін әдейі көрсеткісі келгендей, оны сүйріктей саусактарының ұшымен түзеп қояды. Қабағының астындағы баттасқан көлеңке бояу көздерін жасылдандырып тұр. Жақыннан қарағанда онша әдемі емес, бояу көздерден сұп-суық жасыл от ұшқындарды. Танысып, шүйіркелесіп кетуге зар болып тұрмағанымды өте ашық түрде танытып, жүзімді әрі бұрамын.

– Жігіт деп тұрсам, ұялғаның қалай тәтеңнен! – дейді Нұкен менің қолымнан тартып.

– Мұның киелі қасиеті осы – келген қонақтардан үркеді. Қой оны, бері өте беріндер, бері, – дейді әкем. Апам екеуі алма-кезек сөйлеп, оларға бәйек бол жатыр.



Ал, Гүл Элла тәтесінің бауырына кіріп алған. Басын қисайтып мәз боп, езуін жимайды.

– Аташкамыз қайда? Тауда, саябақта?! Қандай тынымсыз шал өзі. Элла, аташкамыз да бар бұл үйде. Ол кісінің аты – Әділ атай. А-а, айтпақшы, аңқау, ақымақ басым, атасының атын келіні айтпайды екен ғой. Жә, сонда да біліп қойғаның артық емес.

– Әбіл, Әділ – ұқсас же ведь, да, Нук!

Ал керек болса, ұялшақ тәтей, соның арасынша мені мен атамның атын ұқсастырып та үлгерді.

Нук-Нұқен қиқ-қиқ күледі. Өзі қызық, өзгеріп кеткен біргүрлі. Бұрын мұндай емес сияқты еді.

Әкем ештемені естімеген адам бола қалыпты. Апам ас бөлме жаққа жылыштап барады.

Күн ұзағына дайындалып күткен қонақтарымыздың бірі – осы «Нук» пен бізге бейтаныс, «ұялшақ» тәтеміз – Элла боп шықты. Қой, көп шаруадан қалдым. Басқалары келмей тұрғанда жөнімді табуым керек болар енді.

Сыртта мамыр айының тамылжыған күні. Жай күн емес, бүгін – жексенбі. Атама тартып кетсем бе екен?! Күнделіктे өзі туралы жазылғанын ол білмейтін шығару. Мынандай жыбырлаған көмескі жазуды ол оқи қойды деймісің. Мен бұл жайлы әлі оған айтқан жоқпын ғой. Киноға бару пайдасыз, билет барлық сеансқа жоқ болатын күн бүгін. Әркімге жалтақ-жалтақ қарап, ауысып қалған артық билет аулау – ең бір сүйкімсіз де үмітсіз кәсіп. Дұрысы – тауға жөнелу. Кеш түсе қайтып үлгеремін.

Үйге қайтып кіруге тұра келді. Күнделік дипломатымның ішінде болатын.

Қарасы көбейіп, дабырласып жатқан қонақтарға бөлменің есігінен көрініп қалмауға тырысып, өзімнің куысыма қарай зып беріп, етіп кеттім. Дипломатым-



ды алып, жөнегі бергенімді ас үй мен екі арада сабылышп жүгіріп жүрген апамның көзі шалышп қалды. Қанша мұршасы болмай бара жатса да, тергең қалуға уақыт таба койды.

- Эбіл! Қайда жылыстып баrasың сен?..
- Атама барамын. Дайындаламын.
- Ертең сабағың бар емес пе, жарқыным-ау, қалай жетесің ол жақтан.
- Кешке дейін келемін. Бүгін жетемін.
- Аңдал жүр. Аласұрма! Сақ бол!
- Аңдал жүрем, аласұрмайым, сақ болам!

Тапқан екен балабақшаның бөбегін. Қымбатты атаанамның мені ығыр қылатыны – осындағы орынсыз да жөнсіз ақыл-ескертпелері. Оларға салсан, құдды бір ештеңені білмейтін бокмұрынсың. Қөшеге жалғыз шығып, аяғынды аттасаң, жазым болғалы тұргандайсың дәп бір. Өздерінің де ата-анаы осындағы болды ма екен?! Бірақ, мәселен, әкемнің әкесі, менің атам, тәртіп мәселесінде мұндай шектен тыс тинаяқтылықтың адамы емес қой. Әкемде, абзалы, атамның бойындағы ең бағалы да керек касиеттердің көбі жоқ-ау деген күмәнім бар. Жә, қойши, оларға баға беру – менің бойыма да, ойыма да шақ келмейтін іс. Ыззаланғанда ғой, әйтпесе... нем бар дейсің оларда?! Керек десен, бұл ойларымды атаммен де бөліспеймін. Әйткені, мұным тап-таза ақымақтық болады да шығады. Солай!..

Ал, қазір мен өнегелі, моп-момақан қалпында саябақ-қа қарай жөнеп келемін. Міне, автобустың соңғы аялдамасы, кейін қарай оралатын жері. Ары қарай алты жүз метрдей жоғары қарай мықшындау қалды. Бұл – тура салғанда. Ал айналып, жолмен жүрсөң – алышырақ, жарты сағаттай жүресін.

көнілікке-күпкөхін асқында орнапташып жақалғасынан көпетін. Атам
Кармадан кіре 6епе аялағын ізүнде көз таңдағын. Атам

ма екен?!

Күнің жағдайларынан, «Атам, сіңе, ыңғай болса. Тибірін көрпіп
Ың рендерін тиін-тиіншін. Калына тәжірик көлбімінде

атама тес көтүре аспекти.

Тиін-тиімбік күніңе. Кеңер күнжүжік есімде түсін көртіңде,
күнжүжіп тастан таңдауда жағдайларын. Күн кәзірде майдапаран
көзінде көпіртаптын кігедептерін сорындаған көпеметін тиімбік
үчтіңде 6аяй-6аңыз жағдайын түпрах жаңыбын. Асман көрінін
анындағын күпде беделденген болса да. Ол көк 6аңыбын айменін
жекелін жеті гіл деңгелек көнірхан, ыңғай жаңыбын түпрах
тәмеге түсіп көңін, анында, тәжірик 6асын түпрах
анындағында жаңыбынан көзінде 6аяк-6аңыз қапан алғын, көзінде
аны! Басындағы майдаңдын ызак-ызак қапан алғын, көзінде
түп. Ұлғын, көртемелі асманнан миңдең-3ең-3еңдік көрінінде-
нанктары. Төгелде аяларын 6апа жақтаса да, ұлғынан көпіртап
күні 6аян апаудан көз 6осриме 6оска да жаңыбынан

Үй, аштейіп, ерде гіл көрепіндең!

Түсіпемін.

Жаңыбынан, арамада гіл шаптастарханымында есімде
көлбіпіндеңең, миңе, езім ерде қапан етілін көне жаңыбын, соңда
кәзір, миңе, езім ерде қапан етілін көне жаңыбын.

Атам да күніңде! Қоқына күніңде.

Аларынан, күнжүжілік айман.

Денімін, күнжүжілік айман. «Мен көпегертең үчтіңде көтіпмін фон, арас», –
майдаңдағы. «Менің қапағынан емдеңде?» Жен 6асын
көпегертең асманда жаңыбынан 6аяк-6аңыз үшіндең, тінде
«Асқағаптаңа, мен ыңғай ері пір 6ипін үшіндең, тінде

жоғып ھерे 6анкадаң қартағанын 6итменіңі?!

6іпак миңін, ондан түпрах періміндеңін 6аян емек,
ете түсім, кесінчілікмен кігедепемін. Атам ашкай ажан емек,
иуан 6ынпірттан көрінін», – денімін де, сезіміндеңін миңінде-
«Ол ھе, ата?»-денимін. «Сен қанынан мұніктің-ан?» –
иуан 6ынпірттан көрінін», – денімін де, сезіміндеңін миңінде-

Жиже упиртим.
Көзмүн жоктарыңыздан, ынбиртан, онын көркөн ажама
аудирк...»

«Амбап-ан», көжемерей көздан, ецирепүн жәпін таңқасынан
аудирин жатып. Біп көзде атамын көре көркөн есім:
таңқасынан тычин жартын аудирим. Атамын арқылғыбын
жаңеңтиң жеке же көз көн етілді. Оны көзде таңқасын упиртим
ижаңтын жеке же көз көн етілді. Оны көзде таңқасын көркөн
мүшірим, ой көпүнгірепүн айналасын көрті. Баска
мүшірим,

Дүниахипанымын жа, кара ғепем. Ынре біп кіпін
траншея.

— Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы? — Жен, каш-карака монынин соғыннан қонып, жарташа 6а-
шы?

Аха біп жоюн атаманыңызда көзжүн же, кашанын,
ыппін, 6іпшүн мән көрем.

Мен тыпа тараптамын. Елеу мүшін тім күнін. Еп
аттараң аудирмай — Құн. Ақтапарың көнін тарапта ғепемі.
Көзжүн же көпірім менің. Оң кіңіне соң анында жоюнай
есі акеметаидып аудир. Менің озіліпін жігелпін, есі гіпхеме
көпмек көрепілім менің. Оң кіңіне соң анында жоюнай
көпмек көрепілім менің. Оң кіңіне соң анында жоюнай

Mədən Aypırmazıme



Аула іші жым-жырт. Көлеңке-күркө бос түр. Үйдің есігі қапсырулы, бірақ кілтпен жабылмаған сияқты. «Ә-ә, атам іште екен ғой».

Есікті аштым да, дәлізден бөлмеге қарай ұмтыла түсіп, қалт тұра қалдым. Атам жүзі сұп-сұр боп кереуетте жатыр.

— Сенбісін, Әбіл? Ауырып... қалды... атаң. Жарасқа... сендерге кеше... әлгі сот көрші звондаған екен ғой.

Атам демін ауыр-ауыр алады, тобарсыған икемсіз ерні зорға-зорға қыбырлайды.

— Су әкелейін бе, шөлдеп жатсың ба, ата? — дедім, басқа сөз аузыма түспейді. Жүргегімнің қатты-қатты соғып тұрғанын байқадым. Өн бойым қалтырап бара жатқан тәрізді ме?!

Атам үндемей қалады.

— Ата, — деймін мен үнім дірілдеп. — Не болды, қай жерің ауырады?.. Бізге ешкім, ешкім де звондаған жоқ, ешкім де!

Атам үндемейді.

— Ата, ататай, мен өзім ғой келген. Ешкім звондамады. Неге үндемейсің?..

Атам үнсіз ғана маған қарай сол қолын созады. Қолдары ыстық емес, тонып жатқан адамдікі тәрізді, мұздай.

— Құлыншағым, атаң жазылып кетеді... Әлгібір жарықшақтың орны ғой... құрыстырып тастаған... жүргегімді аздал қысты... Қазір... жақсы... кетіп қалар. Шэйнекке шэй...

Қинала-қинала сөйлейді, шаршап қалған сияқты. Қөзін жұма береді. Жұмған кезде көздерінің айналасын күнгірт, терен қоленке кіреукеleй қалады.

— Бара ғой, сөйт...

Кешеден бері осы халде жалғыз жатқан. Не деген сүмдүк! Неден бастьрымды білмедім. Әуелі тез, шұғыл әзінде келу керек болар үйге. Жоқ, жалғыз тастауга болмайды. Не істеймін? Тізем неге қатты қалтырап кетті озі?.. Шэйнекке су құйып, газга қоюым керек екен гой...

Сірепкенің қорабына су төгіп алдым. Енді жаға алсамшы. Тіземе қоса иегім қалтырап кетті, жылап жібердім. Ақыры жақтым-ау. Шэйнекті газға асығыс қоя салып, далаға жүгіре шықтым. Ойыма бірінші түскені әлгі көршімізге бару болды. Атамның қасында біреу қалу керек кой!

Қақпасы бекітілмеген екен.

– Эй, бала, мұнда, бері кел! Неге аптығып кеткенсің, өзің!

Көлеңке-күркенің астында отырып, дабыр-дұбырласып жатқандардың арасынан көршінің даусы естілді. Со лай қарай бұрылдым.

– Көрші ағай!..

Одан әрі айтатын сөзім есімнен тарс шығып кеткендей мелшиіп қаттым да қалдым. Темекі тұтінінен бе, әлде арақтың буынан ба, әйтеуір, жанарларының оты өшіп кеткен бірнеше бозғылт көз маған мұнартта қарап қалды. Газет дастарқанның үстіндегі арақтың босаған, орталанған шынылары да бір-бірімен осылар сияқты иықтарын сүйестіріп, мас болып тұрған тәрізді көрініп кетті маған. Көлеңке-күркенің асты – бір буалдыр жиіркенішті түсініксіздік. Әрқайсысының алдында – шашылып жатқан карта...

Көрші ағайдың үстінде сол баяғы мәйке, өзінің сол баяғы түрі. Типыл мұрны тершіп, бүйрек беті әбден көпіршіп кеткен.

– Екі күлағымды тосып тұрмын ғой, понимаете, балақай!..



— Ағай, атам қатты ауырып жатыр. Өте қатты... Мен соған... сізге...

— А-а, біздің көрші, фронтовик шал ғой. Кеше айтқан маган, звондарсың деп какой-то номер берген, понимашь, қонақтар келіп қалып, бастан шығе-еп кетіпті. Айай, қызын болған! Біздер деген кейде сондай, ұмытып кете береміз, понимаете. Ну, енді, қалай, келдіңдер ғой. Давай, қарандар, шал әлі сендерге керек. Мен кейін қонақтарды жөнелткесін... Давай!

Артыммен шегіне бергенімді білемін. Көлеңке-күркे бұлдырап бара жатты. Буалдырдың арасынан іркіс-тіркіс буалдыр сөздер естіледі.

— Кім ол фронтовик?

— Негылған шал, өте қатты ауыратын?! Ehe-he-he!..

— Көрші шал ғой бір. Қане, сөз сізден, Жәке, вист пе, пас па?

— Пас болудан сақтасын... Eh-he-xe!..

Сот көршінің қақпасының табалдырығына шалынып, шалқамнан түстім. Бір шынтағымды тасқа соғып алдым. Шынтағымның ауырганын да, қанағанын да сезбедім, тұра сап жүгіре жөнелдім.

Құлағымның түбінен жел гулейді. Кеудем тарс-тұрс.

«Қазір жетем. Қазір-ақ, міне! Төмен қарай тұсу – түк те емес, бес-ақ. Минет, үш-ақ минет, екі-ақ минет... Шыда, ататайым, шыда, бір-ақ, минет, міне!»

Ең жақын телефон-автомат будкасы төмен түскеннен кейін де бір аялдамадай жерде.

Құлағымның түбінен жел гулейді. Кеудем тарс-тұрс!

Телефон-автомат әне тұр. Сол сэтте қалт тоқтай қалдым. Екі тыныңға жоқ! Артқа қараймын. Кейін оралудың мүмкін еместігін білемін. «Сұрау керек, тек қана сұрап алу керек біреуден!»



Қырсық болғанда, тау жақтағы мұндай шеткі көшеслерде адамдар да сирек. Енді не істесем еken? Дәрменсіздік, шарасыздық, адамның ойлау, шешім қабылдау қасиетін үшты-күйлі ада қылады еken ғой. Абыржып тұрғаным, әлде жылап тұрғаным – өзіме мәлімсіз.

Көше бұрышынан бері қарай бір жігіт жүгіріп келеді. Сірә, ол да телефонға асықкан адамның түрі.

Жүгірген бойы кеп, будкаға қойып кетті. Өзі абыржулы.

Көріп тұрмын, екі тынысыз-ақ 03-ті терді. Қалай есіме келмеген, жедел жәрдемді шақыруға ешқандай тыынның керегі жоқ еken ғой. Сол кезде: «Ағай! – деп, қалай айқайлап жібергенімді езім де білмедім. – Маган да «03», жедел көмек керек еді, айтыңызшы...»

– А, не дейсін? Алло, алло, «Жедел көмек» пе? Қарындас, сәлеметсіз бе? Жолдастым, келіншегім қиналып жатыр еді. Иә, бірінші, біріншіміз болады! Мекен-жайымыз ба?.. Даңнаға көшесі, 31 үй. Қай көшениң қылысы еді, кай көшениң... туу есіме түспей қалды, қарындас, кешірініз, қай көше еді, түү! Аялдаманың қасы, тұра соның қасы... Иә, иә, рақмет! Қарындас, тағы да... – Ол телефонға, маган бір қарады. – Қап, тастап қойды, балақай, кешір! Әй, өзің, немене, жылап тұрсың ба, не болған саған?..

– Атам ауырып жатыр еді, екі күн болыпты. Даңада жалғыз еді...

– Жүрегі ме?

– Жарақаты әрі жүрегі.

– Қазір, міне, звондалап жіберейін. Қай дачалар. Мына жақ па? Қазір, қазір, бәрі тұра болады. Оларға не, ондай-мұндай ауруды жазу дегенің түк емес. – Ол «03»-ті қайта-қайта теріп, мені жұбатқан болып жатыр.

– «03» бос емес! Қазір тағы бір көрейік.

– Ағай, онда үйге звондайықшы, екі тыындығыңыз бар ма, әкеме, апама айтайық.



— Дұрыс екен мұнын! Қане, мә тыын, звондап жібер өзің, тез. Мен кеттім, асығысын, кешіріп қой, інішек, атаң әлі-ақ жақсы бол кетеді, түк те емес. Жылама...

Мен енді кейін, тауға қарай жүгіріп келемін. «Қазір, заматта, көп ұзамай жедел көмек те, әкем де, апам да барлығы да жетіп келер. Түк емес, жазылып кетесің, ата, жазылып кетесің, қорықпа!»

Құлағымның түбінен жел гулейді. Жүргімнің тарстұрс соққанын естімейтін сияқтымын. Жылап келе жатқан жоқпын. «Атам жазылып кетеді, атам орнынан қазір-ақ тұрып кетеді. Түк те емес!»

Тура тартып, өрге қалай шыққанымды білмеймін. Аяқтарым мұншама жеп-женіл болар ма!..

Өрдің басына шыққанымда, құн табағы үлкейінкіреп, көкжиекпен жанасуға аз-ақ қалыпты. Тымық кештің, бояуы манағыдай емес, реңі қаша бастаған. Кеш түсे тау ауасының лебінен салқындық білінеді. Қызынып жүгіріп келе жатсам да, женіл тоңазып кеткенімді сәл ғана сезінгендеймін.

Екпінімді үдете түсемін. Аяқтарым өз-өзінен көтөріліп, дачаға қарай самғатып келеді.

Міне, қақпа.

Міне, үйдің есігі.

Міне...

Дәлізден өтіп, бөлменің табалдырығынан әрі аттай алмай түрмүн. Атамның азғантай тыншып, мызғып кеткен сәті екен ғой деп ойладым. Манағы ауыр-ауыр алып жатқан демінің қалыпқа түсіп, бәсенсігені ме екен?! Жүзі қандай сұп-сұр болып кеткен өзінің?!..

Бөлмені сұық, үрейлі, құнгірт бір көлеңке жайлап алғандай, тұла бойым түршіккендей ме қалай?!!.

Қайнап-қайнап, ішіндең суы таусылған шайнектің шүмелінен «пыф-пыф» етіп болмашы, селдір бу шығып жатыр.



«Ата!» – деп жайменен дыбыстағым келеді, бірақ белгісіз бір күш, белгісіз бір үрей тілімді байлаң тастағандай. «Тырсы» деп үн шығаруға дәрменім жоқ. Артыма бұрылып, дәліздің терезесіне қараймын. Батып бара жатқан күн бактың ішін өрт қызыл сәулеге малындырып тұр. Өрт-қызыл бояу лапылдаң жатқан өрттей еле-степ кетті маған.

«Пыф-пыф», «пыф-пыф!..»

Шәйнектің демі үзіліп бара жатты!

– Ата!..

Өз даусым өзіме жаңғырықтай қайталанып естілді.

– Ат-т-т-т-а-а-а-а-та-а...

Одан арғысы шың еткен, еміс-еміс, құлаққа әлсіз ғана шалынардай адам айтқысыз өзгеше бір ауыр тыныштыққа ұласып бара жатты.

Солқылдаң, тұра баладан аумай жылаған әкемді көремін. Нүкен ағай мен бәрімізге бейтаныс Элла екі жақтап екі қолтығынан сүйемелден ұстап тұрған апамды көремін. Бұрышқа бетін беріп, иығы селкілдеген Гүлді көремін. Атамның бетін жауып жатқан ақ халат киген дәрігерлерді көремін... Бәрі де зілдей боп үйіп тұрған тыныштық арасынан маган тым бұлдыр көрініп кетті.

* * *

Атам дүние салғалы таудағы саябақ жаққа біздің үйдің ішінен ешкім ат ізін салған жоқ.

Әркімнің қазір бір басынан артылып, ауысатын шаруасы бар. Гүл екеуіміз келесі класқа емтихансыз көшуге тырысып, үйден шықпай сабак пысықтаймыз.

Үйдің ішкі, сыртқы шаруасына көп қам жей бермейтін әкемнің көңілінде қазір атама жұрт таңғалатындаң бір ескерткіш орнату қамы жұр.

Ал, апамның өз шаруасы әуелден де өзіне жеткілікті. Оның үстіне бұл күндері көңіл айтып, үздік-создық келіп



жатқан алыс-жақын туыстарды, таныстарды күту қамы тағы қосылды.

Ал, біздің жетінші «а»-ның құлшына бастаған ісі туралы класта сөз қозғалмайды. Мен жоқта жаңа отряд активінің құрамы сайланыпты. Отряд басшысы – сол баяғы Лаура. Тек отряд кеңесінің құрамы өзгеріпті. Оған бір таңқаларлық нәрсе Айғатбек те кіріпті. Усенбеков Қуаттың орнына сайлагапты. Қабырға газетімізді өткірлендіру қажеттілігінен туыпты бұл өзгеріс. Ал, оқу үлгеріміне жауап беретін сектор сырттай маған жүктелген көрінеді.

Вожатыйымыз Рауаш та өз міндетінен босаған деңген сөз бар. Өйткені келесі оқу жылында олар – мектеп бітірушілер класы, яғни бұл оларға жасалған женілдік бол саналады. Шектен тыс пысық, ыждағатты көрінуге тырысатын вожатыйымыз өзіне жасалған мұндай женілдікпен қалайша келісті екен?!

Сонымен, әрекетіміз қанатсыз бол шықты. Лаурага түсінбеймін. Мүйіс болмағанымен, біздің отряд үшін данқты, ерлікті қастерлеудің жақсы бір өнегелі ісі боларлықтай нәрсе табылған еді ғой. Өзі білмесе екен-ау. Біледі. Тіпті, күнделікті оқып шықты. Элде шынымен-ақ бұл істі біздің ізбасар класымызға аудара салмақ ойдан арыла алмай жүр ме екен әлі. Бұнысына, егер сөйтер болса, келісім бермеспін. Күнделік атамнан қалған ескерткіш бол менің өзімде тұра берер онда.

Жоқ, бұл мәселенің бетін көп ұзатпай, ертең-ақ ашып алу керек.

Келесі күні соңғы сабакқа кірер алдындағы үзілісте класс тақтасына хабарландыру жазып қойдым. «Отряд кеңесінің мүшелері, сабактан соң қалуларынызды өтінемін. Маңызды хабарлама бар! Отряд кеңесінің мүшесі – Әбіл Әділов».

– Міне, активист деген осындей болады, ал сен – сол баяғы Айғатбексін, өзгерген түгін де жоқ, босқа жүр-



сін! – дейді Сауран, оған көнілі кәдімгідей толмаған адамның пішінін танытып.

– Болды, Сауран, тілінді безей берме, тіліңнің қыршаңқы екенін бәріміз де білеміз. Ал, отряд кеңесінің мүшелері сабактан соң міндетті түрде жиналадыз. Иә, өте маңызды хабарламамыз бар!

Лаура хабарландыруды оқып, қылжаққа айналдыра бастағандарды тыйып тастады.

Хабарламамыз бар деді ғой, Лаура әңгіменің не тұрасында болатынын түсінген. Демек, ол идеяны қолдаушылардың қатарында. Көнілім әжептәуір көтеріліп қалды. Лаура жаққа көз қызығымды аударып қоямын. Қабағы сәл шытынқы. Бетінің ұшына қызғылт бояу жүғып қалғандай...

Барлығының көзі менің қара дипломатымда. Қалтамнан кілтін алыш, асықпай аша бастағанмын. Хабарламаға қатысты бір нәрсенің, әйтекеуір, осының ішінде жатқанын біліп, сезіп отырған сияқты.

– Жолдастар, ім, қалай десем екен?!

Сыртын газетпен мұқабалап алған дәптерді қолыма ұстадым. – Жолдастар, сонымен, былай, өте бір маңызды нәрсе табылды...

Отырғандар елең етісті. Айғатбек мойнын созып қалыпты. Куаттың көзі жыпылық қағады (оған өзінің сұрауы бойынша отырысқа қатысуға рұқсат етілген). Лаура маған қарап, басын изейді. Кідірме, айта бер дегендегісі болар.

– Өте маңызды, біздің қыстан бері айтып келе жаткан, үйімдастырамыз деген отрядтың болашақ данқ мүйісі үшін қажет нәрсе бұл. Соғыста, майданда жазылған күнделік.

– Біздердің әлгі ақын ағаймен жаңылыстырған Молдабаевымыз ше?! Бұл – сонымен аттас офицердің күнделігі, – деді Лаура.



– Сонда қалайша? Табылғаны ма оның, соның өзі ме аның?!

Қуат орнынан ұшып тұрды. Жүзі ду-ду жанады.

– Солай деп ойлаймын, – деймін сабырлы қалып сақтағансып.

– Қайдан табылды, орталық архивтен бе, қалайша соңда?..

Айғатбекті не нәрсеге болсын бірден сендіру мүмкін емес. Анықтығына, растығына көзі жетпейінше, елпен ете тұсу дағдысында жоқ.

– Жоқ, атамның архивінен табылды. Атаммен бір майданда, бір полкте соғысыпты. Жараланып қалыпты. Өте ауыр жараланған. Ал, планшетін ол атама табыстапты. Штабтағыларға бер деген. Күнделік соның арасында болған. Атам құнделікті, егер жолығатын күн туса, өзіне қайтып берермін деп алғып қалыпты. Содан соң кездеспеген...

– Қызық екен! – дейді Айғатбек. – Біргүрлі сенімсіз...

Оны Бану да қоштап қояды.

– Мұндай кездейсоқтық бір ғасырда бір-ақ рет болар болса да, – дейді ол басын шайқап.

– Несі бар, сол кездейсоқтық болды деп есептеуімізге әбден болады!

Лаураның жан-тәнін сала мені қорғаганы жағып та бара жатыр, бір жағынан ыңғайсыздана түсемін.

Жалма-жан құнделікке келіп жабысқан Қуат, өзінің тым әсершіл, тым таң қалғыш көңілінің «урасын» айқайлап та үлгерді.

– Соның өзі! Соның құнделігі! Керемет деген осы. Өзі жазған, ә! Кәдімгідей соғыста жүріп жазған.

– Молдабаевты бұрыннан білетін адам сияқтануын. Қайдан біліп тұрсың оның құнделігі екенін?

Бану жыпылық Қуаттың желілдек қуанышын мақұлдамай таstadtы.



– Көргө бола ма өзін?

Күнделік Айғатбектің қолына кешті.

Молдабаевтың құнделік-дәптері туралы хабарды әлдекімдердің сенімсіз кабылдауы мүмкін ғой деген ой менде, рас айтсам, болған емес. Кездейсоқтық болса несі бар екен?! Кездейсоқтық та – шындық. Және қандай шындық! Шындықтардың ішіндегі ең зоры – өмірдегі бол жататын талай-талайғы осындан кездейсоқтықтар!

– Сөз жоқ, әскери құнделік қой мынауың? Бірақ, мынау әріптері өшіп қалған жерлеріне басқа да әріптер қойса, Молдабаев емес, өзге фамилия шығаруға болмас па екен? Ал «Тұр...» деп үзіліп қалған атын да Тұрал деп қабылдай салу сенімсіз.

– Меніңше, бәрі де сенімді. Бұл құнделік Молдабаев Тұралдікі, – дейді Лаура қызбаланып.

Мен оның мұндай мінезін өмірімде бұрын-соңды көрген емеспін. Лаураға қараймын, басқаларға қараймын. Жалтақ-жалтақ етіп тұр көздерім.

– Кәне, көргө бола ма? – деп, құнделікке Бану да ұмтыла түседі.

Қарап-қарап тұрады да, иығын көтереді. Бірақ, ләм демейді. Айғатбек екеуі тұра бір-бірімен уәделесіп алған сияқты.

Қуаттың шыж-быжы шығады. Мен танитын Қуат емес қазір ол.

– Сенбесендер, сендіруге ешкім міндетті емес. Солай ғой, Әбіл! Солай ғой, Лаура!

Мен ештеңе демеймін. Лаура құнделікті өзінің қолына алады.

– Ертең класс алдында құнделікті оқымыз. Соңда бәрі түсінікті де, сенімді де болуы мүмкін. Осымен тараыйык.

Ойламаган оқиға болды бұл. Құнделіктің растығына, дәлірек айтқанда, Молдабаевтікі екендігі күмән туғызады деп кім ойлаған.



Куат, Лаура үшеуіміз мектептен бірге шықтық. Куаттың кететін бағыты мұлде басқа жақта болса да, бізben бірге келеді.

– Айғат ылғи да осы, – дейді ол. – Кейін тартады. Өзіне тым сенімді. Эгоизм деген адамда осындаидан қалыптасады.

– Кім білген, мүмкін расында да... күнделік басқа біреудің жазғаны болар?!

Менің бұлайша аяқ астынан сылбырай қалуым екеуіне де ұнамайды.

– Неге олай дейсің? Күмәнданып қалдың ба шынымен әлгілерден кейін?! Жоқ, сенің өйтуге қақың жоқ. Түсініп қой, қақың жоқ!

Куат мұлде өзгеріп кеткен. Бұған менің көзім енді жете бастады.

– Күресе алмасаң, неге бастадың бұл әңгімені? – дейді Лаура, менің өзгерісіме қарсылық білдіріп.

– Иә, солай. Лаура дұрыс айтады, неге бастадың?.. Жоқ, бірақ бастағаның дұрыс болды. Сен күреспесең біз күресеміз. Солай фой, Лаура, а?!

Куат қызық болып кеткен өзі. Өзгеруі де, құбылуы да тез. Бір сәт оның осы таң-тамаша мінезіне шын күлкім келіп кетті.

– Өзі күледі ғой әуелі, – дейді жәбірленген Куат көздерін дағдысынша жыптылықтатып.

* * *

Телефон шылдырады. Естіп жатырмын, трубканы Гүл алды.

– Алло, сізге кім керек еді? Иә, бұл Әділовтердің пәтері. А-а, қазір қарайын, мүмкін үйде жоқ болар ол?! – Гүл трубканы тарс еткізіп, телефонның жанына қоя салды.



Кім де болса, мені сұрап тұрғаны анық. Ал, Гүлдің әлгі сөздері – құр манғазсу. Маған звондағандарға сөйттегін әдеті. Менің үйде бар екенімді ол неге білмесін. Жаңағана келіп, құнделікті оқуға сұраған. Мұндай нәрсесін оқу үшін оның үлкен болып өсүі керектігін ескертіп, ызalandырып жібергенмін. Қайта «Әбіл үйде жок» деп телефонның трубкасын тастап жібермегеніне де шукір. Гүл мені шақырмайды, бәрібір келіп трубканы алатынымды біледі.

– Тыңдал тұрмын, бұл кім?

– Әбіл, мен Айғат қой... Үйден емес, даладан, автоматтан соғып тұрмын! Сен маған өкпелеп қалдың гой, ә? Білдім. Мен әдейі сейттім. Осы кезге шейін жасырып жүргенің үшін. Құнделікті айтамын.

– Жасырып жүргенімді қайдан білдің? Кім айтты саған? Соғып тұрсын гой өтірікті.

– Өтірікті соғып нем бар. Білдім, болды. Ана жолы есінде ме, Сауран екеуіміз өлердей жалынғанда, атама баратын едім деп сылтау айтып, жалтарып кеткенсін. Сондағың осы құнделіктің жайы екенін білгенмін.

– Қалай білдің, Лаура айтты ма саған? Неге үндемей-сің, сол ма саған айтқан?! Онда ше, ол...

– Тоқта! Оны жазғыруға асықпа! Ол айтқан жоқ маған, өзім білдім.

– Қалайша сонда, қызық екен, қалайша?..

– Біз Сауран екеуіміз сені ипподромға баруға шақырғанбыз сонда.

– Не үшін. Ол күні ешқандай да жарыс жоқ еді гой.

– Жарыс емес. Ат спорты секциясына жазылуға баратын болғанбыз.

– Мені де жаздырғыларың келіп пе еді?!

Айғаттың айтып тұрғаны мені табан астынан кәдімгідей-ақ қызықтырып ала жөнелді.



– Бірақ, біз де бара алмадық сол күні.

– Неге?

– Сені аңдыдық, дәлірек айтсам, мен жалғыз аңдыдым.

Сауранға сұлтау айта салғанмын, ол үйіне тартып кеткен.

– Неге аңдыдың? Қызықсың? Неге аңдыдың?

– Неге, неге? Сол, аңдыдым, білгім келді құпиянның сырын. Білдім. Лаураның саған сонда әлгі күнделікті беріп жатқанын көріп тұрдым.

– Ал, менде құпияның бар екенін әуелде сен қайдан білдің?

– Білген жоқпын, сездім.

– Қызық екенсің ғой өзің. Мұның – адалдық емес.

Сезген болсан, онан да неге сұрамадың менен?

– Сен айтпайтын едің. Иә, иә, айтпайтын едің! Сен де, демек, адап болмай шығар едің. Солай ма?! Дәл айттым ба?!

–

– Неге үндемейсің? Ө, солай ма екен? Эх, Петрапка, Петрапка!..

– Менің бәрібір бұны түбінде сендерге айтатыным анық еді ғой. Бүгін, міне, айттым, жарияладым, ал өздерің анау-мынау деп...

– Жә, айтыспайық, бұдан өнетін іс шамалы. Менің ептеп өкпелегенім... немесе қалай деуге болады, иә өкпелейтінім – сенің Лаураны ылғи да бәрімізден, тіпті өзіннен де артық адам деп есептейтінің. Мұны сен осы жолы да дәлелдедің.

– Мұлде олай емес, мұлдем! Сенің бұл түкке тұрмайтын жорамалың ғана, мен оны ешкімнен де артық санамаймын. Егер осыны айту үшін ғана звондаған болсан, сәу-сәлемат боп тұр!..

Трубканы қоя салдым.



Манадан бері кіреберіс дәлізден ұзай алмай, менің телефонмен сөйлескеніме құлағын түріп жүрген Гүлге дүрсे қоя бердім.

– Сен бәрін де тыңдап алдың ғой, ә? Мұндай мәдениетсіздік саған кімнен жүққан, ә? Неге тыңдайсың, телефонмен сөйлесіп жатқан адамның әңгімесін?

Бірдеме деп қарсы сөз айтқысы келіп еді, ол менің үстемелетіп бара жатқанымнан, әбден ызаланған кейіпмнен айбынып, момақсансып, жым бола қалды.

Мен бөлмеге қарай өтіп кеткен кезде, телефон тағы шылдырады. Тағы да бірінші боп Гүл жауап берді.

– Ол ешкіммен де сөйлеспейді. Сөйлеспейді, айттым ғой, сөйлеспейді!

«Мәссаған, керек болса!»

– Кім ол? – деймін Гүлге ішкі жақтан айқайлап. – Тағы да сол ма?

Гүл үндемейді. Демек, тағы да Айгатбек болғаны.

Гүлдің мұнысын маған іштей жақтасқандығы деп түсінемін, ішім жылып, құрыс-тырысым жазылып журе береді. «Әй, тентек қарындасым-ай, өзің дегенмен де ақылдысың-ау, сезімталсың-ау!»

* * *

Күнделікті қайтадан қолыма алдым. Парақтарын асықпай аударыстырып отырып, класта болған манағы әңгімені есіме түсіремін.

Егер Айгатбектің орнында өзім болсам, қайтken боллар едім? Кездейсоқ табыла кеткен осы күнделіктің бір заманғы жетінші «а»-ның оқушысы Молдабаев Тұралдікі екеніне сенер ме едім?! Әлде бұл басқа біреудің дәптері ме екен? Тіпті, Молдабаев болмас оның фамилиясы?..

Дәптердің бастапқы бетіндегі жазуларға көз тоқтатып тағы қараймын. Мен бұл жазуларға бір емес, екі емес, он



қайтара, жұз қайтара, талай рет қарап, шүкшиған болармын, сірә. Бәрі сол қүйі, өшкен әріптердің орны да сол қалпында кетиіп тұр: «Бұ... күн... ік...ті 194... ж...ы 12 ок... бс.ы Ахтырка қа...л... Мол...ае... Тұр...» Иә, атамның бұл күнделікті сақтағанына отыз жылдан асқан. Осыншама уақыт құпиянды сақтап келген, күнделік, сені жазған кім болса да, адал жүректі, тамаша адам болуға тиіс. Нағыз ер жүрек, өжет командир болуға тиіс! Мұмкін оның фамилиясы – Молдабаев, аты – Тұрал да емес шығар. Уақыт, мезгіл, от пен су кешкен жылдар өшірген әріптердің орнын өз болжамыма лайықтап толтырып Молдабаев деп жүрген, шындығын айтқанда, өзім ғой. Күнделіктегі Дәрмен ағай – біздің Дәрмен атай емес те болар. Оған, кіші лейтенантқа хош иісті темекі сыйлаған адам да – менің атам емес, басқа біреу шығар-ау?! Қалайша осыны ойламағанмын. Айғатбек, Банулар сияқты мен де мұндай адам сенгісіз кездейсоқтықтың жұз жылда бір болатынын есіме неғып алмағанмын?!

Мен енді күнделікке басқа көзбен қарай бастадым. Бірақ, көңілімде ең басты бір нәрсе тұрды – бұл күнделікті жазған адамның аты қайткен күнде де, қалай болғанда да өшпеуге тиісті! Отрядтың «Ерлік данқы» операциясының бұрышына немесе мүйісіне қойылмаған күнде де, бұл дәптер пионер бөлмесіндегі қызылізшілер үйымдастырыған данқ мүйісінде тұруға қақысы бар нәрсе. Иә, анық солай!

Көңілсіздіктен арылып, кәдімгідей женілейіп қалдым. Айғатбекке деген өкпем де аздап тарқады.

Әрине, бұл менің ертеңгі күнге жасаған іштей дайындығым болатын. Егер кластағылардың көвшілігі Айғатбек пен Бануды қолдап шыға келсе, сөзсіз жаңағы ойларымды айтамын.



* * *

Күнделік туралы әңгіме Рауаштың да құлағына тиіпті. Бірінші үзілісте-ақ класқа жетіп келді. Жетіп келді де, әдеттегідей даусын маңыздандырып:

– Балалар, екі-ақ минөтке аялдаңдар! – деп, есіктің қыр көзіне кесе-көлденең тұра қалды. Сендерде «Ерлік данқы» деп аталатын пионерлік операциямызға байланысты бір жаңалық бар деп естідім. Ту-у, не болып кеткенсіндер өздерің, шуламаңдаршы. Иә, вожатый емеспін енді, оның дұрыс, Сауран. Бұрын бұл істі бәріміз бастағанбыз, сондықтан да, иә, сондықтан да менің мұнданай істегі жаналықтарынан хабардар болып жүргуте хақым бар шығар. Шуламаңдар, әлгі қунеделіктің иесі кім, сен бе, Әділов?

– Мен емес, Ұлы Отан соғысына қатысқан қаһарман бір командир! – дедім даусымды нығарлап. – Әлі оның кім екені анықталған жоқ!..

Лаура маган жалт қарады. Көзінде «қалайша сен бұлай дейсін?» деген сұрақ тұрғаны анық еді.

Қуат партаның үстінен менің қасыма бір-ақ қарғып түсті.

– Тоқта, сен немене өзің! Қалайша анықталған жоқ. Анықталған, сол, соның өзі. Бұл – Молдабаев Тұралдың күнделігі. Вожатый тәтей, Әбіл әшейін, былайша айтып тұр! Молдабаев Тұралдың күнделігі бұл. Соның өзінікі!

Қуаттың мұншалықты шыр-пыры шығуы, әрине, түсінікті. Өйткені, Молдабаев ең әуелкіде оның тапқан фамилиясы. Бәрі сол әлгі өзі тапқан табельден басталған еді ғой. Міне, енді мынадай сәттілікті жоқ етуге ол жантәнімен қарсы. Күнделікті толықтай оқымай, білмей жатып-ақ, кешеден бері ол бір керемет күй кешуде.

Бұл араға неге екені қайдам, Айғатбек киліккен жоқ.



– Усенбеков, жарайды, қоя тұр. Әділов, мен ол күнделікті кім жазған деп сұраған жоқпын ғой, оны өзің таптың ба, қазір сенде ме деп сұрап тұрмын.

Мен үшін Куат жауап берді.

– Осында, Әбілде! Әділовте!

– Сабақтан соңғы мәслихаттасуларында сәйлесерміз бәріміз, сонда танысармыз күнделікпен. Кеттім, екі минутым бітті.

Лаураның көздеріндегі сұрак сол белгісіз күйінде қалды. Ол менің қасыма келіп, «неге, не себепті олай дедін» деп сұрамады. Жалпы, өзі ғұғын неліктен үнсіз жүр, күнделігінде мұлдем ұқсамайды. Менің сәлеміме мана басын болар-болмас қана изей салған.

Әлденеге қөнілсіз. Ренжіткен жоқ сияқтымын. Неге үнсіз бірақ. Білу керек, анықтап алу керек!

Келесі үзілісте далага шығып кетуге асыққан жоқпын. Орнында отырып, дәпперіне шұқышып, әлдене жазып отырған Лаураның қасына келдім.

– Лаура, сен, әлгі... әлгіде менің Рауашқа айтқан сөзіме таңғалдың ғой, шамасы? – дедім, тілім ебедейсіздеу бұратылып.

– Таңғалған жоқпын. Ештеңеге де таңғалған жоқпын. Маған бәрібір!

Ал, керек болса! Міне, саған шалт тосқауыл. Сауарнаның қағаздан шиыршықтаған оғы маңдайымды дыз еткізгеннен бірде-бір кем болмады. Екі бетім ду етіп қалды. Қапелімде аузыма сөз түспейді. Сөйтіп, қыбылжықтап тұрғанымда, Куат жып етіп келе қалды.

– Әбіл, күнделікті бере тұршы, оқи тұрайыншы, тек бас жағын қарап алайыншы, – деп қиыла кетті.

Басымды изей салдым. «Ала ғой», – дедім.

Лаура менің өзінің қасына кеп тұрғанымды мұлдем елемей отырған адам сияқты. Тап қазір оның ренжуінің себебін білмей, үнсіз кетіп қала алмайтынам анық еді.



– Саған бәрібір екені рас па? – деймін бір түрлі зорла на сөйлеп.

– Өйткені саған бәрібір ғой. Сенің күнделік жайында ешкіммен сөйлескің келмейді, біріншіден. Бұл – кешегі мінезің. Екіншіден, бұгінгі жаңағы сезің де барып тұрған немкұрайлылық немесе сезінде тұра алмайтындығың.

– Кешегі мінез дегенің немене, түсінсем бұйырмасын?

Иығымды көтеріп Куатқа қараймын. Оның ештеңеге көніл бұруға шамасы жоқ. Мұрны пысылдал күнделікке, үңіліп қалыпты.

– Оллаңи, түсінбедім, ол неғылған, қайдағы мінез?

– Телефонмен сөйлескің келмегенінді қазір қалайша ұмытып тұрың, Әбіл?..

Жауап берудің орнына күліп жібердім. Лаура маган жәбірлене қарайды.

– Оны айтқан саған Гүл ғой, менің қарындасты! Естіп тұрғанмын, бірақ сен деп ойлаған жоқпын мен. Міне, оллаңи, шыным! Гүл маган айтқан жоқ сен екенінді. Сұрадым, бірақ үндемегесін, Айғатбек шығар дегенмін, онымен сөйлескім келмеген рас болатын...

– Айғатбек?..

– Иә, Айғатбек. Ол маган телефон соққан. Күнделік туралы ол бұрыннан біледі екен...

– Біледі?.. Қалайша?

Осы мезетте сабакқа кіруге қонырау соғылды да, әңгімеміз үзіліп қалды.

Күнделікті класс алдына шығып оқуыма тұра келді. Мұндағы әрбір үтір, әрбір нүктенің тұрған орны, әрбір паракта қандай сез жазылғанына дейін көнілімде сайрап тұрғандай болатын. Оқи бастағанымда, мұдірдім де қалдым.

Алдыңғы партада, Рауштың қасында отырған класс жетекшіміз Қаным Нұрмаганбетовна апай:



— Қобалжымай, тынысыңды еркін алып оқысаңшы, Әділөв! — деп демеген болады. Соның арасынша Куат қолын көтерген күйі орнынан атып тұрып:

— Апай, рұқсат етіңізші, мен оқиын. Ол бәрібір оқи алмайды! — деді.

— Неге оқи алмайды. Оқиды! Үсенбеков, не болып кеткенсін өзін? — дейді Рауаш.

— Ол толқып тұр ғой!.. — деп мұрнының астынан міңгірледі Куат.

Біреу сол кезде мырс етіп күліп жіберді.

Мұрнымын ұшы терден шыпшип кетті.

Куаттың киліге кетуі, мырсылдаған күлкі мені одан сайын абырратып, абыржытып жіберді. Күнделікті дәл бірінші рет қолыма алып тұрғандаймын. Ежіктей бастаным.

Өзіме-өзім ұқсамаймын.

Ақыры Куаттың дегені болды.

Ізадан жылағым келді. Мұншама дәрменсіз болармын ба? Жалпы, маған не болған өзі? Қолына күнделік дәптерді ұстап, класс алдында тұрған Куаттың бейнесі бұлдырап кетті. Шыныменен осы жылап отырмын ба мен? Ызақор, жылауық қыздар сияқтымын, ұят-ай! Бетімді терезеге қарай бүрдым. Терезеге төніп, хош иіспен гүлдеп тұрған жиде ағашының бұтағында отырған екі кептер бір-біріне тұмсықтарын тақап-тақап қояды да, мойындарын қылтың-қылтың еткізеді. Қызық! Бір-бірін жақсы көргені ме еken, сүйіскендері ме еken?!

«...Мектепте өткен соңғы үш жыл бойында балалығымның көз алдымда жүрген тәтті арманы да, мұнды да өзі болғандығын оған сездіре алмағанымға өкінемін. Балалық кездегі сол ғажайып ұян, сырлы сезімнің махаббат екенін білмей жүре бергенімді сол күнгі соңғы кеште бір-ақ сезген болатынмын...»



Куаттың даусы класс ішінде тұнып қалған тым-тырыс тыныштықты әлдилеп тұрған сырлы әуендей сзызлады. Мұндай да ғажайып болады екен-ау, әшейінде жасық, нәзік, оның үстіне жыпылық Куат мұлдем басқаша адамға айналып кеткен. Ол өзіне-өзі ұқсамай тұрған сияқты. Қабағын сәл ғана шытып, сәл ғана жазады да, одан әрі оқи береді.

«...Резервте тұрмыз. Алғы шептен 35-40 шақырымдай жердеміз. Ауыр зенбіректердің гүрсілі кей-кейде талығып-талығып естіліп жатады. Әлдекімнің ыңырсып ауырсынғаны тәрізді, шерлі күрсінісі тәрізді...»

Жиده ағашының бұтағында жалғыз кептер қалыпты. Екіншісі ұшып кеткен ғой. Жалғыз кептер уілдейді, айтып отырған мұнлыш әні ме екен бұнысы?..

Куат басын тұқшитқан қалпы келіп орнына отырды. Құнделік алдыңғы партада отырғандардың қолына көшті де, жапырлаған, үйме-жүйме болған топтың арасында қалды.

Жылыстап кластан шығып кеттім...

Қайда барсам екен? Құнделік жайлы ойлағым келмейді... Бұның кімдікі болғаны енді мені толғантпайды. Бәрібір Айғатбек сияқтылардың сенбейтіндері анық немесе сенсе де, бұған кім басын ауыртады дейсің. Рауаш үшін әшейін «Ерлік данқы» операциясы бойынша қандайда болмасын, эйтеуір бір істің істелгені ғана маңызды. Дәптер-күнделікті алады да, мынауымыз отряд мүйісінің экспонаты дейді. Экспонат? Әрі-беріден соң оны ешкім де көзіне ілмес. «Біреу болған екен, шимайлап бірдеме жазған екен, ал онда тұрған не бар?» дейтіндердің табылатыны да даусыз. Ал, менің көңілімнен кетпей жүрген бір нәрсе және ең басты нәрсе құнделік иесінің кім екенін толықтай анықтау. Негізгі мақсатымыздың өзі осы ғой. Бірақ, қалай анықтаймыз? Осы туралы әнгіме болғанда



ғой. Күнделікті оқыды да қойды. Бұл не нәрсе болды екен деп қызық үшін қарап жатқан түрлері жаңағы. Онан да бұны өзімде сақтағаным дұрыс еді-ау! Атамнан қалған естелік, ескерткіш деп жүрер едім ғой.

Кілт тұра қалдым. Саябаққа – атам марқұмның көп күндері өткен мекен-жайға сол бір күннен бері бармай кеткенім ойыма түсіп кетті. Не күйде екен қазір ол? Омартасы қайтті екен атамның? Бақтағы ағаштар әбден шөлдеген болар-ау. Арам шөптердің құдайы бір беріп қалған шығар. Құлазыған, шөлдеген, шашы өсіп кеткен баладай азып-тозып тұрған саябағымызды көз алдымға елестетуім мұң екен, сабырлы, ыждағатты, әрбір тұп ағашты, әрбір гүлді тірі адамдай есептеп, күтіміне, бағымына жанын салатын еңбеккор, қадірлі адам – атамды ойладым. Ойладым да, жабырқап, жүдеп, көңілсіздікке берілгеннің үстіне беріле түстім.

Қайда бара жатырмын өзі? Мынау автобус аялдамасы. Тауға баратын корапша автобус осы жерге тоқтайды. Осы бір сәт басымға «саябаққа тауға тарттым» дегеннен басқа ой келмеді.

Корапша автобустың іші мұндай күндері әдетте бос. Тіпті, аялдамаға тоқтамай кететін де жайы болады. Бірақ, бұл құдігім бұл жолы бекер боп шықты. Автобус тоқтай қалды. Жүзі таныс шофер. Осы рейсте тұрақты жұмыс істейтін болуы керек өзі.

– Дағаға дейін бір билет.

– Бүгіндікке дағаға дейін баратын бірінші жолаушым болдың, балақай! – деді шофер ағай сәл құлімсіреп.

– Неге жалғызысың? А-а, сабактан шыққан екенсің ғой.

Менің әңгімелесуге көңілім соқпай тұрғанын қайдан білсін.

Ең соңғы аялдамаға жалғыз жеттім. Аялдамада жалғыз адам тұр екен. Екі қолында екі сумка және арқасына асы-



нып алған жол қапшығы бар жалғыз жолаушы – біздің таудағы көршіміз, әлгі бір интеллигент зейнеткер ғой.

Қолдарына ұстаған, арқасына асынған жүгі – сакұр-сұқыр еткен бос шишелдер тәрізді. Мен оның қазір жөп-жөндем боп тұрған кейіпнің өзінен жиіркенем де, қарамауга тырыстым. Ол бірақ мені байқап қалыпты.

– Эй, бала, тоқтай тұр! Мұнда кел! – деді. Автобустың есігінен басын қылтитып, қолын бұлғады.

Әжептәуір жер ұзап кеткемін, артыма бір бұрылып қарадым да, тарта бердім. Ол екінші қайтара шақырған жоқ. Не айтқысы келді еken? Кешірім сұрағысы, ақталғысы келді ме көршілік парызын өтей алмағаны үшін! Тіпті көрші емес, қысылғанда, сын сағатта адамға жәрдем ету – жүрегінде адамға деген аяушылықтың жұқанадай да болса сезімі бар кез-келген жанның парызы ғой! Мені тоқтатып, мені шақырып алдып, не айтқысы келеді оның? Бір жерден оқығаным бар, сірә, «Пионер» журналынан ғой деймін, сенбернар деп аталағын иттердің бірден-бір қасиеті – жүргүре дәрмені жетпей, қысылшанда қалған адамдарды құтқару қызметін атқара алуы еken. Егер атамның жанында тап сол күні сенбернар ит болғанда ғой, мүмкін... Мүмкін тірі қалған болар еді-ау.

Еңіске шыға беріп, төмен қарадым. Қорапша автобус әлі тұр. «Тұра бер, автобус. Құте тұрсын, тоса тұрсын, бәлем. Ал, қайтарда бар пәрменінді салып қатты жүр, әлгінің сақырлаған бос шишеларының күл-паршасы шықсын...».

Шіркін, алма мен өрік ағаштарының гүлдеген шағы қандай әдемі. Шырын іістің жұпары тараған ауаның кәусар тәттілігіне тоймайсың. Қектемгі шақтағы бақтың осы бір тынысынан кереметтей тазалық пен жарқындықтың нұрлы лебі еседі. Қектемгі бақ, егер бейнелеп айтсам, өмір пәктігінің символы. Адамдардың



бойларына кішкене де болса пәктік ұялатар шақ – өрік пен алма гүлдеген мамыржай көктем. Күнделік жазуды қайтадан қолға алсам, пәлсапалыққа мензейтін осы ойымды міндетті түрде жазып қоюм керек! Ал қазір мен, міне, көзіме де, көніліме де ыстық қақпаның алдына келіп қалдым. Ар жағында атамның көзін көрген мекен-жайымыз бен бағымыз бар.

Алдымен көзіме түскені, көленке-күркенің сыртын түп-тұгас шырмауық басып кетіпті. Атам өткен жолы жіп керіп жатқан еді ғой бұған.

Мәссаған, үйдің есігі кілттенбей қалыпты. Сол күйі ашық тұр. Kіре беріс табалдырығының үстінде бір көк ала мысық жайбаракат пырылдап керіліп жатыр. Ұйқысы тәтті. Қайдан пайда болған? Иесіз тұрған үй екенін біліп алған ғой қуын. Жә, жата тұрсын.

Ауланың іші, бақтың түкпіріне кететін жалғыз аяқ жолдың үсті жалбырап өсіп кеткен арам шөптен көрінбейді! Атамның шаруақор ыждағаттылығы жетпей тұрғаны бірден байқалады. Үй төнірегі біртүрлі көнілсіз, жүдеу де жабырқау тартып тұр.

Көленке-күркенің ішінде атамның күрегі, тырмасы, қол арасы жатыр...

Омарта жаққа баруға дауаламадым. Өйткені, араптар қазір шырын жинау кезінде өте ызақор, қызғаншақ келеді. Үйірімен гүілдеп тап берсе, пәлеге қалғаның.

Үйге беттедім. Ұйқышыл мысық аула ішінде әлдекімнің жүргенін білді ме екен, оянып, «беті-қолын жуып» отыр. Менен сескенетін түрі жоқ. «Пырс!» – деп едім, «мияу» ете түсті. Тағылана бастаған мысық болса, зытып кетер еді, сірә, бұл байғұс иесі осы жаққа адастырып тастап кеткен, жалғыздыққа көндікпеген мысық болуы керек.

– Менде ештеңе жоқ қой саған беретін, – деймін. Мысық тағы мияулайды.



Өзі момақан мысық екен. Арқасынан сипап едім, көздерін жұмып, пырылдай бастады. Жұмсақ алақанды жақсы көруін қара өзінің!..

– Пырылдағыш пырылбегім-ай! Кімнің мысығысың, кім сенен безініп жүрген, пырылбегім-ай, момақаным-ай!

Тағы мияулайды, құдды бір менімен сөйлесіп отыргандай.

– Таптым, сенің атың Пырылбек болады. Келісесің бе? Мияуламайсың, келіспеймін дегенің бе бұл? Онда ше жәй ғана Момақан-ақ болағой! Ә, бұған келіседі екенсің ғой! Жарайды, онда, қолды әкел, дос боламыз. Менің атамы – Әбіл!

Қақпаны біреу ашқандай болды. Әкем. Қасында Нұкен ағай бар.

– Әбіл!.. Сен мұнда неғып жүрсің? Сабаққа бармағанбысың?..

Кез келген ата-анаға тән тергегіштік дағдысынан әкем неге жаңылсын.

Сабаққа барғанымды, одан шыққасын осында келгенімді айттым. Не үшін келгенімді айтуды да ұмытқан жоқпын, «дачаның иесі ретінде жағдайын көруге тиістімін», – дедім.

– Молодец, жарайсың, Әбіл! Нағыз шаруақор ғой өзі! – деп Нұкен ағай мені қолпаштап қойды.

Әкем неге екенін қайдам, үндеген жоқ. Өздерінің түрлері жұмыс істеуге немесе демалуға келген адамға ұқсамайды. Үстерінде сықиған қызметке киетін киімдері.

– Жүр, әуелі үйді көрсетейін саған, – деп әкем алдыра түсіп бастай жөнелді.

Үйге кірдік.

– Мынау – дәлізі. Шағындау. Бөлмеге төрт адам еркін сияды. Сен екеуіне тар бола қоймас. Туу, шаң басып кетіпті ғой әбден. Өрмекшінің торынан, онысымұнысынан, бәрін тазалап аласың.



Әкемнің мына сөзінің түрінен саябақтың иелігі, сірә, Нұқен ағайға өткелі тұрганын аңғардым.

– Ал, Әбіл, біздерге қонақ болып тұрады. Жәке, со-лай емес пе? – деп, Нұқен ағай мені иығымнан қapsырып, өзіне қарай тартып қояды.

Онша көңілденіп тұрмағанымды білдіріп, одан дереу тартынып, шегініп кеттім.

– Тек Әбілді ғана шақырсан, әрине, одан басқа кім қонақ болады дейсін? – дейді әкем құлімсіреген жүзбен Нұқен ағайға қарап.

– Бұл біздің дача ғой, оған мен қалай қонақ бола-мын! – дедім. Бұл әкемнің кең пейілділігіне өзімше наразылығымды білдіруім еді.

Әкеме менің сөзім ұнамай қалды. Нұқен ағайдың да әшейінде даяр тұратын жуып-шаймалық сөздерінің бірі есіне түспей қалды.

– Даchanы біздікі емес деп тұрған кім бар саған?! Нұқен ағаң мен тәтен құзде пәтер алады, ал оған дейін осында тұрады. Қарай гөр, меншікшілін өзінің. Осылардың жаман қылғы, жаман қасиеті – тәрбие беріп жүрген мына біздерге тиеді. Жаман қасиетті үйреткен біз болып шығамыз. Мұғалім деген халықтың көзқарасы бұл. Біз кінәлі емеспіз, ал оларша – мектеп кінәлі емес, дұрыс-ак дейік. Сонда кім кінәлі, Нұқен, айтшы, шырағым?

Нұқен ағай иығын көтеріп, сәл ойланған түсіп, дағдарған адамға ұқсаған болды да:

– Педагогика жалпы, ата-анаға да, мұғалімге де ортақ ғылым ғой, меніңше, – дейді. – Олай-бұлай деп айту қиын. Кінәлі екі жақ та болуы мүмкін?

– Мен бұған үзілді-кесілді қосылмаймын! Ата-ананың педагог болуы шарт емес. Баласы, ұрпағы бар адамдардың барлығы педагог болып кетсе, мұғалімнен аяқ алып жүре алмай қаламыз ғой. Қой, Нұқен мұның дұрыс емес!



Әкемнің түсінігі – шыны ма, әлде әзілі ме, қалай болғанда да сұмдық күлкілі көрініп кетті. Шыдай алмадым. Мырс ете қалдым.

– Эне, күледі! Не дейсін бұларға?! Бізді өсірген адамдар ғой, педагог деген сөзді білмек түгіл, әліпті, қараны танымаған. Ал, солардың ұрпағы – қандай, қазіргілер – қандай?! Өзің айтшы, дұрыс па осыным?!

«Меншікшіл» деп танылған менің көзқарасым әкеме біраз әңгіменің сылтауы болып тынды. Сөздің соңы атама ауысты. Ол кісінің ыждағаттылығы, шаруақорлығы, кенпейілдігі, адамшылығы, қамқор жүрегі – барлық жақсы қасиеттері еске түсірілді. Тіпті, ол кісі көз жұмғалы ең сүйікті немересі менің – яғни Әбілдің де күрт өзгеріп кеткені сөз болды. Әкем манағыдай емес, маган біртүрлі мұсіркей қарап, көздерінен аяныш сезімін ұшқындаатты. Нұкен ағай да манағы сөзім үшін өкпелемегенін білдіріп, арқамнан қағып қойды.

Әкемнің бәрібір дачаға қарамайтыны анық еді. Сол себепті бір есептен де Нұкен ағай мен оның қасында жүрген әдемі тәтейдің осында тұра тұрғаны да дұрыс болар. Қасында жүрген дейтінім, олар әлі үйленбекен. Пәтер алғаннан кейін үйленеді еken. Үйлену ешқайда қашпайды, ең бастысы пәтер мәселесі еken, Нұкен ағайдың айтудынша.

Мынау жағдайдың маган таң көрінгені сонша, апам кешке үйге келген соң: «Сіздер де пәтер алғанша үйленген жоқсыздар ма?»-деп сұрадым. Ол әлде өз ойымен болып анғармады ма, әлде менен мұндай сұрақ күтпеді ме, сауалымды қайталатты да, күліп жіберді.

– Ол кез – біздің пәтер деген не, басспана деген не, тіпті ойға да алмаған кезіміз. Жатақханада, студенттердің арасында жүріп, семья құрганбыз. Онда сендер жоқсындар. Сондықтан ба, шын мәніндегі семья, үй деген ұғымды



сезінбейтінбіз. Кейін, міне... бәрі де өз кезегімен келіп, қатарға қосылып кеткенбіз. Сен оны неге сұрадың, аңғалым? – деді апам тәттілеу ғана курсініп.

Мен Нұксен агай туралы айттым.

Апам қолындағы сәбізін үгіткішке тез-тез жаңып, ұсақтай берді. Сәбізден кішкентай тұқыл қалғанша маған үндеген жоқ, сірә, ойланып қалды ма еken?!..

Мен бұны айтуын айтсам да ынғайсыздынып тұрдым. «Маған керегі қанша еді мұның?» деймін ішімнен. Апам да менің осы ойымды оқып алған сияқты тұра.

– Бұндай мәселені ойлану саған ертерек. Өсесін, жігіт боларсың, сонда нені қалай істеу керектігін өмірдің өзі үйретеді. Ал, өмірден дұрыс үйрену үшін санаң керек. Экеннен сұрашы, салатқа майонез құйғанды жақсы көреді ме еken, әлде қаймақ қосайын ба?

Әкемнің кұлағы түрік отырса керек, залдан айқай салды:

– Қаймақ сал, майонез дегенінді күрт!

Ас атаулысының ішінен оның майонезді адам айтқысыз жек көретінін апам түгіл мен білемін. Біле тұра неге сұрады еken? Ә, түсіндім, апам менімен ересектерше әңгімелескің келмейді. Яғни, ас үйден кеткенімді қалайды. Солай-ақ болсын, кеттім.

Гүл телевизор тұрған бөлмеде, диванның үстінде кітап оқып отыр еken. Кітаптан басын алмаған күйі маған:

– Саған әлгі кім еді... Лаура ма еді, сендердің кластарындағы сол келген,— деді.

– Неге келіпті, не дейді?

– Ештеңе демеді, сені сұрады да, ананы тастап кетті,— деп, иегін көтеріп, үстел жақты нұскай салды.

Күнделік! Қасында дәптердің бір парагы жатыр. «Әбіл! Неге кетіп қалғансың? Сені іздеді. Мен бәрін айтып бердім. Қызылізшілер тобын үйымдастыратын



болдық. Күнделік бойынша іздеу жұмысын жүргіземіз. Биыл емес, келесі оку жылында. Ал, күнделік әзірше өзінде болады деп ұйғарды класс. Айғат сұраған, берген жоқпыш. Сен келе аласың ба біздің үйге?! Куат та келеді. Мүмкін басқаша бірдеме ойластырамыз. Лаура».

Қазір енді кеш түсіп кетті.

Басқаша не ойластырамыз?..

Біздің балаларды шамалы нәрсемен қызықтыра қою қын. Жинала қалса, әлігіндей бір қаулысымақ, ұйғарым дегендей, сөз жүзіндегі бірдемені қабылдай салу – қашандағы дағдылары. Жиын болса, міндетті түрде солай болады. Ал, одан соң бәрі де ұмытылып кетеді. Ешкімнің ештемемен ісі болмайды. Барлық мәселе сол сөз жүзінде шешім қабылдаумен тынады да қалады. «Ерлік данқы» операциясын жариялаймыз, бір замандардағы кластастарымыздың есімін аңыттаймыз деп даурықтанбыз о баста. Артынша жүрттың есінен тарс шығып кетті бәрі де. Егер күнделік табылмағанда, сондай операция жариялағанымызды тап-таза ұмытып қалар ма едік?!

Басқаша не ойластыра қоямыз? Өрине ештеңе де.

Гүл менің қасыма келді.

– Әбіл, а, Әбіл, мен оқып шығайын ба, бере тұрасын ба? – деді. Үнінде аздаған жалыну да, аз ғана жасқану да бар.

– Мынаны ма? – деп, күнделікті көрсетемін.

– Ия, соны. Мен өте, өте мұқият ұстаймын. Жыртып алмаймын. Ешкімге көрсетпеймін. Ешкімге айтпаймын. Сен құсап өзім оңашада оқып шығамын. Жарай ма, бере тұрасыңғой, а?

Күнделікті қимай тұр деп ойласа керек. Алдын ала дайындал алған сөздерін түп-түгел актарып салды.



— Алға ғой, мә. Оқып біткесін ана жақтағы суырмага салып қой! Немесе өзіме бере саларсың.

Күнделікті оп-оңай, ешбір қиналыссыз, күйзеліссіз қолына ұстата салғаныма сенбеген адамдай Гүл маған таңырқай қарады. Тіпті, ұсынып тұрған күнделікке қолын бірден созбай тұрып қалды.

— Мә, алсаңшы енді! – дедім.

* * *

Лаура, Куат, мен – үшеуіміздің ойлап-ойлап тапқанымыз, әрі сөз байласқан уәдеміз: жаз бойы пионер лагеріне бармай, Молдабаевтың күнделігіне байланысты іздеу, анықтау жұмыстарын өздеріміз жүргізу болды. Күзде оқуға келгенде кластың қызылізшісімактарына оларсыз-ақ қолымыздан іс келетінін бір-ақ дәлелдейміз.

Сөз жүзінде оп-оңай-ақ, ал осындај жауапты да маңызды жұмысты неден бастаймыз?

Мен Дәрмен атайға бару керек дедім, Егер күнделікте жазылған адам сол кісі болса, онда Молдабаевтың тағдыры туралы мүмкін бірденелерді біліп калармыз. Өйткені, ол кісі хат жазысып тұрған. Оның үстіне, егер қаза тапса, қара қағаз оның тәрбиеленген жері – балалар үйіне келеді емес пе?! Әлде ата-анасы, семьясы жоқтарға ондай қағаз соғыс кезінде жазылмаған ба еken? Бұл ойымды Куат макұлдады. Лаура үндемеді. Дәрмен атайдың нақ сол күнделіктегі жазылған адам екені де сенімді емес сияқты. Жалпы, Лаура бәріне де сенімсіздеу қарайтын тәрізді көрінеді маған. Бірак, онда неге Айғатбек, Бануларға қосылмайды. Күнделікті ешкімге көрсетпей тұрып, алдымен өзіне оқытқаным үшін ғана мені қолдамауды ыңғайсыз көріп жүр ме еken?!

— Лаура, сен біздің бұл ойымызды қолдамайсың ба? – дедім, Куат екеуімізге алма-кезек қарап үнсіз отырған оған.



– Білмеймін, мүмкін дұрыс та шығар. Менімше, алдымен әскери комиссариатқа баруымыз керек сияқты. Солар арқылы анықтауға болады дейді ғой. Олар Москвадагы орталық әскери архивтен қарап, анықтама қағаз береді. Егер тірі болса, оны да айтады. Қандай ордендермен, медальдармен марапатталғанына шейін анықтап беретін көрінеді.

– Қойшы-ей! Мынауың әрине керемет нәрсе! Сен бұны... өзің кімнен біліп алғансың, қызылізшілердің болашактағы әрекеттерінің жоспарынан көргенсің ғой, сірә?

– Мен отряд бастығы болсам да, әзірге қызылізшілердің жұмысында шаруам жоқ. Олардың жоспар жасап, қарық қылатындарына да сенбеймін. Егер қажет болса, Куат, айтып беруге болады кімнен білгенімді.

– Кімнен?..

– Экемнен. Ол кісіге айтып бергенмін барлық жайты. Иә, иә, айтып бердім. Ол кісі сұраған жоқ, әрине, өзім айттым. Экеммен ақылдасқаның несі айып екен?! Қызықсың ғой, Куат, өзің. Сен немене, сонда кластарғы болып жататын өте маңызды оқиғаны, жаңалықтарды үйіне айтпай, өзіңмен-өзің тымырайып жүресің бе? Онда сен барып тұрған өзімшілсің!

Куат пен Лаура аяқ астынан қызақтастып қалды. Куаттікі дұрыс емес. Айтысудың қажеті қанша?!

Іштей Лаураға жақтасқанмен менің де өз басым Куатқа ұқсайтын болып шықтым. Мәселен, күнделік жайлы әкем де, апам да әлі дұрыс ештеңе білмейді. Олар сабакты қалай үлгеріп жүргенімді ғана ұмытпай сұрауды біледі. Сұрап қана қоймайды, баға қойылатын күнделігімді тексереді. Әкем мен апам үшін қазіргі менің ең басты шаруам – сабак үлгерімінің жақсы болуы. Сабакты жақсы үлгерген бала, олардың ойынша барлық жағынан



да – тәртібі де, қоғамдық пайдалы іспен шұғылдануы да – бәрі, бәрі де жақсы. Әкемнің пайымдауынша, әсіресе окуы нашарлар қай жағынан да ақсайды екен.

Бұл түсініктерін, бұл пайымдауларын өз басым біржактылық деп есептеймін. Үлгерімі жақсылардың арасында да небір сүйкімсіздердің болатынын олар қалайша білмейді екен. Мақтаншақтық, мемменшілдік, жағымпаздық, жолдастыққа нашарлар білімге ерекше құштар болып жүргендердің арасында да жоқ емес. Мұндай мысалды алысқа бармай-ақ, біздің кластың ішінен де табуға болар еді. Жә, бұның бәрі үшеуіміздің қазіргі әңгімелерімізден азырақ ауытқу.

Сонымен, мен де Куаттың сыңары болып шықтым. Әкеммен немесе апаммен күнделік тұрасында менің де ақылдасуыма болатын еді ғой. Дегенмен, әлі де есте болсын бұл жайт деп, ойыма түйіп қойдым.

– Лаураның дұрыс. Жұмысты әскери комиссариаттан бастаймыз!

Куат:

– Біздерді олар тыңдай қояды деймісің? Әншейін бұлардың ермектері деп қарайды, – деп шыға келді. Бұл – Лаураға деген өзінің наразылығын білдіргендегісі.

– Неге олай дейсің, Куат? Олардың мұндай шаруаны ермек деп қарайтынын білетін адамша сейлейсің ғой өзің.

Куаттың кіржиген түріне Лаура сұық қабакпен қарап қойды.

– Егер жүрексінетін болсан, әскери комиссариатқа сен бармай-ақ қой, Куат!

Лаураның бұнысының артында Әділ екеуіміз барамыз деген сөз тұр.

– Неге мен бармайды екем? Барамын, – деп қызарақтады Куат.



– Барсан, олай деп өзің-өзің сенімсіздік көрсетуін дұрыс емес. Куат даудың сонында осылайша «мат» алуымен тынып, тым-тырыс бола қалды.

– Жарайды, ұрыспаңдар. Одактастарға бұл – жараспайтын қылыш. Әуелі бір келісімге келейікші. Сөйтіп, енді неден бастаймыз?

– Әскери комиссариаттан деп тұр ғой, – деп, Куат иегін көтеріп Лаураға қарады.

– Балалар, маған мынандай ой келді қазір. Осыны мен қолға алайын. Әкем көмектеседі. Қайтсе де көмектеседі, қорықпандар. Бәріміз шұбап жүрсек, шындығында да дәнeme іс бітпеуі мүмкін. Солай ғой, Куат, Әбіл?!

– Ал біздер ше, біздер не істейміз сонда? – деймін Лаураға.

– Сендер ме? Сендер Дәрмен атаймен сөйлесесіндер, Лиза деген кім, ол кісі осында бар ма, жок па, соны анықтаңдар. Куат – маған, мен – оған қарадым.

– Несі бар, сөйтсек, сөйтіп көрейік, – деді Куат. «Сен қалай қарайсын» дегендей, ол менен жауап күтеді.

– Дұрыс болар, – дедім, бірден бұл идеяны қолдай кетуге асықпай. – Бірак, құнделік менде ғой.

– Бола берсін сенде, Әділ! Оның қажеті қанша?! Қай жерде соғысқанын жазған ғой онда?! – деді Лаура.

– Ахтырка қаласында құнделікті жазуды бастағаны, сосын Днепр үшін ұрысқа қатысқаны-ақ белгілі. Ал, одан басқасы белгісіз ғой?! – дедім мен.

– Ең бастысы Молдабаев деген фамилиясын және атын білеміз ғой! – деді Лаура.

– Ал, егер Молдабаев болмай шықса, қайтесін? – деймін Куатқа.

– Неге Молдабаев болмай шығады дейсін?

Куат пен Лаураның даусы жарыса шықты.



– Сендер күнделікті оқыған кездерінде көңіл аударған жоқсындар ма, ондағы фамилияның да, атының да кейбір әріптері жоқ еді ғой. Міне, былай жазылған,— деп, саусағыммен жерге сзызып көрсетемін. – «Мол... ае... Тұр...». Осындағы жоқ әріптерді өзімше орындарына қойып, сондай фамилия болуы әбден мүмкін ғой деп жобалағанмын.

– Ал, Дәрмен атай ше? – дейді Қуат дәп бір күнделікті жазылған сол кісі екеніне көзі жетіп тұрған адамдай.

– Ал, Алматы ше? Алматы туралы жазылған ғой. Сағынғанына шейін жазылған, – деп қостап қойды Лаура.

– Білмеймін. Шынымды айтсам, менің де көзім әлі толық жеткен жоқ бұл күнделіктің иесі Молдабаев екеніне? – дедім мен.

– Мәссаған, енді былай шықтың ба сен де! Біз, бәріміз Айғатбекпен дауласып жүрсек...

Қуат алакаңын жайып, маған қарап аңтарыла сөйлейді.

– Айтпақшы, ол кісінің фамилиясын атаң білмеді ме еken? – деп сұрады Лаура.

– Ұмытың қалыпты. Сұраганмын. Және ол атамның командирі емес, басқа взводтікі болған.

– Сосын, Әбіл, сен кіші лейтенантқа орайтын темекі берген менің атам шығар деп айтып едің ғой? – деп, Қуат бәсек ғана, көңілсіздеу сұрады менен.

– Сұрап үлгерmedім... Сол күні сұраймын дегенмін...

Лаура мен Қуат тым-тырыс бола қалды. Аяулы атамның қайғысынан әлі арылып үлгермеген менің көңілімнің осы мезеттегі жабарқау өзгерісін іштей ғана сезінген олар біргүрлі ыңғайсыздынып қалды.

Аздан соң қолайсыз үнсіздікті өзім бұздым.

– Күнделікті, Лаура, саған бере тұрамыз. Мүмкін әскери комиссариатқа көрсетуге тұра келер.

– Жарайды, күнделік онда менде бола тұрсын, – деді Лаура.



– Токтай тұр! – деді Куат, – біздер әуелі Дәрмен атайға барайық та. Егер күнделіктे жазылған сол кісі болып шықса, онда оның, құнделік иесінің аты-жөні онсыз да анықталмай ма! Әскери комиссариат арқылы іздеу қажет болmas содан соң...

– Дұрыс екен бұл! Сөйтеміз әуелі. Күнделікті кейін берерміз саған.

Куаттың басына сап ете қалған бұл дұрыс ойды Лаура да макұллады.

* * *

Дәрмен атай ауырып қалыпты. Үш күн қатарынан вахтерлік кезекте Анна Васильевна тәтей тұрды. Үш күн бойы күттік атайды. Бүтін окудың аяқталатын күні. Ол кісінің қайда тұратынын кім білуі мүмкін? Куаттың осындауда басы істегіш-ақ. «Директордың хатшы қызы біледі», – дейді ол.

– Мекенжайды сұрау үшін сенімді бір сылтау керек болар. Әйтпесе, кез келгенге хатшы қызы тұратын мекенжайды айта да бермес, – дедім мен.

Куат:

– Сылтауды табамыз! – деді.

Екеуlep сылтау ойладық.

– Кластың атынан атайдың көнілін сұрау бізге тапсырылып еді дейміз.

Бұл Куаттың әп дегеннен ойлап тапқаны.

Мен:

– Өтірік соққанымыз қалай болады? – дедім.

– Неге өтірік? Шын-ақ сұраймыз көнілін. Бара салып: «Атай, сіз Пәленшиев дегенді білесіз бе?» – деп, тақылдай жөнелмейміз ғой.

– Атайдың көнілін сұраймыз дегенді сен сылтау ретінде ойлап тауып тұрсың ғой. Сондықтан да бұнымыз



кайткенде де шынайы болып шықпайды. Орайын тапса, бәрі де шынайы болып шыға келмей ме?! Сені ашықауыз деп ешқашан да ойламайтынмын, оллаңи!

– Ал мен сені ашықауыз, өлең құрастырудан басқа дыммен ісі жоқ, момын санайтынмын, Жыпылық!

Одақ болғалы Қуат өзінің «Жыпылық» деген есімін менен естімейтін. Құлағының ұшы өрттей алаулап, қызырақтап қалды.

– Өкпелемей-ақ қой, мен әшейін, – деймін, лезде жуып-шаймақ болып.

– Мә, «бесінді» әкел! Бірақ, сен де ашықауыз дегеніңді қайтып ал.

Көздері жыпылық қағып, Қуат заматта күлімсірей қалды.

Сабақ бітті. Класс жетекшіміз Қаным Нұрмамбетовна апай сегізінші класқа көшу үшін емтихан тапсыратындардың тізімін оқып шықты. Қуат екеуіміз олардың арасында жоқпыш. Лаура екібастан үздігіміз фой. Оның емтихан тапсырмайтыны о бастан-ақ «мандайына жазылып қойған».

– Тынышталындар, кәне! Енді былай болсын, бала-лар, ертең жиналып емтихан тапсыратынымыз бар, тапсырмайтынымыз бар, бәріміз киноға барсақ деген ұсыныс болып тұр! – деді Қаным Нұрмамбетовна, класқа жайдары жүзбен күлімдей қарап.

– Барамыз! Барамыз! Ура!

– Дабырламандар! Тыныш! Тыныш! Онда, Көшенов, балалардың әрқайсысынан отыз тыыннан ақша жинап алуды саған тапсырамын. Ертең таңертең сағат 11-де осында кездесеміз.

Айғатбек Көшеновтың белсенді бола бастағанының алды осы деп білеміз. Ертең ол бізді киноға бастап апаратын болды. Өткендері айткан сөздері үшін жек көріп



кестікенмін. Одан расында ондай мінез күтпегенмін. Соңымнан жүріп аңдығанына, әсіресе қатты ызalandым. Сондағы телефонмен сөйлескелі бері ол да маған сыртын бере бастаған.

Қуат екеуіміз класс есігінің алдында тұрып, Лауранны тостық. Ол Көшеноңке отыз тындарын өткізіп жатқандардың арасында қалды ма, әйтеуір, әлденеге кідіріп жатты.

– Оны несіне тосамыз. Кеттік, мекенжайын сұрап алып, тартып кетпейміз бе? Ертең кездесеміз, сонда айтамыз ісіміздің мән-жайын, – деді Қуат.

– Мен ертең келмеймін. Көшеноңсыз-ақ, басқа уақытта киноға баруға болатын шығар!..

Қуат менің сөзіме оншалықты пайым беріп жатпады. «Жүр, жүрлей» берді. Лауранның кластан шыға алмай қалғанына менің жыным келіп кетті.

– Кетсек, кеттік, жүр! – дедім Қуатқа.

Қуаттың сылтауынсыз-ақ хатшы қызы сейфтен бір папканы суырып алды да, ұзыннан-ұзақ тізімнің бір тұсынан Дәрмен атайдың фамилиясын тауып алып, тұратын мекенжайын айтып берді. Бұл не үшін керек дегенді ол я сұрағысы келмеді, я есіне де келмеген болар. Мен ойлап келген сылтауымызды Қуаттың айтпағанына қуандым.

* * *

Дәрмен атайдың ауырып жатқанын естігенімде, мені әлдекалай үрей билеп ала жөнелген. Шынымен-ақ бұл жолы да тағы үлгермей қаламыз ба деп ойладым. Қазір, міне, асығып келе жатқан себебіміз сол. Қуат мұны айтпағанымен, іштей сезінетін, білетін сияқты. Үлгермей қалу – орны толmas өкініш болар еді.

Автобустан тұсіп, трамвайға отырдық, содан соң бір аялдама жер жаяу жүріп барып, тағы автобус күттік.



Сейтіп жүріп, шеткі көшелердің біріндегі Дәрмен атайдың үйіне де жеттік-ау. Қорқынышымыз, қаупіміз бекер-ақ болыпты. Атай үйінде жатып сауыға бастаған кезінде келіппіз. Жолымыз болды деп қуанып едік, өкінішке орай бұнымыз ертелеу екен. Дәрмен атай, біз ойлағандай тылда, Алматыда журменті, соғысқа қатысыпты. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап ең соңғы сәтіне дейін фашистермен соғысқан адам боп шықты.

— Рақмет, балаларым, сол белгісіз сарбаздың атынан рақмет сендерге. Соғыстың не екенін сендер кинодан, кітаптан оқып білсөндер де, ерлікті, ел шетіне келген жауға қеудесін тосқан экелерің мен аталарыңың даңқын, өміrbаянын қастерлеп еске аламыз дегендеріңе рақмет! Анда-санда баяғы контузияның салдарынан жатып қалатын дағдымыз бар сондай. Келген жайларыңды біліп, сауыққаның үстіне сауығып кеттім. Қоңыраушы аталарың бір көтеріліп қалды.

Ойлағанымыздың дәл келмегеніне өкінсек те, Дәрмен атайдың жүргегінен шыққан алғысы еңсемізді биіктетіп, көңілімізді зорайтып жіберді. Осыншама әуреленіп жүрген ісіміздің мәні қандай зор еді! Бұған, сірә, біздер Дәрмен атайдың көзімен қарай алмай да, кереметтей үлкен нәрсе екенін шын мәнісінде сезіне де алмаған екенбіз-ау деп ойладым осы сәт.

Дәрмен атаймен кездесу біздің бұл әрекетімізге бетбұрыс жасағаны анық еді.

* * *

Үйде мені көңілсіз оқиға күтіп түрганын білген жоқпын. Әкем кешкі шай үстінде апама мақтанышты үнмен:

— Біздің Әбіл мен Гүлге Ыстықкөл жағасындағы пионер лагерінен орын алатын болдым, — деді. — Құнге



күйіп, сұға түсіп, шымырланып келсін. Өздері тым бозан, тұрларерін көрмеймісін?!

Гүлге бұл қуаныш. Алақандарын шапалақтап, орнынан атып тұрды.

– Қашаннан бастап? – деп сұрады апам.

– Келесі аптаның басынан. Өзім апарып салармын, сірә. Ұйымдастырып жібереміз, машина бөлеміз дегенді айтып жатыр профкомдағылар. Тағы да, қайтті еken, аман-есен жетті ме еken, қалай орналасты еken деп уайым жеп отырамыз ба, сол?! Ау, сен неге томсыраясың, тіпті жылағысы келіп отырған адам сияқты ғой өзі? – деді әкем, енді маған қарай жүзін бұрып.– Куанады ма десем. Кез келгеннің қолына тиіп жатқан жоқ бұл орын. Соны білмейді ғой бұлар.

– Иә, папа, солай! Осы Әбіл қызық осы, кез келгеннің қолына тимейтінін қалай білмейді, – дейді Гүл, осы араға сынапша қыстырыла кетіп.

– Гүл!..

Апам оған қабағын шытады. Сөзге араласпа, саған қалған ештеме жоқ, тәк отыр деген белгі бұл.

– Менің барғым келмейді лагерге. Каникулда біздер... біздер болғанда Қуат, сосын... Қуанбаева деген отряд кенесінің бастығы үшеуіміз...

Әкем әдеттегі сабырсыздығына басады.

– Үшеуінізді мектепке алып қалып отыр ма? Жүрттан бөліп? – дейді ол ызылды мыскылмен.

– Жарас-ая, не болған саған. Баланың сөзін де тындағ білу керек емес пе?! – деп, сөзге араласады апам.– Осы балаға алабөтен біртүрлі қарайсың, туған әкесі емес сияқтысың.

Әкемнің тас-талқаны шығуы үшін осы сөздің өзі-ақ артылып жетіп жатыр еді. Бұл жолы бірақ қолын әшейін, бей-жайғана сілтей салды.



— Қойши осы, жарқынным. Бұларды есірттеп осы жөнсіз қорғаштауың сенің. Әлден-ақ, отырысы мынау сазарып, ертең көресінді өзіне көрсетер, сонда білерсің. Бармаса, маған десе жүрсін осында ала жаздай көшениң жүлгі болып...

Әкем газетін алып, креслоға жайғасуға кетті.

Апам біразырақ үндемей отырды да, менен мәнжайды сұрады. Айттып бердім.

— Балам-ау, оған уақыт жетеді ғой. Мектепте әлі үш жыл оқисын. Жыл бойына окудан миыңнын азғаны аз болып па, әкеңнің ойлағаны сендердің қамың...

— Мен не деппін? Бармаймын дегенім, әлгіндей уәдеміз болғасын. Уәдеде тұрмасам, онда мен туралы не ойлайды. Сөзде тұрмау – опасыздық қой, апа.

— Кім білген, солай болса, солай-ақ шығар. Бірақ, әкене дұрыстап түсіндірсөн болмайтын ба еді, балам-ау. Жарайды, қабағың салбырамасын. Өзім айтам, түсінеді ғой әкең. Баласының сезінде тұрмайтын жаман адам болғанын кім қалайды дейсін?

Ыстықкөлге баруды мен де жек көреді дейсің бе? Алақайлап-ақ кетер едім-ау. Әрі-беріден соң Куатқа да қарамас едім, Лаура бар ғой... Менің сезге тұрмауым, өзім бастаған істі тастай салып, қашып кетуім – дәйексіздік, тұрақсыздық, осалдық, тағы немене еді, әйтеуір, осы сияқты кері қасиеттерге лайықты екендігімді ғана дәлелдер еді. Бармаймын, басқаша шешімнің болуы мүмкін емес!

Апам әлгі жайт турасында әнгімелескен болуы керек, әкем маған:

— Әбіл, кейін бар ғой, анау-мынау деп қиқандап жүрме маған! Өткізіп жіберем орнынды. Бірақ, өзіңнің бармағаныңмен қоймай, жүрттың балаларын лагерьге



жібермеуге азғырганың, менімше, дұрыс емес! – деді са-бырлы ғана үнмен.

– Азғыру емес, уәдеміз ғой! – деймін мен.

– Уәдеде тұруға үйренгенің жаман болмас бір есеп-тен. Бірақ, ертеңгі күні өмірден басқаша сабак ала бастағаныңда да осы үйренгеніңнен жаңылып кетпесең болды ғой!..

Әкемнің сөзіне, шынымды айтсам, толық түсінбедім. Басқаша сабағы несі, жаңылу-жаңылмауы несі?..

* * *

Лаура, дегенмен де, күнделік иесінің тағдырын анықтау жұмысын әскери комиссариаттан іздейміз дегенінен қайтпады. Оған күнделікті әкеп бердім. Екі күннен кейін Лаура әкесінің әскери комиссариатқа ба-рып, орталық әскери архивке іздеу жібергенін маған телефон арқылы хабарлады.

– Енді күтеміз, – деді ол.

– Қанша күтер еkenбіз? – деймін мен.

– Мүмкін ұзақ, мүмкін тіпті аз-ақ уақытта хабар келіп қалар, – дейді әкем.

– Егер шынымен ол Молдабаев болып шықса, бір ха-барын алатынымыз сөзсіз, – деймін мен.

– Саған Куат келіп тұра ма? – деп сұрады Лаура.

– Куатты үш күннен бері көргенім жоқ. Телефон да соқпады.

Қызық еken?!

– Зытып отырған болар Куатың?! – дедім мен.

– Қайда?..

– Қайда болушы еді, әлгі өзінің айта беретін Тауөзегіне, атасы мен әжесіне болар.



– Эбіл, мен оны шынында да алдыңғы күні автовокзалдан көрдім. Байқамаған адам сияқты болды. Қасында папасы болуы керек, бір кісі бар. Біздер Нұрбекті, апам екеуін, тәтемнің ауылына шығарып салуға барғанбыз.

– Әбден мүмкін. Байқамағансығаны – зытқаны дей бер оның...

– Сен қазір не істеп отырсың, Лаура?!

– Мен бе, мен әкеме кешкі тамақ дайындал қойып, күтіп отырмын. – Мен телевизордан әбден мезі болдым...

– Қазір Ыстықкөлдің суында балық болып жүрер едім деп армандал отырсың гой, ә. Ал мен тәтемнің аулында жүрген болар едім... Нұрбек екеуіміздің құлыншағымыз бар онда. Аты – Жұлдыз. Маңдайында жүлдіздай ғана ақ нокат бар болатын. Өзі сондай сүйкімді құлыншақ. Әбіл, сен құлыншақты жақсы көресің бе?

– Шынымды айтсам, тірі құлыншақты хайуанаттар паркінен ғана көргенмін. Онда да Прежевальский жылқысының құлыны гой, тым құттай бірдеме... Сен де көрген боларсың?

– Ой, біздің Жұлдыз ондай тым құйттай еме-е-е-с! Үл кәдуілгі қымызын ішетін үлкен аттың құлыны.

– Менің білуімше, аттың құлыны болмайды! – деймін де, күліп жібермеуге тырысып, аузымды басамын.

Телефон трубкасынан есік қоңырауының «бим-бомы» естіледі. Лаура асығыс:

– Эбіл, әкем келді ғой деймін. Әзірше – привет! Есікті ашуға кеттім, – деді де, телефон трубкасын қоя салды. Қыска-қыска зыңыл естіледі.

– Жарайды, привет! – дедім телефонға қарап тұрып. Айна-қатесіз, солай болыпты, Куат атасы мен әжесінің аулынан бір-ақ шығыпты.

Менің атыма хат жолдал жіберіпті.



«Әбіл! Сәлемет пе! Мені жоғалтып алғандарынды біліп жатырмын. Әжем ауырып қалыпты. Бәрімізді шақыртыпты. Жағдай солай болды, дұрыс түсінүлерінді сұраймын. Әкем мен апам мені осында тастап кетті. Біразырақ, бола тұрармын, сірә. Әжем тәуір болып кеткенше, үй шаруасына қолғабыс жасайтын адам керек қой. Оның үстіне, Әбіл, қалада бәрібір бостан-бос жүремін гой. Саған мынадай ұсыныс айтқым келеді. Тауөзекке келіп қайтсайшы. Бір аптаға сұран үй ішінен. Мұнда – тамаша. Өзен бар – Тауөзек. Рас, суы салқындау, бірақ ештеңе емес, үйреніп алғасын, түсе бересің. Тауға шығамыз. Табиғаттың нағыз әсем құшағында рақаттанамыз. Жарай ма, кел, тым болмаса сенбі, жексенбі күні әкеңмен бірге кел, өзінді жібермесе. Ал, Лаура бастығымызға бізден сәлем айттарсың және жағдайды дұрыс түсіндірерсің оған.

Сәлеммен Куат. Тауөзек».

Бос сенделістен жабығып, жалыға бастаған маған Куаттың хаты қатты әсер етті. Міне, рақатты көріп жатқан азаматтың. Әжесінің ауырғаны рас, қындау екен, оны әбден түсінуге болады. Менің жүрісім әшейін, каникул деген аты ғана. Кинотеатрға бара беруден де жалығады екенсің әрі-беріден соң. Цирк дегенге әбден тойдым. Бірінен-бірі аумайтын сол баяғы акробаттар, клоундар... Саябағымыз Нұкен ағайдың иелігіне көшкен, бір-екі рет барып қайтқым келіп, оқталып-оқталып қана қойдым. Атам жоқ болғасын саябаққа баруға көңілім соқлады.

Өткен жүмада мен, әкем, апам – ушеуіміз атамның басына барып қайттық. Темір шарбактың ішінде, бір төбешіктің астында атамның жатқанына сенгім келмейді. Әкем мықты ескерткіш орнатамыз, сол төңіректегінің бірінен де кем түспейтін болады дейді. Неге екенін білмеймін, тастан керемет, мықты, берік ескерткіш



орнатқаннан соң, атам ұмытыла бастайтын сиякты көрінеді де тұрады.

Тіршіліктің бір күндерінде ғұмыр кешкен жандардың артында тек оның ескерткіші туралы ғана сөз қалуына қарсымын. «Керемет, мықты, берік, мәрмәр, кем түспейді» деген сөздер сондықтан да менің өн-бойымды сүйкі дірілмен түршіктіргендей болады.

Қаладағы күндерім осылай өтіп жатыр сонымен. Маған қарағанда, Лаураның тірлігінде де артықшылықтар бар. Ол, біріншіден, үйге қарайды, әкесіне тамақ дайындейді. Ал сенбі, демалыс күндері екеуі қала сыртындағы жасанды көлге шомылып, күнге қыздырынып қайтады. Өткен жолы Лаура мені де өздерімен бірге баруға шақырган. Сылтау айтып, бармай қалдым. Өзі болса, бір жөн. Қасында әкесі бар, қалай баарсың.

Әкем қала сыртында қандай-қандай көлшіктердің бар екенін де білмейтін болар әуелі. Барайықшы десен, көп сыртауының бірін айта қояды. Сылтауы жоқ бол қалса: «Сол лай тоғанға батпақтап жатқаннан не мәніс шығады», -дей салады. Ал, апамның қызметі екібастан белгілі – жедел жәрдем. Кейде сенбі, жексенбі күніне, не түніце қарамайды. Ол екеуінің осы қаладағы тіршілік қамынан емін-еркін босайтын мезгілі – кезекті демалыстары. Қебіне екеуі бірге демалады. Қырым, Кавказ кетеді. Атам барда үйге, бізге бола уайымдары жоқ, алаңсыз жүре беруші еді. Енді, сірә, кезектесіп демалатын шығар.

Әй, Жыпылығым-ай (Куатты айтамын), осы хатты жазып отырғанда көздерін жыпылықтап отырды гой, ә?! «Әбіл маған бір кіжініп қояр» деп те ойлаған боларсың. Кіжініп нем бар, дұрыс істегенсің. Мұнда жүре берсең, шыны керек, ештеме бітірмес ең. Ал, Тауөзекке бару идеясы маған ұнап отыр. Бірақ, ашық аузыым-ау, кон-



верттің сыртына адам құсап қайда тұрып жатқаныңды да жазбағансын, барған күнде сені Тауөзектің қай жық-пышынан табамын? Атаңның аты кім, оны да айтпағансын. «Куаттың атасының үйі қайда?» дег сұраймын ба жүрттан. Сен, өкінішке орай, сондайлық әлі танымал дәрежеге жетпеген адамсын. Жарайды, Жыпылық, дос-тық көніліңе ракмет! Тау-өзегіңнің қызығын өзін-ақ көре берерсін...

...Ой-қиялымды есіктің конырауы үзіп кетті. Орныман атып тұрдым. Кресло шайқалып кетті.

– Айғатбек!..

– Сәлем, Әбіл! Күтпедің гой, білемін. Шығып кетесің бе?..

– Кірсөнші, үйде ешкім жоқ.

Қатқан джинси шалбар киіп алышты. Алқызыл түсті әдемі футболкасының кеуде тұсында сұңғыла, әдемі аттың басы бейнеленген. Аздап тотықкан сияқты ма, қоңырқай жүзі одан сайын қарада түскен.

Өзіне сонша антарыла қарағаным Айғатбекті кәдімгідей абыржытып жіберді. Қолдарын ебедейсіздендіріп, шалбарының қалтасына бір салып, бір алды. Футболкасын сипалап қойды. Шынашағымен мұрнының үшін түртіп жіберді. Сосын телевизор жаққа иегін көтеріп:

– Қазір «Орбитадан» тұндегі фильмді қайталап жатыр гой, – деді.

– Қандай фильм, көрген жокпын, – дедім. – Керемет пе?

– Былай, жаман емес, мустангтарды үйретушілер туралы.

– Ә, әлгі жабайы боп кеткен аттарды ма? Бұрын көргенмін.

– Жоқ, бұл фильм телевизордан бірінші рет көрсетіліп отыр, – дейді Айғатбек айтыса кетуге даяр мінезіне басып.



– Элде оқыдым ба екен?! – дей салдым, бұл тақырып-қа байланысты сөзді өршіткім келмей.

Айғатбек аздаған үнсіздіктен соң тамағын кенеп алды да:

– Әбіл, ұмытқан жоқсын ба, ана жолы саған ат спорты секциясына жазылғымыз келген деген едім ғой... – деді.

– Айтқансың, – дедім көңілсіздеу, сұлықтау, телефон арқылы болған сол күнгі әңгімені есіме түсіріп.

Ол сәл мұдірінкіреп барып:

– Саған жазылайық деп айтуга келдім, – деді, менің жүзімі жалтақтай қарап. – Нағашы ағамның жолдасы сонда, ипподромда, жаттықтыруши боп істейді...

Ат спорты, әрине, керемет, өзіндік романтикасы бар спорт. Оған кәдуілгі жылқының тірі құлышағын көрмеген мен сияқтылар да қызыға алады. Бірақ, спортшы болу үшін қызығып қою аз, батылдығың мен шымырлығың керек шығар алдымен. Осы ойымды оқып отырған адамдай Айғатбек:

– Атқа міне сап, шаба жөнелмейміз ғой бірден! Үйретеді. Өуелі қалай отыру керек, қалай жығылу керек – бәрін аздал-аздап қана...

– Қалайша?! Жығылуды да үйрететіні қызық, екен... Ат спортының ерекшілігі де сонда, – дейді Айғатбек.
– Жығыла білу де керек, әйтпесе, мертігіп қалуың түк емес.

– А, мертігіп қалмас үшін ғана ма?! Әйтпесе мен, жығылып, ұшып тұсу де – ат спортында ұпайға есептелінетін шығар десем...

Жоп-жорта анқаусып, кекесіндеғенімді Айғатбек аңғармаған болды.

– Мертігіп қалмасаң болды, ұпай ешқайда қашпайды, келесі жолы аласың. Әңгіме ұпайды емес, спорттың қызығында, – дейді ол қызбаланып.

– Ұпайсыз спорттың болмайтыны да ақиқат!



- Келісемін сенімен, – деді ол.– Ал сен келісесің бе?
- Немен келісемін?
- Секцияға баруға ше?..
- Ойланып көруге болады, – дедім қызығып-ак тұрсаң да, бірден елпен ете түспей, маңғазсып. – Жүзуге қатысып жүрмін гой, үшінші разряд берген...
- Жарайды, олай болса өзің білесің. Қатысқысы келетіндер толып жатыр. Біздің ауланың өзінен бір команда шығады. Бірақ, нағашы ағамның танысы екі баладан артық керек емес деген...

Айғатбек кетуге ынғайланып, есікке қарай беттеді. Қабағынан ренжіп бара жатқанын байқау қын емес.

Кенеттен тез өзгердім.

- Айғат, тоқта. Барамын! – дедім жұлып алғандай.
- Келістік, мә, «бесті» ұста!
- Келістік! – деді Айғатбек жымып. – Мә, «бес»! Айғатбекке деген ішкі қыжылымның қалайша үштікүйлі буға айналғандай, із-түзсіз жоғалғанына таңмын. «Айтпақшы, екі бала болса, Сауран досын неге қалдырып кетті екен» деп ойладым кейіннен, Абзалында Айғатбек онымен шын дос емес шығар деген тұжырымға келемін. Екеуді екі басқа адам. Сауран – сабаққа ойы мұқалып қалған, қылжаққа тілі біздей, ұшқалақ. Айғатбек – батыл ұшқалақ, мұнысын керек десе сөзімен де, ісімен де дәлелдей алар еді. Сауран – батылсыз, корқақтау ұшқалақ. Мұндай қарама-қарсы қасиеттердің кенеттен бір-бірімен дос болып, жымдаса алатынына күмәнім бар. Сонда Айғатбектің дос санайтын адамы кім?.. Енді онымен өзімді салыстыра бастаймын. Ұқсайтын да, ұқсамайтын да сияқтымыз. Ұқсамайтын жақтарымыз екеуімізді алшақтатып тұрады. Ал, бүгінгідей бір-бірімізді іштей кешірісіп, татуласуымыз ұқсастықтарымызды дәлелдегендей...



* * *

Ат спорты секциясына қатынасқандығым жайлы хабарым әкем мен апама екі түрлі әсер етті. Әкем қуана құптады.

— Спорттың қай түрі де қауіпсіз емес. Спортшының шеберлігі – қауіптен қорықпауында. Қорқақтан спортшы шықпайды деуші ме еді әлгі айтылатын бір әнде. Дұрыс, суға түсіп сорыққаныңнан бұл әлдеқайда жақсы. Тек қабылдаса де сені, кепкен шабактай түрің мынау.

Апамның құптамағаны былай тұрсын, зор уайым айтты.

— Өмірі ат жалына қолы тимеген бала, мертігіп қалады, жазым болады деп тіпті ойламайды екенсін. Хайуанның аты хайуан, қанша үйретілген болса да, тапап, таптап кете барап. Травматологияға сондайлардың талайын салғанбыз... Қолдамайтын жерде қолдайсың баланы...

Мен апама Айғатбектің сөзін қайталаймын.

— Аз-аzdan үйретсе де, бәрібір қауіпті. Жүзуінді тастамайсың. Ең пайдалысы сол! — деп кесіп таstadtы ол.

Екі жақ тартысқа тұсті. Апам – жалғыз, біз – екеуіміз. Ақырында кеп дауыс алып, біз женіске жеттік. Осы арада Гүлдің қазір қасында жоқтығын апам қатты сезінген болуы керек. Бірақ, ол бәрібір өзінің көзқарасынан айнаған жоқ. Ертеңнен бастап оның түсінігінше мен ат спорты секциясына емес, мертігіп, жазым болу секциясына баратын болдым.

* * *

Айғатбек екеуіміз ипподромнан шықпай қойдық. Жаттығуымыз аптасына екі-ак рет. Әзірге жүгіру, секіру, отырып-тұру, жұмсақ тәсеништің үстінде тоңқалан асып, тұрып кету сияқты қимыл-қозғалыстарды жасау-



дан аспаймыз. Ал, одан былайғы кездері ат құтушілерге көмектесеміз, қораның, манеждің маңында жүрреміз. Яғни, атқа бойымызды үйретеміз. Бірінші рет тірі құлыншақты көзіммен көрдім. Актанау деген бір жуас бие көктемде осы ипподромның ат қорасында құлындалты. Кішкентай ғана сұр құлын, өзі ойнақы-ақ. Енесінің бауырын тұртіп-тұртіп кетеді де, шарбакты айнала шапқылайды кеп. Құлдырық-құлдырық кісінегені қандай сүйкімді. Айғатбек екеуіміз ат қойып алдық өзіне. Анаумынау емес, «Тайбурыл» деп атаймыз.

Каникулдың өзгеше бір қызық күндері басталған болатын мен үшін.

Көп болды, Лаурамен де хабарласпай кеттім. Айғатбекке үшеуіміздің күнделікке байланысты істеп жатқан әрекетіміз жайлы ештеме айтқан жоқпын. Екеуіміздің арамызда күнделік туралы да, отрядымыздың «Ерлік даңқы» операциясы жөнінде ешбір әңгіме болған жоқ. Айғатбек каникул кезінде соның бәрін еске түсіріп керегі не деп ойлайтын болар. Ипподромды төңіртектегеннен бері мен де бұл жайларды көп ойыма алмауға тырыстым. Әр істің өз кезегі бар деген қағидатты ұстанып қойған да дұрыс кей-кейде.

Күнұзағына үй көрмей жүргенім үй-ішіндегілерге ұнамады, наразылық туғызды.

– Бұлай жалғаса беретін болса, аяғынды аттап баспайсың ол жаққа. Онан да бір мезгіл ана таудағы бақтан варенье қайнататын құлпынай, шие жинап әкелсең қайтеді?! – деп кейіді апам.

Кінәмді мойныма аламын. Сол бойда Айғатбек үйінің телефон номерін теремін де, оған ертең ипподромға бара алмайтынымды айттым. Оны өзіммен бірге тауға баруға шақырып едім, сылтау тапты. Ертең мектеп бітірушілер



кешіне қатысатын тәтесіне қабырға газетін шығаруға көмектесемін деді. Сосын ойдағыдай көмектесе алса, тәтесімен бірге кешке бармақшы ойы да бар екен. Көңілің соқса, ертең барайық деп, мені азғыра бастады. Билейміз дейді. Оныны қластықтардың мектебімен қалай қоштасқанын көреміз дейді.

– Біздерді жібере ме онда? – деймін.

– Жібереді. Басқа мектеп қой, біздерді білмейді, арапасып кетеміз.

Айғатбекке жолап кетсөң, көңілсіз болмайсын. Ойлап тапқанын қара, мектеп бітіруші қыздармен билеп қалмақшы.

Мен оған уәде бермедім... Көрерміз дедім.

* * *

Нүкен ағай саябақта жалғыз екен. Нотаға үңіліп, скрипкасын ойнап, концертке дайындалып отыр. Скрипканы ойнағаны қызық, ернін жымқырып, беті жыбырлап, көзін жұма береді. Келген шаруама бөгелмestен кіріспін кеттім. Дүниеде құлпынай жинаудан қиямет жұмысты көрген жоқпын. Түйірлеп үзіп отырғаның, оның үстіне әбден пісіп, ылжырап тұрған немелер, әбден зықым шықты. Скрипканың ызыны да миыма тиіп, үй жаққа көзімді алартып, тісімді басып қоямын. Бір күтінің әрең толтырдым да, қоленкек-күркеге барып отыра кеттім. Шырмауыктардың жапырақтарын сыйдырлатып, мап-майда самал күркे ішіне әлсіз ғана кеуlep тұр... Білегіммен маңдайымдағы терді сүйкеп жіберіп, рахаттана шалқаямын. Қоленкек-күркенің төбесіне қарлығаш ұя салыпты биыл. Қанаттары суылдап ана қарлығаш қоленкек-күркеге бір кіреді, бір шығады. Ата-қарлығаш болуы керек, екіншісі сыртында ойқастап, ішке кірмейді.

Үядан деміл-деміл шиқыл естіліп, ашқарақ балапандар сарыауыз тұмсықтарын арандай ашып, қызыл шақа жалаңаш мойындарын созып-созып қояды. Мен көзімді жұмамын. Ана-карлығаш ұясына, балапанына залалым жоқ, дүшпан адам емес екеніме көзі жеткендей, серігімен қанаттасып алысырақ ұзап, жем іздеуге ұшып кетеді.

Шиені қоғадан тоқылған себетіме тез толтырдым. Ағашты сілкілеп-сілкілеп жіберіп едім, аткөпір төгіліп қалды.

Кешке үйге аяғымды сүйретіп зорға жеттім.

Ваннаға кіріп, душтың астында тұрып шыққаннан кейін жан шақырдым. Апам үйде екен, әкем бір үйге қонаққа кетіпті. Мен үйде жоқ болғасын, екеуі бірдей кете алмапты. Оған бола өкініп отырған апам да жоқ, шаршадым, қайта бармағаным жақсы болды дейді. Екеуіміз отырып шай іштік. Гүлдің келуіне он күн қалғанын есептеп қойдық. Апам сонан соң:

– Ұмытып барады екем ғой, саған Лаура деген кластасың телефон соқты,— деді.

– Не деді? Ештеңе айтпады ма?

– Сені сұрады. Саяжайға кеткенінді айттым. Папасына Мәскеуден бе, бір жерден хат келгені туралы айта түсті де, Әбілдің өзі хабарлассын деді...

Шай толы кесемді қолыма ала беріп, қоя салдым.

– Шын ба, рас па, апа?!

Басқадай сөз ауызыма түспеді. Телефонға қарай жүгірдім.

– Не болды, эй, саған сонша? – деген апамның сөзіне құлақ аспаймын. Асығыс-қапылыс Лаураның телефон номерін тере бастадым. «Зың-зың-зың-зың...», Қап, эттеген-ай, бос емес. Қайта теремін, тағы да сол қыскакысқа зыңыл.



- Апа, мен кеттім. Қазір келемін.
- Қайда кеттің, тоқтасайшы, айтып кет!..
- Лаурага. Тез келем!

Оқтай атылып, қөшеге шықтым. Жүргім бұлқынып, көңілім алақайлайды. Қандай хабар, көңіл-күйді тыншыттын, тыншытпайтын ба, біліп, сезіп жатпай-ақ бұлайша неліктен алабұртқаным өзіме де мәлім емес қазір.

Есікті Лаураның әкесі ашты.

– Ә-ә, сәлемет, сәлемет! Кел, төрлет! Лаура көршідегі дос қызының үйіне кеткен. Олар тіпті сол үйдің балконында отыр ғой деймін, шақыра қояйын қазір-ақ, – деп, балконға шығып кетті.

– Лаура-а! Саған қонақ келді. Түсे ғой, тез,— деп айқайлады әкесі көрші балкон жаққа қарап.

Лаура көп күттірген жоқ. Сол екі арада әкесі маған қарап:

– Иә, сонымен, ісіміз әзірше, сәттілеу болмай түр ғой, шамасы, – деді.

– Сонда қалайша?..

– Қазір, міне, Лаура да келді, әңгімелесеміз,— деді әкесі менің сөзімді бөліп жіберіп.

Хат Мәскеуден, Орталық әскери архивтен келіпті. Өкінішке орай, Молдабаев Тұрал деген есімді олар анықтай алмапты. Архивте ондай офицердің атына жазылған бір де бір жеке құжат жоқ болып шыққан.

«2-ші Украина майданында соғысқан, Днепр үшін шабуылға қатысып, қаза тапқандардың арасында ұлты қазақ, Данқ орденімен наградталған (қаза тапқаннан соң) кіші лейтенант Молдатаев Тұрап деген есім бар, мүмкін мектептің қызыл ішілдері бір-екі әріптен қателесіп кеткен болар» деп жазыпты архив анықтамасының соңында.

Молдабаев Тұрал – Молдатаев Тұрап, бар-жоғы екі әріпке қателесуімізден қаншама әңгіме-дабыра туды. Екі әріп – екі түрлі адам, екі түрлі тағдыр. Атамның ша-

Балданында жатып қалған, кездейсоқ бір табыла кеткен күнделікті бір кезде мектебіміздің жетінші класында оқыған Молдабаевтікі деп өте батыл, өте кесімді ойлауыма мені не итермеледі еken десейші сонда.

– Мүмкін, кластастарыңның фамилиясы Молдабаев смес, Молдатаев шығар, ә? – деді Лаураның әкесі:

– Жоқ, мен табельді өз көзіммен көргенмін, фамилиясы – Молдабаев, аты – Тұрал.

– Мен де көрген едім, иә, сондай болатын. Және апаптық жазылған.

– Онда сендер бұл күнделікті жазған адамның кіші лейтенант Молдатаев Тұрап екенін ғана анықтадындар. Ал, Молдабаев?! Молдабаев та мүмкін елінің бір азаматындей өз парызын ақтап, соғыста елін қорғаған болар. Тірі де шығар қазір. Сендерге керегі сол адам еді ғой, ә! Амал қаша, енді тағы да іздендер, іздең көріндер. Табарсындар.

Лаураның әкесі екеуімізге жұбанышты сөздер айтып отырды. Өрекпіген көніл тез басылды, үйге келіп төсеккө қисайған соң да үйқысыз ой кешіп ұзак жаттым.

Дәрмен атайдың сондағы айтқан сөздерін есіме алдым. Ең бастысы от-жалынға шарпылып, жалындаған тағдырдың нақты иесі кім, сол анықталды. Ерлікке, даңқа арнаған мүйісімізге есімі жазылуы үшін, біздің мектепте, біздің класымызда оқыған адам болуы ғана міндетті ме еken?! Мұнымыз ұжымдық әгоизмеге, сыңаржақтыққа үқсал кетпес пе еken?! Жоқ, бұл күнделіктің ендігі орны жетінші «а»-ның «Ерлік даңқы» мүйісі болуға тиісті. Ертең Лаурага да, Айғатбекке де осы шешімімді айтамын.

Көше бойымен зымырап бара жатқан жедел жәрдем мәшинесі сиренасының мазалаң, созбалан ашы үні түнгі тыныштықтың құтын қашырып жібереді. Апамның



бүгін үйде екені есіме түседі де, көнілім жайланып, тәтті үйқының құшағына алансыз ене беремін.

* * *

Күнделік иесінің Молдатаев Тұрап болып шыққаны Қуаттың қабырғасын менікінен де бетер қайыстырды.

Тауөзекте өткізген күндері туралы оның енді ештеме де айтқысы келмей қалды. Күнделік жайлыш бірден сұрауды ұмытып, жаңа ғана ауыл қызығын аздап қиялына ерік беріп айта бастаған болатын. Мен үндемедім де, басымды изеп, оны қоштамадым да, тыңдамадым. Менің Тауөзек әңгімесіне оншалықты құмартып отырмағанымды ол кеңеттен анғарып, тосылып қалды. Дағдысынша көздерін жыпылық-жыпылық еткізіп, азғантай уақыт үндемей отырды.

Қуатқа абзалы ойлы кейіп жараспайды. Ойлы адамның кейпіне – маңғаздық, көз жанарына – сабырлы тоқтам белгісі тән емес пе! Ал, бұның әбден тотығып, қоңырайып кеткен құшық әрі тым балаң беті мен дамылсыз жыпылық атқан көздері ішкі ой-толғанысын сыртқа әлгіндей жарасынмен бере алмайды. Сейткенмен де үнсіздік – Қуаттың ойланғандағысы. Ойын бұзып, оған қунделік жайындағы жаңалығымызды айттым.

– Қалайша?! Тіпті мүмкін емес. Қателескен ондағылар, архивтегілер...

Қуат креслодан көтеріле беріп, қайтадан отыра кетті.

– Архивтегілер қателеспейді, Жыпылық, біліп қой мұны! Таппаған десен, жөн басқа.

– Дұрыс айтасың, таппаған. Таппаған, оллаң! Эйтпесе, Молдабаев бір басқа, Молдатаев бір басқа фамилия емес пе, а?!

– «Таппаған, таппаған!», Айтасың-ау, сен де! Егер Молдабаев деген офицердің құжаты архивте жоқ бол-

са, қайдан табады? Және күнделікті жазған Молдабаев сценіне сенің көзің толық жетіп тұр ма?!

– Ал, сенің де көзің жетіп еді ғой бір кезде, Әбіл?!
Сонда қалай?..

– Енді бұл күнделіктің иесі Молдатаев Тұрап екеніне көзім жетті. Лаураның да көзі жетті. Айғатбекке де айттық, оның да көзі жетті.

– Оның, Айғаттың, көзі әуелден-ақ жеткен еді ғой. Бану екеулерінің күмәнданғаны расқа шықты ғой, ақыры...

Қуатқа бұл жаңалық қуаныш экелмеді. Ол өзі тапқан Молдабаев Тұрал атты фамилия мен есімнен тағы да адасып қалды. Біз бәріміз де адасып қалдық. Бірақ, ең бастысы қаһарлы жылдарда жазылған күнделіктің шын иесінің кім екенін анықтадық қой. Мен Дәрмен атайдың скеуімізге айтқандарын Қуаттың есіне түсіремін. Ең, ең бастысы, ең, ең маныздысы сол – біздер Адамның Атын анықтадық. Күнделікті – қаһарлы жылдардың қасиетті де қастерлі белгісі ретінде Даңқ мүйісіне қоямыз. Жетінші «а»-да Даңқ мүйісі болады, жетінші «а»-ға даңқ мүйісі керек!..

Қуаттың тұнжыраған кейпіне көңілділік реңі еніп, құлімдеп сала берді.

– Керемет! Дұрыс! Даңқ мүйісі бәрібір болады екен ғой. Мұны да ойлап тапқан сен бе, Әбіл?

– Бәріміз – Лаура, Айғатбек, мен... сосын, міне, сен!

– Мен де ме?!

– Иә, иә, сен де ойлап табушылар тобындастың!..
Бұлтарып кетуге қакың жок!

– Құп! Бұлтарып кетпеймін!

Екеуіміз қосыла қүлеміз.

Балконның есігі ашық тұрган, Айғатбектің ысқырығы, дауыстап шақырғаны естіледі.



- «Петрарка», Әблі!
- Айғатбек қой мынау, қайдан жүр өзі?!
- Қуат балконға менен бұрын шығып, төмен қарап, қолын бұлғалайды.
- Ей, Атаман, сәлем! Түрін қара өзінің, біржола спортшыға айналған ғой, әй, мынауын.
- Жүр, Қуат, кеттік! – дедім спорттық сөмкемді иығыма іле салып.
- Қайда?
- Ипподромға, бүгін біздерді атқа отырғызатын күн, кешігуге болмайды, біліп қой!..
- Нені біліп қоямын? Қайдағы ат? Неғылған ат?
- Қуат иығын көтеріп, аңтарылып менің соңымнан ере берді...
- Кәдімгі ат ше, кәдімгі қас батырлар мінген жел қанатты тұлпарлар ше, білмейсің бе, соны?! Әй, Қуатым-ай, Қуатым!..
- Қуат менің ойыным қайсы, шыным қайсы, ажыратып болмаған кейіпте. Сөйте тұра өзінің: «Сендер сонда қас батырсындар ма, әй?» – дейтінін қарай гөр өзінің...

* * *

Алғашқы беттерін жаза бастап, тастап кеткен сол баяғы күнделігімді тауып алдым бүгін. «Бұл неғылған күнделік?». Күнделіктің сонғы парагындағы жазғаныма осындаи тақырып қойылғын. Содан бері қаншама оқиға өтті, қаншама мезгіл өтті. Бір емес, бірнеше дәптер толған болар еді-ау. Енжармын, жалқаумын, салақпын, дәйексізбін... Өзіме-өзім сын көзбен қарап, кез келген ісіме, қылышыма, міnezіме іштей баға беріп отыру – сонғы кездердегі менің бойымдағы бір өзгеріс болып табылады. Күнделігімнің бүгінгі бірінші жазбасына «Өзгеріс» атты тақырыпша қоямын.



ӘБІЛ ӘДІЛОВТЫҢ ҮЗІЛП ҚАЛҒАН КҮНДЕЛІГІНІҢ ЖАЛҒАСЫ

Өзгеріс

Ертең – менің туған күнім. «Балаларды, достарыңды шайға шақырып кел, бұтқан үлкен етіп, тәтті етіп самсанан пісіріп қояйын» дейді апам.

Кімдерді шақырса екен деп ойланамын. Айғат, Лаура, Қуат... Сосын Бану... Екі ұл, екі қызы. Жоқ, ұл үшеу екенбіз ғой, өзімді қосуды ұмытып кетіппін. Жұп болу үшін тағы бір қызды шақыру керек... Тоқта, кім бар еді біздің класта?!. Әй, ойланатын не бар, қыздардың бәрі де тәтті самсаны жақсы көреді емес пе осы, біреуін шақыра саламын. Кенет! Кенет ертең өзімнің он бес жасқа келетінім есіме түседі. Қалай ойламаганмын, иә, он бес жасқа келемін ғой. Тәтті самсамен шай ішү ынғайсыздау емес пе екен деп ойланам... Сондықтан, бұл жолы туған күнім тойланбай-ақ қойса қайтеді? Біздер саусақтарымызды жалап, тәтті самса жеп отыратын балақайлар емеспіз ғой. Апама осыны айтсам, «кімсіндер енді?» дейді. Үлкендер осы қызық...



Мәди АЙЫМБЕТОВ

ТАҢДАМАЛЫ ШЫГАРМАЛАРЫ

Бес томдық

IV том

Редакторы *E. Амантаев*

Корректор *Y. Нұрманова*

Компьютерде беттеген *P. Ставер*

Басуға 01.06.18 қол қойылды. Қағазы оғсеттік. Оғсеттік басылым.
Карп түрі «Times New Roman». Пішімі $84 \times 108 \frac{1}{32}$. Баспа табағы 32.
Шартты баспа табағы 27. Таралымы 5 000 + 100 баспа есебінен дана.
Тапсырыс № 355.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009.

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz.

ISBN 978-601-217-634-6



9 786012176346